# TILDERDI OQYTÝ: IZDENIS JÁNE ÁDISTEME

aqparattyq-ádistemelik jýrnal

2020 jyl, 7 jeltoqsan

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»
## ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор м.а.:** М. Жанасова

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:** 3 айда 1 рет

**№4 саны**
**7 желтоқсан, 2020 жыл**

**Таралымы:** 100 дана
**Тапсырыс №4**

**Баспахана атауы:**
**ТОО «DalaPrint»**

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы,
Ереван көшесі, 2.
Тел./факс: + 7 (727) 290-86-47.
E-mail: dalaprint@mail.ru

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы,
Сәңкібай батыр д-лы, 20А
тел./факс: 8 (7132) 41-69-34
E-mail: ortaluktil@mail.ru

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

# МАЗМҰНЫ


*Редактор бағаны*

**1. К.Х. СЕРҒАЗИНА.** Біздің мақсат - тілдерді оқыту....................5

*Тілтаным*

**1. С.Қ. ОМАРОВА. С.М. САПИНА.** Тіл үйренушінің жазбаша сөйлеу дағдысын жетілдіру әдістері....................7

**2. А.К. ТАБЫНБАЕВА.** Уровневая дифференциация как средство повышения. Качества знаний учащихся....................10

**3. Н.А. РЫСМАГАМБЕТОВА.** Мәтіндік құзыреттілік және оның қалыптасуы....................13

**4. А.С. СҮГІРБАЕВА.** «Оқылым» мәтіндер жинағы жарыққа шықты....................14

*Рухани жаңғыру*

**1. Е.Ж. ҚҰРМАНБЕК.** Рухани жаңғыру: ұлттық кодты сақтайық....................16

**2. Н.Ж. ХАСЕНОВ.** Туған жер: биыл Ақтөбеде 377 жоба іске асырылды....................22

**3. А.К. ШАМПИШОВА.** «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл»....................23

*Тіл үйрету әдістемесі*

**1. А.С.КУШКИМБАЕВА, Г. М.АЯПОВА.** «Ғылыми жұмысты қалай жазуға болады?»....................27

**2. Г.Н. ТӨЛЕГЕНОВА.** Менің әуесқойлығым....................31

**3. А.Р. АБЕНОВА.** М. Монтессори әдістемесі бойынша математикалық ұғымдарды қалыптастыру....................33

**4. Г.Б. КАЛИЕВА.** Интеллектуальная игра «Лидер класса-2020»....................34

**5. К. ХУРМЕТБЕК.** Арнайы пәндерді ағылшын тілінде clil, tblt әдістемелері және boppps моделінің интеграциясы негізінде оқыту....................36

*Үздік сабақ*

**1. В.Қ. АКИМОВА.** І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы....................38

**2. S.K. BAIMUKASHEVA.** Our friends....................41

**3. Ж.Т. ДАУЫЛОВА.** Ежелгі дәуір әдебиеті.Түркі тектес халықтарға ортақ мұра. «Күлтегін» жыры...43

**4. Ә.О. ЕСТУРЛИНА.** Зат есім....................45

**5. А.І. ЖАЛҒАС.** М. Әуезов – ғұлама....................47

**6. Ж.Н. ЖАНБЫРБАЕВА.** Африка елдері....................50

**7. S.E. ZHAUBATYROVA.** The theme of intellectual marathon: «Who is quicker?»....................53

**8. Ж.А. ЖИЕНГАЗИНА.** Ұлттық валюта - теңге...54

**9. К.Ж. ЖҰМАҒҰЛОВА.** Ұлттық киімдер....................55

**10. S.B. IBRAYEVA.** Colours....................57

**11. М.З. КАЗИЕВА.** А.С. Пушкин. «Моцарт и Сальери»....................59

**12. С.Х. КАЛИЕВА.** Қазақ тілі сабағында - заманауи технологияларды сабақта тиімді пайдалану............63

**13. С.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.** Сиқырлы саусақтар....................64

**14. Д.С. МАМБЕТОВА.** Сақтар....................65

**15. С.Қ. МЕНДИГАЛИЕВА.** Ғұндар қалай өмір сүрді?....................67

**16. З.О. НУРАДДИНОВА.** Құстарға қамқорлық жасау....................70

**17. З.И. САТЫБАЛДИНА.** Великий Абай, твоё имя вечно!....................71

**18. А.М. ТАСМАГАМБЕТОВ.** Қазақстан аумағын моңғолдардың жаулап алуы....................73

**19. Ж.А. ТРЕНОВА.** З. Шүкіров. «Көл жағасында», Ғ. Мүсірепов. «Көлде»....................76

**20. Л.А. ТУРЕБАЕВА.** Көбейту және бөлу амалдарын орындау кезіндегі 0-дің қасиеті............78

**21. Г.Б. ШЛМАНОВА.** § 55 Что заменяет именные части речи....................81

*Тәрбиеші жазбалары*

**1. Г. У. АБИШЕВА.** Дыбыс деген не?......................83
**2. С.А. АЙМАХОВА.** «Ғажайып түстер»................83
**3. Г.К. АЛХАМОВА.** «Не білдік, не үйрендік?».....85
**4. Н.В. БИКБУЛАТОВА.** «Разноцветная осень»...86
**5. А.С. БЕРИКБАЕВА.** «Жайлауда».......................88
**6. С.С. БОРАНБАЕВА.** «Сиқырлы сандар»............89
**7. А.О. ДАУХАРЕНОВА.**
«Қысқы орманға көмек»...........................................90
**8. Ш.Е. ЕЛЕМАНОВА.** «В гостях кукла лола».....91
**9. Р.Б. ЖАНАБАЕВА.** «Ғажайып математика
елінде».........................................................................92
**10. А.С. ЖАНТЛЕУОВА.**
«Күзгі жапырақтар»...................................................93
**11. С.А. ЖУСУПОВА.** Қыс кереметі.......................94
**12. Н.Т. КАНГОЖИНА.** «Қоянның үйшігі».........96
**13. С.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.** Ертегілер әлемі...97
**14. И. МЕШІТХАНҚЫЗЫ.**
«Бала тілі – бал»........................................................99
**15. Қ.А. НҰРЖАУОВА.** «Көліктер әлемі»............100
**16. М.М. ТАЖБАГАМБЕТОВА.**
«Үй жанурлары».......................................................101

# БІЗДІҢ МАҚСАТ - ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ



**К.Х. СЕРҒАЗИНА**
**Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының**
**Тілдерді оқыту орталығы директоры**

*«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп,*
*ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін.»*
***Қ.К. Тоқаев,***
***Қазақстан Республикасының Президенті***

Облысымыздың ересек тұрғындарына тілдерді оқытуды жүзеге асыратын Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы қосымша білім беру нарығында он үш жыл қызмет етіп келеді. Ақтөбе қаласындағы тілдерді оқытатын көптеген басқа да орталықтардан басты ерекшелігі – мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін тегін оқытуы, облыстың бір кездері өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған 6 ауданында (Хромтау, Алға, Мәртөк, Қарғалы, Қобда, Мұғалжар аудандары) жабдықталған оқыту кабинеттері, жеткілікті оқу - әдістемелік қоры, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралары, өзінің баспа өнімдері, ақпараттық кеңістікті игерудегі ашықтығы.

Орталықтың негізгі міндеті – ҚР Конституциясын, «ҚР тіл туралы» заңын, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудағы 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, қосымша білім беру, яғни мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді үйрету, оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Тілдерді оқыту орталығы оқыту үдерісін Ұлттық стандартқа сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама» (қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі) негізінде 5 деңгей бойынша жүзеге асырып, елдегі төтенше жағдайға байланысты оқу үдерісі Zoom, X-rekorder, Skype, WhatsApp, Teleqram, электронды пошта арқылы онлайн режимінде және қашықтан жүргізеді.

Үстіміздегі жылы оқытумен барлығы **1 466** адам қамтылды, соның ішінде:

- мемлекеттік тіл – **1 216**
- ағылшын тілі – **250**

Тіл үйренушілердің білімі «ҚазТест» жүйесі бойынша бағаланып, көрсеткен деңгейіне сай сертификаттар табысталады.

Тілдерді оқыту орталығының «Til – Aktobe.kz» сайтына Ұлттық стандарттың қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейлері бойынша мемлекеттік және ағылшын тілдерін қашықтан оқыту материалдары енгізілген. Сонымен қатар «Тағылым», «Шежіре», «Қазақ тілі – БАҚ беттерінде», «Біліміңді шыңда!», «Ағылшын тілін өзіңнен баста» рубрикалары мен «Тілтаным» латын графикасын үйрету сабақтары бар. Интернет желісінде орталықтың Вконтакте, инстаграм, фейсбук әлеуметтік,AktobeLatyn парақшаларында үнемі мол ақпарат жарияланып отырады. Орталық сайтының қаралымы – **418 100**, тіркелімі – **106 920** адам.

Латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобасын ақпараттық-насихаттау бағытында **470** іс-шара өткізіліп, **133 400** адам қамтылды.

**Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО-ның ұйымдастыруымен** «Қашықтан оқып, тіл үйрен» республикалық акциясы аясында Республикалық Facebook-те Onlindabol парақшасында Ақтөбе қаласы және 4 аудандық (Қобда, Хромтау, Мәртөк, Мұғалжар) тілдерді оқыту курсының 60 сабағы (53 қазақ тілі, 7 ағылшын тілі сабақтары) тікелей эфирден берілді.

Тілдерді оқыту орталығының педагогикалық ұжымы орталық құрылған сәттен әдістемелік жұмыстарға ерекше назар аударып келеді. Әр жылдары орталық оқытушыларының құрастыруымен тілдерді оқытудың әдістемелік мәселелеріне арналған 70-тен астам өнім жарық көрді.Оның ішінде:

* оқу құралы – 23,
* әдістемелік құрал – 25
* балаларға арналған әдебиет – 18,
* электронды оқу құралы – 6.

# РЕДАКТОР БАҒАНЫ




Ағымдағы жылы орталықтың әдістемелік өнімдер қоржыны бірнеше мәрте жаңа өнімдермен толықты. Атап айтсақ,«English Grammar»ағылшын тілінің бастапқы (А1-А2) деңгейі бойынша **оқу құралы,** «Оқылым» қазақ тілінің 5 деңгейі (А1-С1) бойынша **мәтіндер жинағы,** қазақ тілінің бастапқы А1-А2, орта В1 деңгейі бойынша «Қазақ тілінен электронды орта», ағылшын тілінің бастапқы (А1-А2) деңгейі бойынша «Learning English by yourself» электронды орта, «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы (№1-4 сандары).

Орталық құрылғаннан осы күнге дейін меншік түріне қарамастан **22 904 дана кітап** (түрлі сөздіктер, тіл үйретуші оқулықтар және компьютерлік оқыту бағдарламалары, журналдар және т.б.) тегін таратылды. Тәуелсіздік қарсаңында **облыстық этникалық мектептерге (татар-башқұрт, әзірбайжан, украин, кәріс) мемлекеттік**тілді меңгеру үшін **кітаптар тегін таратылуда.**

2020 жылғы ***100 тілдік іс-шараның*** 2-уі мемлекетаралық, ал 3-уі өңіраралық іс-шара. Тілдік шаралардың ***91-і онлайн*** платформасында өтті (*91%).*Аталға іс-шаралар аясында Павлодар қаласы «Ана тілі» орталығы, Шығыс Қазақстан облысынан Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы, Қарағанды облыстық тілдерді дамыту басқармасының жанындағы Ресурстық тіл орталықтарымен әріптестік-шығармашылық байланыс қалыптасты.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін әрқашан биікте ұстап, басқа да тілдердің дамуына қолдау көрсету қажет. Осы мақсатты жүзеге асыруда өз қызметін абыройлы атқарып келетін Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының алдағы атқарар оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстары, бағындырар белестері биік екендігіне орталық ұжымы кәміл сенімді.

# ТІЛ ҮЙРЕНУШІНІҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

**С.Қ. ОМАРОВА**
**Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Әдістеме басқармасының басшысы, ф.ғ.к.**
**С.М. САПИНА**
**Қазақ технология және бизнес университетінің қауымд.проф., ф.ғ.к.**

Кәсіби құзыреттерді қалыптастыруда өз ойын жазбаша бере білудің рөлі барынша артып келеді. Тіл үйрету сабақтарында жазбаша жұмыстарды орындау белгілі талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Мақала тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру мәселесіне арналған. Авторлар өз тәжірибелеріне сүйене отырып, қазақ тілін $B_2$ деңгейінде үйренушілердің жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге арналған практикалық ұсыныстарымен бөліседі.

**Тірек сөздер.** Жазылым, сауаттылық, білік-дағды, жазбаша сөйлеу құзыреті, оқыту әдісі, тілдік құзырет, оқу әрекеттері, шығармашылық жұмыс, интербелсенді әдіс, тіл үйрету әдістемесі

**Кіріспе.** Зерттеушілер оқыту әдістерінің санын әртүрлі көрсеткенмен [1; 2; 3], барлығының пікірі оқу мақсаттарын айқындаудың Блум таксономиясына (білім, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау) негізделген. Қазір тіл үйретуде алған білімді қоғамдық-әлеуметтік өмірдің түрлі саласындағы қарым-қатынаста (тұрмыста, ұжымда, қызметте т.б.) тиімді пайдалана алуға дағдыландыру алдыңғы орынға шығып отырғандығы белгілі. Тілге үйрету кезінде оқу әрекеттерін ұйымдастырудың қай-қайсысы да маңызды және бір-бірімен тығыз байланыста қолдануға тырысқанымызбен, сабақ үстінде бір материал негізінде оқу әрекеттерінің төрт түрін қатарынан қолдануға мүмкіндік болмай жатады. Бұл мақаламызда жазылым дағдыларына машықтандыру кезінде оқылым, айтылым, тыңдалым машықтарын қатар дамытуға бағытталған тәжірибемізбен бөлісkіміз келеді.

Жазу – жалпы қолөнер шығармасы, сәулет немесе сурет өнері сияқты бірдеңені құрастыруға, жасап шығаруға бағытталған шығармашылық әрекет, ол оны орындаған адамда белгілі дәрежеде жасампаздық сезімін тудырады, адам өзін үй құрастырғандай, сурет салғандай, мүсін жасағандай сезінеді. Сондықтан тіл сабақтарында орындалатын жазу жұмыстары да тіл үйренушілердің сабақ материалын қаншалықты игергендігін, қандай білік-дағдылары қалыптасқандығын, олардың белсенділігін, өзіндік ойлау дәрежелерін, шығармашылығын көрсетеді. Тіл үйренушілерді жазуға, өз ойын жазбаша беруге үйрету олардың кәсіби біліктіліктерін қалыптастырудың негізін құрайды. Тіл үйрету сабақтарында тыңдаушы зат пен құбылысты, үрдіс пен нәтижені, сұрақ пен мәселені сипаттап және түсіндіріп қана қоймай, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату, болашағын жорамалдау, құрамдас бөліктерге бөлу мен себеп-салдарын анықтау, шешу жолдарын табу, шешудің тиімділігін көрсете алуға дағдылануымен байланысты. Осы аталған машықтардың қалыптасуында жазба жұмыстарының рөлі зор, сондықтан оқу әрекетінің осы түрін оқытуға байланысты әдіс-тәсілдерді теориялық, практикалық тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады.

Л.С.Выготский ауызша сөйлеуді нақтылығына байланысты сөйлеу арифметикасы десе, жазбаша сөйлеуді абстрактілігіне қарай сөйлеу алгебрасы ретінде атайды [4, 169]. Зерттеуші Р.Шаханованың жаттығу жұмыстары туралы пікірін жалпы жазба жұмыстарына қатысты қолдануға болады [5,20-21]. Тіл үйренушіні жазбаша сөйлеуге үйрету үшін жазбаша сөйлеудің стильдері мен жанрлары және олардың тілдік құралдары туралы білетіндерін естеріне түсірту қажет, әдетте, мектеп бағдарламасын орташа игерген тіл үйренушінің қолданбалы стильдер мен олардың жанрлары туралы түсініктері болады. Сөйлеу стилі түрлі сөйлеу тәжірибесінде қандай да бір ойды, идеяны білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықталатыны белгілі. Сөйлеудің стильдік бояуына оның материалды түрде жүзеге асырылу формасы да әсер етеді, біздің жағдайымызда бұл – жазу әрекеті.

Жазбаша сөйлеуге үйретуге қатысты түрлі көзқарастармен қатар, тілдерді оқытып-үйретудің қазіргі әдістемесінде жазбаша сөйлеуге үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдер турасындағы пікірлер де әртүрлі. Е.Н.Соловова жазбаша сөйлеуге үйрету әдістерінің директивті, лингвистикалық және әрекеттік сияқты түрлерін көрсетеді [6]. Жазылған жұмыстың грамматикалық тұрғыдан сауаттылығы директивті әдістің мақсаты болып саналады, мазмұндық жағына баса назар аударылмайды. Лингвистикалық әдісте жаттығу жұмыстарына көп уақыт бөлінеді.

Осылардың ішінде қызығушылық тудыратыны – шығармашылық үдеріс ретінде қарастырылатын әрекеттік немесе мазмұндық әдіс, бұл кезде тіл

үйренуші өз ойын жазбаша құруға ұмтылады. Бұл үдеріс жазбаша сөйлеуге үйретуді тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан ұйымдастыруды көздейді. Бұл ретте оқытушының рөлі білім алушыларды шығармашылық жұмысқа ынталандырудан, жазбаша мәтін құрудың түрлерін үйретуден көрінеді. Шығармашылық жазба жұмыс тіл үйренушілердің осы кезге дейін меңгерген лексикалық және грамматикалық дағдыларын пайдалануына, өзіндік даралығын көрсетуіне, ұлттық ерекшеліктері, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуіне көмектеседі [7, 131]. Осылайша, тіл үйренуші белгілі дәрежеде түрлі формадағы (сипаттау, диалог, монолог т.б.) жазбаша көркем мәтін құрастырып шығарады. Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап: «Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады» деп жазады. Ғалымның мәтіннің тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетуін қазір қазақстандық білім беру мекемелерінде кең қолданылып жүрген жазбаша жұмыс эссе құрылымын байқаймыз [8, 345]. Қ.Жұбанов та жазбаша мәтінге үлкен мән береді. Тілші ауызша сөйлеудің ерекшеліктерін айта келіп, «Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды.... сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет» деп жазады [9, 148]. Белгілі орыс ғалымы Н.М.Шанский оқыту үдерісінде көркем мәтінді пайдаланудың білімдік және тәрбиелік мәнін атап көрсетеді. Ғалымның айтуынша, көркем мәтін объективті ақпараттың тасымалдаушысы және дереккөзі (кең мағынадағы мәдениет айнасы) ғана емес, нақты тілдік, интерлингвистикалық ақпаратты тасымалдаушы және дереккөзі, яғни ұлттық мәдениеттің бейнелеудің және тіркеудің тілдік формасы [10]. Қазақстандық ғалым Р.Шаханова мәтін бойынша жұмыстардың сұрақ-жауап құрастыру, мағыналық жақтан бөліп, оларға тақырып қою, жоспар құру, мәтінді толықтыру, жалғастыру, аяқтау сияқты түрлерін көрсетеді [5, 33].

**Әдістер.** Жалпы, жазбаша сөйлеу және жазу ұғымдары өзара ажыратылатындығы белгілі. Тілді графикалық таңбалар көмегімен беру тіл білімінде жазу деген ұғымды білдіреді. Жазбаша сөйлеу ретінде сөйлеудің кітаби стилі, ойды графикалық түрде беру танылады. Жазу техникасы мен орфографияны жетілдіру үшін жазбаша жұмыстардың есту диктанты, көру диктанты, көру-есту диктанты, өзіндік диктант сияқты түрлері қолданылады.

Өз тәжірибемізде өзіндік диктантты жиі қолданамыз. Осы мақалада жұптық/ұжымдық диктант түрін қолдану тәжірибемізді көрсеткіміз келеді. Жұптық/ұжымдық диктант жаздырудың формасы мынадай: екі тыңдаушыға немесе шағын топқа қандай да бір әңгімені бейнелейтін суреттер ретсіз түрде беріледі. Тіл үйренушінің міндеті – суреттерді ретімен орналастырып, әңгіме жазу және оны жолдасына есту диктанты ретінде жаздырту. Осы жұмыс түрін сәл өзгертіп қолдандық.

Қазақстанның телеарналарында жиі көрсетіліп жүрген «Бір ел – бір халық – бір тағдыр» тақырыбындағы 3-4 минуттық бес шағын фильм аудиторияда орындалатын жұмыстардың материалы ретінде пайдаланылды (https://kaztube.kz/video/74029).

Бұл фильмдер Қазақстан тарихында болған халықтар достығын, ел бірлігін, түрлі ұлттардың ынтымақтастығын, қазақ халқының бауырмалдығын, өзге ұлт өкілдерінің қазақтарға деген ризашылығын көрсететін шағын көркем сюжеттерге құрылған.

Тыңдаушылар жұптарға бөлінді (тілді жақсы меңгерген тыңдаушы пен нашар сөйлейтін немесе жазатын тыңдаушы). Екеуіне 20 минут уақыт ішінде фильмнің сюжеті бойынша әңгіме құру тапсырмасы берілді (70-80 сөз). Әңгіме құрастыру кезінде жазба жұмыс формасын өздеріне таңдау ұсынылды. Тапсырма орындалғаннан кейін жақсы жазатын тыңдаушы жұппен құраған мәтінін келесі топтағы нашар жазатын тыңдаушыға диктант түрінде жаздыртады. Кейін бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, бағасын қояды (бағалау өлшемдері алдын ала келісілгені немесе берілгені дұрыс).

**Нәтижелер.** Тапсырманың бірінші бөлігі орындалған соң, мынадай нәтижелер алынды. Қазақ тілінде еркін сөйлейтін, ойын ауызша жақсы жеткізетін тыңдаушы мен біршама жақсы сөйлегенмен, нашар жазатын тыңдаушыдан құралған жұптар сабақ барысында мынадай мәтіндер құрастырып шықты. Мәтіндер іріктеліп, авторлардың стилі сақталып беріліп отыр.

Бір халық. Бір ел. Бір тағдыр. «ОСӘАЛ»

1948 жыл, қар жаңа жауған кез. Отанын сатқандардың әйелдерін «ОСӘАЛ» лагеріне әкелген. Сол лагерьде Нелли Зилькевич деген әйел болған. Бір күні Нелли Зилькевичті жауап алуға шақырды.

Лейтенант:

- Жұбайыңызға кешке қарай кім келді?- деп сұрады.

Нелли:

- Есімде жоқ, - деп айтты.

Лейтенант:
- Олар Кеңес Үкіметіне қарсы әңгімелелер айтты ма?
Нелли:
- Есімде жоқ, - деп айтты.
Лейтенант:
- Айт! - деп айғайлады.
Нелли:
- Есімде жоқ, - деп жауап берді.
Таңертең лагерьдегі әйелдерді қамыс жинауға апарды. Қамысты жинап жатқан кезде қазақ балалары көмектесу үшін оларға құрт лақтырды. Басында Неллиға тас сияқты көрінеді. Лагерьдегі бір әйел бұл құрт екенін айтады.
Бұл оқиға қазақ халқы қиын жағдайда әркімге шамасы келгенше көмектескенін көрсетеді.

Ж... Әйгерім, М...Анара

«ОСАӘЛ»

1941 жыл. Қыс түскеніне ұзақ болған жоқ. Күйеуі қамалған әйел қараңғы үйде отырған. Біреу есікті қағып әйелді қамауға алып кетеді. Одан түрменің бастығы ұрып, жауап алады, кейін оны суық лагерьге әкеліп тастайды. Ол жерде көптеген қайраткерлердің әйелдері бар. Осы әйелдерге ауыр жұмыс істетіп қояды. Осылай Ақмола обласында «Отанын сатқандардың Ақмоладағы әйелдер лагері» пайда болады.

Қазақ даласындағы жұмыс істеп жатқан әйелдерді көрген кішкентай ауылдағы балалар оларға жаны ашып, қолдарындағы сүттен жасалған құрттарды лақтырады. Өмірден түңілген әйелдер тағдырына ренжіп, тіпті кішкентай балалардың өздері оларды жек көреді деп ойлайды. Кейіннен жұмысшылардың ішінен бір орыс әйел құртты иіскеп, оның сүттен жасалғанын түсінеді. Оны жей бастайды. Соңында әйелдердін бәрі кішкентай қазақ балалардың жақсылығын түсініп, оларға ризашылығын білдіреді.

М.... Жансая, Н... Бағдат

**Талқылау.** Мысалдардан көрініп тұрғанындай, тыңдаушылар көрген фильмдерін жазбаша түрде беруде шығармашылықпен жұмыс жасағандары байқалады. Кейбір жұптар фильм сюжетін сипаттама әңгіме түрінде құраса, кейбір жұптар драматургия жанрына ұқсас туындылар жазған.

$B_1$ деңгейі үшін фильм емес, суреттер қолдануға, тұтас әңгіме емес, аңдатпа жазу, сюжеттің жоспарын ғана құру, соны диктант ретінде жаздырту ретінде оңайлатып беруге болады. $B_2$ деңгей үшін берілген сюжеттің басын немесе қалай аяқталатынын өз фантазияларымен жазуды ұсынуға болады.

Бір материал негізінде оқыту әрекеттерінің барлық түрін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қолдануға мүмкіндік туады. Тыңдаушылардың бәрі сабаққа қатысуға мәжбүр болады, біреуі ауызша айтса, екіншісі жазбаша құрастырады, бірі тыңдаса, екіншісі тыңдап, оны жазады.

Тіл үйрету әдістемесінде қарым-қатынас біржақты және көпжақты болуы мүмкін делінеді. Біржақты қарым-қатынас кезінде оқыту үдерісі оқытушы → тіл үйренуші түрінде ұйымдастырылады, яғни оқытушы сұрақ қояды, үйренушіні жауап беруге итермелейді. Көпжақты қатынасқа келетін болсақ, бұл үдерісте, аудиториядағы жұмыс топтық және ұжымдық формада жүргізіледі, әрбір білім алушыға белгілі әрекеттің жеке дара және толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік беріледі. Осы ретте біз жүргізген жұмыс кезінде де әр тыңдаушы жеке әлеуетін анық көрсете отырып, жолдасымен бірлесе әрекет етуге тырысқанын байқадық. Жұмыстың бұл түрі ақпарат, идея, білім алмасуға, ортақ жұмысқа өз үлесін қосуға, өз білгенін айтуға, өзгені тыңдауға, өзгенің қатесін көріп, өз кемшілігін түзетуге, осы арқылы тілді білу деңгейін өз бетінше арттыруға жағдай жасайды, осы арқылы танымдық әрекетті бірлестік пен ынтымақтастықтың жоғары формаларына жетелейді, тіл үйренушінің тілдік құзыреттерін арттырады.

**Қорытынды.** Жоғарыда ұсынылған әдістер арқылы тіл сабағында тілдік қарым-қатынасқа негізделген тілдік орта қалыптастыру тіл сабағының басты элементі болуы керек. Оның негізгі мақсаты - күрделілігі әртүрлі коммуникативтік міндеттерді шешу, яғни әрбір тіл үйренушінің сабақ сайын сөйлеу, жазу, тыңдау дағдыларын жетілдіру. Біз сипаттап отырған жазбаша шығармашылық жұмыстарды бірлесе орындау, сабақ үстінде жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым сияқты оқыту әрекеттерін бірге қолданумен қатар, тыңдаушының «басқа адамның рөлін алуға», жолдасын қарым-қатынас серіктесі ретінде қабылдауға, жағдаятты түрліше түсінуге, өз әрекеттерін өзгеге сәйкес құрастыруға дағдыландырады.

# УРОВНЕВАЯ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ

**А.К. ТАБЫНБАЕВА**
**ст. преподаватель кафедры**
**ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по**
**Актюбинской области**

Обновленная система образования предъявляет сегодня высокие требования к учащимся. Учебные предметы содержат объемные учебные материалы и общие ожидаемые результаты учебных целей непостижимы для многих категорий учащихся.

Современная школа нацелена  не на традиционной трансляции знаний и умений, а на создание условий для развития личности, адаптации и раскрытия возможностей каждого учащегося. Это требует создания коллаборативной среды, установления доверительных отношений учителя с учащимися, активную познавательную деятельность, поиск новых знаний, идей, мнений. Одна из высших потребностей человека в пирамиде потребностей по определению А. Маслоу «Потребность в самоактуализации»: реализации своих целей, способностей, развитие собственной личности» подразумевает  потребность человека в познании себя, других людей и мира в целом.

Поэтому учащийся должен быть вооружен знаниями из разных областей, возможностью приобретать и применять навыки, высказывать, предполагать, проверять свои идеи и мнения.

Форма такого вида обучения приведет не только к развитию мышления, но и к формированию внутреннего мира личности и мировоззрения.

Самой большой трудностью в учебном процессе является вовлечение и поддержка динамичного взаимодействия учащихся с учителем и между собой. Применение компьютерных технологий, в том числе интерактивной доски, планшетов могут на какое-то время заинтересовать учащихся, но добиться развития и формирования необходимых навыков и мышления при таком подходе будет сложно.

Зачастую игровые методы, активное и коллективное обучение помогают активизировать учебный процесс и усилить групповую работу, но количество незадейственных и пассивных учащихся сводится к нулю. Не все учителям удается при таких формах работы учитывать способности и возможности каждого ученика, повышать имеющийся уровень некоторых учащихся и вместе с тем вовлекать незаинтересованных в учебный процесс.

Дифференциация в обучении – это процесс, при котором различия между учащимися приспособлены для того, чтобы все учащиеся в группе имели наилучшие шансы на обучение. В последние десятилетия это стало рассматриваться как ключевой навык для любого учителя, особенно для классов смешанных способностей.

Понятие «дифференцированный подход» в обучении предполагает организацию обучения детей с учетом их индивидуальных и групповых психофизиологических особенностей и возможностей.

Чаще всего педагог работает в классе, где собраны учащиеся с разным уровнем знаний и способностей. Известный психолог Н.А. Менчинский писал о то, что «эффект обучения зависит не только от его содержания  и методов, но и от индивидуальных особенностей личности школьников».

Знание индивидуально-типологических особенностей каждого ученика имеет важнейшее значение для определения требований к организации индивидуального подхода к школе. Только зная существенные особенности учащихся, выяснив их источники, учитель может создать оптимальные условия усвоения знаний, формирования навыков, развития способностей каждого ребенка. При этом необходимо помнить, что педагогика индивидуального подхода имеет ввиду не приспособление целей и основного содержания обучения и воспитания к отдельным школьникам (так как цели и содержание воспитания и обучения определяются требованиями общества, государственной программой - они являются общими для всех), а приспособление методов и форм работы к этим индивидуальным особенностям с тем, чтобы развить личность. Индивидуальный подход обеспечивает устранение трудностей в обучении отдельных школьников.

Всем известно, что каждый класс можно разделить на три группы: учащихся низкой, средней и высокой успеваемости и возможностей. На такие группы учащихся делят на основании объема имеющихся знаний, уровня познавательной активности, способности к логическому, критическому и абстрактному мышлению, умению анализировать, обобщать уровень самостоятельности. Данные критерии тесно связаны друг с другом, так как уровню самостоятельности учеников на уроке при организации учебной деятельности значительно зависит от способности их к абстрактному мышлению.

Ученики с высоким уровнем имеют большой объем знаний, высокую познавательную активность, имеют способность к абстрагированию, анализу и

синтезу. Работа с такими учащимися предполагает тщательную организацию учебной деятельности, подбор заданий высокой сложности.

Ученики со средним уровнем учебных возможностей имеют определенный объем знаний, среднюю познавательную активность, сформированы способности к абстрагированию, обобщению, анализу и синтезу. При работе с данной группой учащихся главное внимание необходимо уделять развитию их познавательной активности, самостоятельности и уверенности в своих силах, постоянно создавать условия для их дальнейшего развития.

Ученики с низким уровнем учебных возможностей отстают от сверстников в интеллектуальном и речевом развитии. Зачастую плохо читают, не могут выделить главное в учебной информации.

Говоря о детях с пониженной обучаемостью, психолог З.И. Калмыкова утверждает, что в основе их отставания лежит расхождение требований, предъявляемых к познавательной деятельности школьников, с реально достигнутым уровнем умственного развития.

Учителя, кто ставит целью преодоление неуспеваемости, понимают, что необходимы психологические знания.

Учащиеся, испытывающие трудности в обучении, требуют немного щадящего режима, зоны ближайшего развития. Для них применимы алгоритмы, карты, опорные схемы. Информационные материалы можно собирать в специальной папке, которую он может оставлять в кабинете или забирать с собой. Данной группе учащихся нужно давать посильные для них задания.

Некоторые учащиеся имеют плохую память и с трудом запоминают термины, факты, элементы, процессы. Поэтому целесообразно планировать и применять аудио- и видеоматериалы (речь учителя, записанная заранее). Им требуется зрительно-текстовая опора и индивидуальный темп работы. Некоторые формы и методы работы со слабыми учащимися: выполнение заданий с наличием алгоритма или образца, совместное выполнение задания на соответствие, развитие зрительной и слуховой памяти (например, составлять с ними ассоциации на новые термины, предложения или мини-тесты).

При дифференцированном обучении следует соблюдать некоторые условия: учитель знает своих учеников, их особенности, слабые и сильные стороны.

В данном подходе обучения возрастает вероятность того, что учащиеся будут переходить в группы с более высоким уровнем обучения. Так как происходит изменение уровня развития учащихся, происходит восполнение пробелов и повышение учебной направленности, выражающейся побуждением интереса к получению знаний в учебе.

Учитель может организовать дифференциацию в классе в несколько этапов:

- определить и применять критерии успеха, с помощью которых выделяется группы учеников с различными уровнями успеваемости;
- проводить различные диагностики по определенным критериям;
- с учетом результатов диагностики распределить учеников по условным группам;
- выбор приемов дифференциации, на их основе разрабатывать разноуровневые задания;
- применение дифференцированного подхода на разных этапах урока;
- наблюдение и контроль результатов работы учащихся, что может привести к изменению состава групп и применяемых методов, приемов и заданий.

Реализация дифференциации и индивидуализации в процессе обучения открывает возможности, как для учителя, так и для учеников.

Немаловажным фактором на уроке является применение эффективных методов дифференцирования, которые дают возможность обеспечить довольно широкие различия между учащимися. Экспертное мнение варьируется, когда дело доходит до окончательного списка методов дифференциации в классе, при этом некоторые считают, что оно может подпадать под шесть категорий:

1. Дифференциация по задачам, предполагает постановку различных задач для учащихся разных способностей. Один из способов достижения этого может быть создание различных заданий или упражнений в зависимости от способностей уч-ся. Однако некоторые учителя не склонны применять этот метод из-за социальных последствий и дополнительного планирования. Альтернативный метод - использовать единый рабочий лист, состоящий из заданий, которые становятся все труднее.

2. Группирование. Совместное обучение дает возможность застенчивым ученикам более уверенно участвовать в занятиях. Небольшие группы со смешанными способностями позволяют менее успешным ученикам использовать поддержку других, в то время как более продвинутые получают возможность организовать и озвучить свои мысли для всей группы (известный как моделирование по принципу «равный-равному»). Группирование также позволяет распределить роли внутри команды, которые удовлетворяют набору навыков и потребности каждого учащегося.

3. Ресурсы. В этом виде дифференциации важно признать, что некоторые учащиеся могут работать

с более продвинутыми ресурсами, чтобы подойти к теме с разных точек зрения. Дифференциация такого рода позволяет использовать широкий спектр материалов для достижения единого результата обучения. Во многом помогают достижения в области технологии, использование ауди-видеоматериалы и др.

4. Время. Когда в планировании урока используется дифференциация, доступное время используется гибко, чтобы удовлетворить потребности всех учащихся. Учащихся, которые быстро усваивают основные знания, не нужно сдерживать для ожидания других. Вместо этого им могут быть даны более сложные задания, чтобы они могли быстрее продвигаться по установленному курсу.

5. Результат. Дифференциация по результатам – это метод, при котором все учащиеся выполняют одну и ту же задачу, но ожидаются и приемлемы различные результаты. Например, учитель дает задание и учащиеся, выполняя его, приходят к личному результату в зависимости от уровня способностей. Существует риск того, что менее способные учащиеся упадут ниже приемлемого уровня понимания, однако этот риск можно несколько смягчить, установив четкий набор некоторых принципов, которые применимы ко всем ученикам.

6. Диалог. Дифференциация по диалогу является наиболее часто используемым типом дифференциации в классе. При данном методе внимание акцентируется на роли учителя, который должен способствовать решению проблем, определяя, какие учащиеся нуждаются в подробных объяснениях на более простом языке и какие учащиеся могут участвовать в диалоге на более сложном уровне. Можно использовать фронтальный опрос для получения ряда ответов и выявить более способных учеников.

Дифференцированный подход дает возможность реализовывать учебные, познавательные и творческие возможности всех учащихся. Однообразие даже в обучении может наскучить, самая интересная информация, на взгляд учителя, возможно не вызовет ожидаемого интереса у учеников. Поэтому составление разнообразных заданий приведет к успеху. Например, составление текстов, синквейнов, диамант, самостоятельная разработка заданий учащимися, интервью, само-и взаимопроверка заданий, написание статей и составление газет. Ученики будут иметь возможность консультировать других и обучаться сами.

При дифференцированном обучении следует соблюдать некоторые условия: учитель знает своих учащихся, их особенности, слабые и сильные стороны.

В данном подходе обучения возрастает вероятность того, что учащиеся будут переходить в группы с более высоким уровнем обучения. Так как происходит изменение уровня развития учащихся, происходит восполнение пробелов и повышение учебной направленности, выражающейся побуждением интереса к получению знаний в учебе.

Для предотвращения проблем или трудностей при применении методов и приемов в реализации дифференцированного подхода учителю необходимо:

- создавать с самого начала урока и поддерживать коллаборативную среду в классе;
- придерживаться принципа дифференцированного обучения: «От простого к сложному»;
- учитывать индивидуальные особенности учащихся;
- осуществлять постоянный контроль и оценивание знаний и навыков учащихся;
- использовать диагностику уровня знаний и навыков учащихся;
- наблюдения, анкетирования, беседы, результаты обследований в тандеме с психологом.

Таким образом, дифференцированное обучение способствует повышению интереса к учебе, повышению уровня продуктивной деятельности учеников, создает ситуацию успеха. Каждая группа учащихся работает над выполнением заданий, соответствующих их учебным, возможностям. В ритмичной работе у учащихся повышается работоспособность, формируется трудолюбие.

Наиболее значимыми организационно-педагогическими результатами использования дифференцированного подхода обучения на уроках являются:

- исключение «уравниловки» и «усреднения» детей;
- появление у учителя возможности помогать слабому, уделять внимание сильному;
- повышение уровня Я-концепции: сильные утверждаются в своих способностях, слабые получают возможность испытывать учебный успех, избавиться от комплекса неполноценности;
- повышение уровня мотивации учения в сильных группах;
- в группах, где собраны одинаковые дети, ребёнку легче учиться;
- выступает как средство развития самостоятельности учащихся.

При этом необходимо понимать, что разноуровневая форма обучения не может дать положительного результата сама по себе, а требует системного подхода, огромной работы над содержанием и методикой преподавания.

# МӘТІНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Н.А. РЫСМАГАМБЕТОВА**
**М. Оспанов атындағы БҚМУ**
**Үздіксіз кәсіби даму орталығының**
**оқытушысы, г.ғ.м**

Қазіргі біздің қоғамымыздағы  және білім беру жүйесіндегі «Шетел тілі» пәнінің мәртебесінің жоғарылауы - бұл елдің және әлемдік қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өзгерістеріне табиғи жауап болып табылады.

Соңғы жылдары  білім беру саласының  түлегі қазіргі заманғы көпмәдениетті және көптілді әлемдегі білім берудегі жалпы еуропалық тенденцияны көрсететін және әртүрлі қызмет салаларында өзара іс-қимыл мен халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюімен байланысты шетел тілдерінің «қолданушысы» болып табылады, және көбінесе бір емес, екі немесе одан да көп. Осыған байланысты шет тіліндегі әртүрлі ақпарат түрлерін сауатты қолдану, жалпылау, ол туралы пікір айту, бағалау туралы мәселе өзекті болып табылады.

Әңгіме оқудың негізінде қалыптасқан мәтіндік құзыреттілік туралы, оны меңгеру қазіргі ақпараттық қоғамда ерекше маңызға ие деп болжау орынды болып табылады. Тек мәтіндік құзыреттілік сөйлеу әрекетінің оқылым сияқты түрін игеру кезінде ғана емес, оның ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу әрекетінің әр түрлі түрлерін меңгеру барысында мысалы, тыңдауды меңгеру кезінде ана тілінде де және шет тілінде қалыптасуы мүмкін.

Мәтіндік құзыреттілік шет тілінде оқу кезінде қабылданған мәтін негізінде қалыптасқан интегративті ұғым болып табылады, ол оқылған мәтіннің құрылымдық және семантикалық мазмұнында бағдарлауда, сондай-ақ мәтін деңгейінің ауызша немесе жазбаша түрде өзіндік айтылымын қабылдауда негізделген ақпаратты оқу. Осылайша мәтін байланыс бірлігі ретінде қарастырылады [2].

Мұндай мәтіндік құзіреттілік мәлімдемесінің және көрінуінің бір түрі - қабылданған ақпаратқа түсініктеме беру, бұл делдалдық және тікелей қатынас формаларының бірі ретінде,  мәтіндік құзыреттілікті қалыптастыруды коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Пікір айту мәтіндік құзіреттіліктің бір сипаты болып табылатындықтан, ол сол мағлұматты оқып отырған адамның жеке қабылдауы мен түйсінуіне байланысты бола отырып оның көзқарасын білдіреді, сондықтан пікір айту бұл тек  қабылданған мәтіннің мазмұнын бақылау құралы ғана емес екендігін айқындайды [6, 156 ] (Е.В. Мусницкая, 1996).

Мәтіндік құзыреттілік тілдік құзыреттілікке негізделген және өз кезегінде коммуникативтік құзыреттілікті анықтайды. Құзыреттілікке негізделген тәсіл оқытудың білімге негізделген қағидасын жоққа шығармайды: негізгі тілдік құзыреттілікке тіл жүйесін оның әмбебап және нақты категориялары мен оларды білдіру құралдарында арнайы таңбаланған және таңбаланбаған тәсілдермен зерделеу және меңгеру кіреді. Тілді оқыту процесінде оқушы тек құзыреттер жиынтығын игеріп қана қоймайды - олардың өзара байланыстылығы мен тәуелділігін жүзеге асыра отырып, құзыреттердің иерархиялық жүйесін игереді. Бұл хабардарлық оның танымдық қабілеттері мен «теориялық рефлексиясының» қалыптасуын сипаттайды.

Овчинникованың пікірінше, мәтіндік құзыреттілік келесі құрылымдық параметрлерді (немесе индикаторларды) қамтиды:

- негізгі мәтіндік ұғымдарды меңгеру;
- мәтінді талдау схемаларын иелену;
- өзіңіздің жеке мәтін құрудың заңдылықтарын иемдену. [1, 14].

Мәтіндік құзыреттілік тілдік құзыреттілікке және коммуникативтілікке қатысты аралық позицияны алады: біріншісі базалық, білім тәсілінсіз жүзеге асырылмайды, ал келесі екеуі өзара тәуелді және экстралингвистикалық факторларға байланысты.

Қазіргі заманғы білім беру, оның ішінде шет тілдік білім беру мәселелеріне қойылатын қоғамның өзекті талаптарының бірі - оның сабақтастығы. Білім берудің сабақтастығы деп білім берудің әр түрлі кезеңдерінің арасындағы сабақтастықты ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық іс-әрекетінің объективті қажеттілігі, оның өмір салтының ажырамас және табиғи компоненті ретінде түсінеді. Тілдік білім беруді қоса алғанда, үздіксіз білім беру барысында адамның әр түрлі ақпаратпен және оны өңдеумен үнемі өзара әрекеттесуі жүреді.

Қазіргі ақпараттық, көптілді және көпмәдениетті қоғамдағы білім берудің және тұлғаның бейімделуі мен әлеуметтену процесінің сабақтастығы көбіне әртүрлі көздерден ақпарат алу мен оны сауатты қолдана білуге және қабілеттілікке байланысты, бұл оны түсінуді ғана емес, сонымен қатар сыни қабылдау мен бағалауды да қамтиды. Бір емес, бірнеше тілді (бұл жағдайда ағылшын және испан тілдерін) меңгеру жағдайында, атал ғ ан дайындықты меңгеру бары-

сында оқушының «жеке тұлғаның аксиологиялық әлеуетін» [104] FL арқылы ашуға болады.

Қазіргі әдіснамада мәтінге бағытталған тұжырымдама қалыптасты, оның негізгі принципі - коммуникативті-белсенділік тәсілі. Бұл тәсілдің негіздемесі қазіргі заманғы мәтін теориясы болып саналады [8].

# «ОҚЫЛЫМ» МӘТІНДЕР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



**А.С. СҮГІРБАЕВА**
**Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының әдіскері, п.ғ.магистрі**

Әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен педагогикалық озат тәжірибе жетістіктеріне және оқу үдерісі жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, өзара байланысты іс - әрекеттер мен шаралар жүйесі. Әдістемелік жұмыстарды дамыту, қолдау – орталықты дамыту, сайып келгенде заманауи білім көшіне лайық қарқында жұмыс жасау, өзекті мәселелермен айналысу, педагогикалық ұжымның іс-тәжірибесін мақсатты шоғырландыру, жинақтау және тарату болып табылады. Тілдерді оқыту орталығының педагогикалық ұжымы орталық  құрылған сәттен әдістемелік жұмыстарға ерекше назар аударып келеді. Әр жылдары орталық  оқытушыларының құрастыруымен тілдерді оқытудың әдістемелік мәселелеріне арналған  70-тен астам  өнім жарық көрді.

Ағымдағы жылы орталықтың әдістемелік өнімдер қоржыны бірнеше мәрте жаңа өнімдермен толықты. Атап айтсақ, «English Grammar» ағылшын тілінің бастапқы (А1-А2) деңгейі бойынша оқу құралы, «Оқылым» қазақ тілінің 5 деңгейі (А1-С1) бойынша мәтіндер жинағы, қазақ тілінің бастапқы А1-А2, орта В1 деңгейі бойынша «Қазақ тілінен электронды орта», ағылшын тілінің бастапқы (А1-А2) деңгейі бойынша «Learning English by yourself» электронды орта, «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы (№1-4 сандары).

Тілдерді оқыту орталығы тіл үйренушілерге, жалпы оқырман көпшілікке арналған қазақ тілінің 5 деңгейі (А1-С1) бойынша «Оқылым» мәтіндер жинағын жарыққа шығарды. Жинақтың мақсаты: деңгейлер бойынша оқылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар арқылы тіл үйренушілердің оқу, жазу сауаттылықтарын арттыруға ықпал ету, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

Оқылым - жазбаша мәтінді қабылдау мен  түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің түрі. Ол тіл үйренушінің нақты тілдік міндетті орындау үшін қажетті ақпаратты іріктеп алу қабілетін қалыптастыруды көздейді. Сондықтан да оқылым мәтіндерінің міндеті:

1) тілдік материалды меңгеру үдерісін оңтайландырады;

2) лексика-грамматика, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша коммуникативті-бағытталған тапсырмалар тіл үйренушінің оқи алу қабілетін талап етеді және жазбаша мәтіндер мен нұсқауларға негізделеді;

3) барлық тілдік және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мәтін мен жазбаша нұсқауларға негізделеді.

Оқылымның тыңдалымнан бірнеше артықшылықтары бар. Атап айтсақ:

- оқу жылдамдығы мен ырғағы тіл үйренушінің өзіне байланысты;
- бүкіл ақпарат тіл меңгерушінің қолында;
- мәтіннің кейбір бөліктерін қайталап оқуға болады;
- мәтіннің кейбір бөліктерін оқымай, қажетті ақпаратқа көшуге болады;
- керек жерде тоқталуға болады.

Сонымен қатар, оқылымның танысып оқу, ізденіп оқу, зерттеп, зердейлей оқу деген түрлері бар, сәйкесінше мәтіннің де сипаттау, баяндау, пайымдау деген түрлерін атауға болады. Ең бастысы, тіл үйренушілер мәтіннен келесідей төрт түрлі ақпаратты ала білуі қажет:

- танымдық,
- жағдайлық-танымдық,
- эмоциялық-бағалаушылық,
- өзінің ойларына түрткі бола алатын ақпарат.




Аталған мәтіндер жинағы әлеуметтік-тұрмыстық және білім саласындағы қатысым үшін өзекті тақырыптардан бастап, ежелгі салт-дәстүр, елтаным, ғылыми-ағартушылық және т.б. тақырыптарды қамтиды. Жинақта қазақ тілінің 5 деңгейі бойынша, яғни бастапқы А1-А2, орта В1-В2 және жоғары С1 деңгейлеріне сәйкес 60-қа жуық мәтіндер жинақталды. Ұсынылған мәтіндердегі сөз саны деңгей талаптарына сәйкес, ал берілген тапсырмалар жүйесі ақпаратты жан-жақты меңгертіп қана коймай, тіл үйренушілердің тілдік сауаттылықтарын одан әрі арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Тіл үйренушілердің оқу, жазу сауаттылықтарын арттыру мақсатында құрастырылған мәтіндер жинағы курс тыңдаушыларына, қазақ тілі оқытушылары мен әдіскерлерге арналған.

Қазіргі таңда мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сойдай- ақ ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Бұл - біз мақтанышпен айта алатын ана тіліміздің орасан зор мерейі.

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ КОДТЫ САҚТАЙЫҚ



**Е.Ж. ҚҰРМАНБЕК**
**ҚР мәдениет қайраткері**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни, одан бұрын жақсарып отыруы тиіс. Санамызды жаңғырту, саяси және экономикалық жаңғыртуларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады»- деп, рухани жаңғыртудың маңызын атап көрсетті.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз болмысымызда мәңгі қалуға тиіс. Онсыз алға басу, даму болмайды. Сонымен қатар алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Қ.Тоқаев: «Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау» - деп анықтады.

Қазақ халқы атадан балаға беріліп отырған ежелгі салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ғасырлар бойы сақтап, заман, өмір елегінен өткізіп, екшеп, жетілдіріп, жылдар сынынан өткізіп, қолданып отырған. Қазақта жақсы салт-дәстүр көп және олар қазақтың жағымды кескін-келбетін, тұрмысын, өмір тіршілігін, ой-санасын көрсетіп, халықпен бірге етене қайнасып келе жатыр.

Ұлтымызда үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, еркектің әйел алдындағы, әйелдің еркек алдындағы әдеп сақтауының тамаша үлгілері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемеу, тамақ алмау, келінге сыпайы сөйлеу, ата-ене алдындағы инабаттылық, сәлем ету, көпшілік ортадағы әдептілік, сәлем беру, сәлем алу, адамгершілік, қамқорлық, сыйласу т.б ертеден келе жатқан халқымыздың әдет-ғұрпы. Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, кескін келбеті, өзін-өзі таныту жолындағы өнеге, үлгісі, адамдық қасиеті және жеке басының мәдениеті. Қазір ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі бекітілген. «Әдепті дегенше – әдемі десейші» дегендей, үлкен-кіші болсын әдеп сақтау халқымыздың қасиетті тәрбиелік-тәлімдік дәстүрі.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» - десек, озығын алып, тозығынан арылу керек. Халқымыздың тарихи-әлеуметтік, тұрмыстық жағдайындағы ерекше қымбат дәстүрі – қонақжайлылық. Ол жомарттықтың, азаматтықтың, бауырмалдықтың, сыйластықтың үлкен белгісі. «Құдайым би қылмасаң да, би түсетін үй қыл» - деп тілек тілеп қазақ үйіне қонақ түскенді мәртебе санаған. Қазақ қонағын қадірлейді, үйінде оған ешкімге тиістірмеген. Қонағының бар жағдайын жасаған, көңілін көтерген, келген шаруасын бітірген. Халқымыздың осы дәстүрін бөтен ұлт өкілдері жоғары бағалайды, таңқалады, риза болады. Бұл дәстүрді сақтап дамытуға жатады. Бөтен де жағдай бар, мысалы, «көршіңмен тату бол» - деген. Бірақ бұл дәстүрді орындамау кездесуде. Қалада көршілер бір-бірімен араласпай барады. Көріссе, кездессе бас изеуден аспайды. Қонақ етіп, шақырыспайды. Алыстағы ағайыннан, қасыңдағы көршің жақын. Көмекке тез келе алады. «Көрші ақысы» - деп араласу, көмектесу дұрыс. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дәм тарылады, - деген сөз бар. Дәстүрді сақтау жақсылыққа жеткізеді.

Қазақ дәстүрлі тойшыл, сауықшыл халық. «Той дегенде қу бас та домалайды» - деп той жасау халқымыздың қуанышты салты, салтанаты. Біздің қазақта той көп, тойдың небір түрін ойлап тауып, той жасай береді. Болсын. «Жемесең де май жақсы» - деген, той жақсы. Кейінгі жылдары ең көп салынған құрылыс нысандары - той өткізетін мейрамханалар болды. Осы той жасауда, қазақшылық бәсеке бар. Осы бәсеке керек пе? Тойға 1000 адам шақырып, фейерверк атып, алыс-жақын елдерден атақты әншілерді шақырып, қалыңдық машинамен мейрамханаға кіріп, екі-үш асаба той басқарып, қалада да, ауылда да болсын деп екі той өткізіп, аста-төк ысырап жасап, қаражатын шығындап, уақытын кетіріп, барын шашады. Абайша айтқанда, бекер «мал шашпақ» - бес дұшпанның бірі. Бұл мақалада айтылған ысырапшылдық пен астамшылық, даңқойлық. Осы ақша жастар тұрмысына жұмсалса ше? Арабтың «исраф» деген сөзі бар, бізде «ысырап» дейді. Ысырап

тек тойда емес, той дастарханы сияқты жайылған садақада да орын алуда. Әрине, бар жақсы. Әйтсе де ысырапшылдыққа жол бермеу керек. Әлемде 1 млрд-тан астам тұрғындар аштық жағдайында өмір кешуде екен. Сондықтан еліміздің, өзіміздің байлығымызды шашпау жөн.

Мақалада мұндай бәсекені орынсыз дейді, ол кертартпа, елді, отбасын құрдымға бастайтын жаман әдет. Жетілуге, оқуға баруы, үнемді, ұтымды пайдалануға ұмтылу –жақсы әдет, жақсы мінез-құлық, оны мінез-құлық прагматизмі дейді. Қазақ озық болам десе, жаман әдет, мінез-құлықтан арылып, түзелуі тиіс.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылдыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі–орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті, мәдениеттілікті көрсетеді. Сондықтан біз мақаланың осы құнды бағыт, ойларын санамызға сіңіріп, басшылыққа алып, орындауымыз керек, ұлттық кодымызды, мәдениетімізді сақтап, заман талабына сай өзгеруіміз қажет. Президент Қ.Тоқаев «Той қуалайтын уақыт емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі» -деп мақсат-міндетті анықтап берді.

Халқымыздың тамаша дәстүрінің бірі – бата беру. «Батамен ел көгереді»-дегендей, бата ақ тілеудің белгісі, ол қасиетті рухани ұғым, жақсы істі батамен бастаймыз. Батаны құрметті, елге сыйлы, жасы үлкен адамдар береді, құда береді. Бата сөз ұлы қасиеттерге, ізгілікті жасампаз істерге бастаушы, әрі тудырушы, рухани мұра болып табылады. Бата көркем сөзбен, өлең-тақпақпен, ұйқасырғақпен, шешендікпен, мазмұнды, маңызды тілекпен, эмоциялық әсер сезіммен беріледі. Бата халқымыздың ғасырлар бойы сақтап, дамытып, қолданып келе жатқан дәстүрі. Совет заманында діни деп шектелді. Қазір өрледі. Бүгінде бата бере алатын, бата бере алмайтын үлкендер де бар. Бұл біріншіден совет дәуірінің әсері болса, екіншіден үлкен адамның тіл байлығы мен шешендігінің кедейлігінен болатын сияқты. Бата беру, бата алу дәстүрін, оның ұлттық сипат-мазмұнын, түрін сақтай отырып, заманауи тілектермен байытып, жетілдіру, дамыту, бүгінгі, ертеңгі күн тілегімен, ұлттың рухани кемелденуімен ұштастыру орынды болмақ.

Экономикалық модернизация туралы айтқанда, оның жетістігі мәдени модернизациясыз болмайтынына да тоқталу қажет. Мәдениет үшін экономика қандай маңызды болса, экономика үшін мәдениет сондай маңызды. Халықтың санасын, көзқарасын өзгертпей, еңбекке, өмірлік қағидаларға көзқарасын жаңғыртпаса, экономикалық саяси реформалар жасалмаса, ол реформа түптің түбінде құрдымға кетеді. Мысалы: бұрын солай тәрбиеленген, сондай тәртіпсіздікпен жүрген тұрғындар қазір де кез келген жерге қоқыстарды тастап жүре береді, машинасын ереже-тәртіпсіз қоя береді, ағаштарды сындыра береді. Сөйтіп, қалалар, елді мекендер қоқысқа тола беруде, тазалық төмендеуде. Бұл жаман әдет. Ал тазалық– денсаулық кепілі, мәдениет көрінісі. Қазақ «ауылын көріп, азаматын таны» -дейді.

Кейбіреулер концертке кешігіп келеді, оған қымсынбайды. Концерт кезінде жүріс-тұрыс, залдан шығу, кіру тоқтамайды, концерт көру ережесін бұзады, концерт көру мәдениетін сақтамайды. Қай жерге болмасын барғанда кешігу, тазалық сақтамау жаман әдет, мұндай әдеттен жирену қажет.

Мәдениетті, білімді, тәртіпті, патриот, жаңа қазақстандықтарды тәрбиелемейінше, өзгермейінше озық елдің қатарына қосылудың ауылы алыс болмақ.

«Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен»-дегендей адамдарда әртүрлі әдет болады. Мысалы: біреу сәнді киініп, таза жүреді. Біреулер шаруасына ұқыпты, біреулер тапсырманы саналы орындайды, үшіншілер кешікпей дәлме-дәл жүреді. Бұл жақсы өнегелі әдет.

Ал біреу құлағын шұқи береді, мұрнын ұстай береді, шашын сипай береді. Ал енді біреулер өсек тасуды, өтірік айтуды, арыз жазуды, жамандауды, ұрлық жасауды әдет қылады. Бұл қоғамға тиімсіз, зиянды жаман әдет «Тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан әбден шыққаны»-деп ақын Абай бұл әдеттерді қатты сынаған, қашық бол деген.

Ал халық болса өсекші, өтірікші, арызқой, ұрлықшы, жаман адам деп ат қойған. Олардан аулақ жүрген. Олардың жаман аты халық жадында сақталып қалады, ұрпағы да білетін болады.

Мұның бәрі халық ұғымында «әдет» деп аталады. Оның да жақсы және жаман түрлері бар. Халық оның жақсысынан үйренуге, жаманнан жиренуге шақырады. Қазір біз осы кемеңгер Абай сақтандырған жаман әдеттердің қаншасынан арылдық, құтылдық, әлде әлі де бар ма? Біз, қазақ Абай айтқан тапсырманы орындауымыз керек. Қ.Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Ұлы данышпан ұлттың рухани, мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында» - деп жазды.

Гуманист Абай он сегізінші сөзінде «Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол

киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек дұрыс іс»-дейді. Ақын адамның жеке басының мәдениетіне, жарасымды киінуге насихаттайды, үгіттейді. Жарасымды киіну жақсы әдет, олпы-солпы киіну жаман әдет.

Жұртшылық көрермендер концертке, спектакльге, кездесу кештеріне сәнді киініп келудің орнына қалай болса солай киініп келе салады және оны қарапайымдылық, еркіндік, демократиялықтың көрінісі деп түсінеді. Олай емес, футболка, кроссовка, шорты театрда, концерт залында демократиялықтың да, қарапайымдылықтың да көрінісі емес. Керісінше, мәдениетсіздік, оларды спорт залында киеді. Қарапайым киіну – тұрпайы, жұпыны, мәдениетсіз киіну емес, сыпайы, таза, жарасымды киіну. Адамның киім киюі, оның ішкі мәдениетінің деңгейін, рухани дәрежесін көрсетеді. Адамның жүріс-тұрысы, киім киісі, ортада өзін ұстауы, яғни, сыртқы көрінісі Абайдың «толық адам» идеясының бір тармағы. Орыстың ұлы жазушысы, дәрігер А.П.Чехов «у человека должно быть все прекрасно: и одежда, и лицо, и душа» дегендей жан-жақты дамыған, кемелденген «толық адам» деңгей-дәрежесіне жету мақсат. Азаматтардың жеке басының мәдениетін көтеру, киімді жарасымды, таза кию дәстүрін насихаттаған жөн.

Қымбат киім киіп, қымбат машина мініп көріну, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап, шашын сипап әурелену – артықтық не озу емес – ол мақтаншақтық. Гуманист Абай айтқан керексіз «кербездік, масқаралық». Ұлы ақын «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық» -деп өсиет қалдырған.

Біз озық елдің қатарына тек экономикалық жақсы көрсеткіштермен ғана емес, адами жоғары қадір-қасиет, белгілерімізбен де қосылуымыз керек. Қазаққа болсын деген ұлы данышпан Абай «Толық адам» идеясын ұсынғанда, ол адам қандай болуы керек екендігін өзі айтып, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек»-деп жауабын береді. Ал Қ.Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуі тиіс» -деп тапсырма берді.

XXI ғасырда заман өзгерді, адам өзгерді, адамның мінез-құлқы, қасиеті өзгерді. Кейбір жаман әдеттер орын алуда.«Аңқау елге арамза алаяқ» шықты. Өтірік алдау, пирамидалар, ломбардтар, үй алып берушілер, ақшаны еселеп қайтарушылар қаптады. Осыған кейбіреулер сенді, кейбіреулер азғын адам болып шықты. Абай осындайдан жұртшылықты ескертті. «Қу тілменен құтыртып, кетер бір күн отыртып»-деді. Сол айтқаны бүгін де бар. Бұл адамгершіліктің, адамдықтың әлсіреуі. Бұл аса қауіпті, бірлікті жойып, елді кенже қалдырады, жазықсыз адамдар зар илеп қалады.

Бүгін де көре алмау, қызғануды, өтірік, өсек айтуды, замандастарын жамандауды әдет қылғандар бар, яғни, Абайша айтқанда «өтірік пен өсекті жүндей сабап» жүргендер жетеді. Олар бастықтардың қасында жүреді, мақтайды, марапаттап, жеке басының күйін жасайды.

Бұлар нағыз қашық болатын, адамдар арасына іріткі салатын, кертарта, жаман әдеттер, олардан құтылу керек. Асыл мұратына рухы таза адамдар ғана жетеді, халық арасында абыройлы болады.

Абай – қазақтың рухани қолбасшысы.

Біздің қазақты оңдырмай жүрген «бір жұбаныш» бар. Жалғыз біз бе, елдің бәрі де сөйтіп жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады деген сөзді жұбаныш қылады. Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ пе екен? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді, онда көбіңнен қалма, сенде аузыңды сасыта беруің керек пе?-дейді. Өзгермеймісің? «Қатарыңның алды бол!»- деген қазақтың намысты, жігерлі сөзі бар ғой!

Қазақтан хал-жағдай сұрасаң «шүкір» дейді. Барға шүкірлік еткен дұрыс. Бірақ, шүкірден де басқа сөз бар ғой?! Қазақ неге жұбаныш, шүкірден шықпау, аспау керек. Онан да жақсы, өте жақсы, тұрмыс кешуге неге ұмтылмасқа? Тек бір деңгейде тұра бермек пе? Рухани жаңғыру қазақтарды дамуға, озуға бастаушы ұғым. Олай болса, соны басшылыққа алып, ескіден қашық болып, өзімізді өзіміз жұбатуды әдет қылмай, алға қозғалу қажет қой. Болдым, толдым демей, жеткен жерім осы демей, жетістікке, жеңіске жете беру керек. Яғни, Абайдың айтпағы, Тоқаевтың мақаласындағы тұжырымы осы ғой.

Қазақ «құдай салды, біз көндік», «көппен бірге көрген ұлы той» - деп, не болса да жүре береді. Ол қиындықтан шығуға, шұғыл іс-қимыл жасауға шабан. Реформатор Абай қазақтың осынысын, көнбістікке көндігіп алғанын аяусыз сынады. Қазақ өмірі осылай мал артында салпақтап өте берсе, ол өркениетті түсінде де көрмей, оқшау, соңында шаң басып қала беретініне ызаланды, қапаланды. Сынағаны, қазақ қатардан қалмасын, «мұрты аузына түспесін» дегені. Абай айтқан қазақ кемшілігі бүгін қаншалықты жойылды, түзелді, қазақтың санасы қаншалықты өзгерді? Әйтпесе, біз әлі күнге «Баяғы жартас – бір жартастан» ұзай алмай жүрміз бе? Немесе «Жұрт айтса болды, көп айтса көнді» - деген ермелік, еліктегіштікпен жүріп келеміз бе? Бұл әдетті қойып, Абай жолымен жүру керек. Ұлы Абайдың көксегені қазақтың озық болуы, оның жолын көрсетті.

Оқыған елдің озатынын айтты. «Ғылым таппай мақтанба» - деп ескертті.

Қ.Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Ең алдымен білім игеру. Заман талабына сай білім алу интеллектуальды ұлт қалыптастыруға жол ашады» - деп көрсетті.

Данышпан Абай «пайда ойлама, ар ойла» - деп өсиет айтты. Осы аса маңызды өсиетін бүгінгі қазақ қалай орындап жүр деген сұрақ күн тәртібінде өткір тұр.Әйтеке би «жеке басыңның пайдасын ойлама, халықтың пайдасын ойла, өз пайдаң соның ішінде» - дейді. Әрине, бүгінде халықтың пайдасын ойлайтын, мемлекетке қызмет етіп жүрген қазақ қайраткерлері жетерлік. Бар. Бірақ, жеке басының пайдасын күйттеп, пайдакүнемдікке, парақорлыққа, ақыры сыбайлас жемқорлыққа дейін жеткендерде жеткілікті. Бұл халық, мемлекет үшін өте қауіпті, жаман әдет. «Ұрлық түбі – қорлық» - дегендей, түрмеге түскен, халық қазынасына қол салғандар, бір салғанда мол салғандар жиі ұсталуда. Масқара ғой?! «Рухани жаңғыру» бізді осы жаман әдет-жағдайдан алып шығатын амал. Індет кезінде Қазақстанға бөтен мемлекеттер гуманитарлық көмек жасағанда Қ.Тоқаев лауазымды шенеуніктерге «ар-намыс қайда?» - деді.

Халқымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаев Асанбай Асқаровқа «Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иіс-салмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой... Біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек» - деген толғақты пікірі ойға оралады.

Бұрын Алматыға барып, оқуға түсе алмай қалса, жігіттер намыстанып, ұялып, «ауылға не бетіммен қайтамын, не айтамын» - деп, өздерін қоярға жер таппайтын. Қазір ЕНТ-ден төмен балл алса, жоғары оқу орнына бара алмайтын болса, «қатарымнан қалдым, ұят болды» деп намыстанатын жас азайды. Керісінше,әке-шешесінің тапқан-таянғанына сүйенетін ұл-қыз көбейді. Ар-намыс қайда, қазақ жасында?

Кемеңгер Абайдың ілімі, Рухани жаңғыру бізге енді ар ойлайтын қазақ азаматтарын тәрбелеуді, оларды көбейтуді, ар-намыс әдетін ұстануды міндеттейді.

«Абай –рухани реформатор» атты мақаласында Қ.Тоқаев «жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттердің қажеттілігі бола ма? Бұл зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе» -деген бағдар ой айтты.

Ұлттың болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл Абай қырық екінші сөзінде «қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғын бір себебі –жұмысының жоқтығы. Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын»-дейді. Әйтпесе, педофиль, жезөкшелік, нашақорлық, аферистік, алдаушылық, отбасындағы зорлық-зомбылық, арамтамақтық, ішімдікке салыну, ұрлық, ажырасу, тонау секілді жаман әдеттер қайдан шығады? Адам азғаннан шығады. «Қазақ қоғамының рухани деңгейі өсті ме, төмендеді ме?» дегенге, «төмендеді», «білім көп пе, диплом көп пе?» дегенге, «диплом көп» деген жауаптар бар, яғни, ойланатын нәрсе көп.

Мұны Президент Қ.Тоқаев «біз ештеңені жасырмауымыз керек»-деген. Қазақ мақалында «ауруын жасырған адам өледі» дейді. Ұлттық тәрбие мен қоғамдық тәртіп, рухани жетілу, сананың өзгеруі қазақ қоғамындағы өткір тұрған мәселелер болып табылады.

Ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»-деген. Ақсақалы болмаған ауыл жетім, ғалымдары болмаған ел жетім. Ұлтты азғындату үшін ғалымдарын алады. Ғалымдарын алса, ғылым, білім жойылады. Ғылым, білім жойылса ұлт надан болады. Надан ұлт дамуын тоқтатады, надан ұлтты дамыған ел, өркениетті ұлт басқаратын болады.

Абай өзінің «толық адам» тұжырымын мирас етсе, әл-Фараби «бақытқа жету жолындағы қайырымды қоғам» қағидасын өсиет етіп қалдырды. Қ.Тоқаевтың «халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамасы да осы қағидамен үндеседі. Шенеуніктер ел-жұрттың мұң-мұқтажына құлақ аспағанда кімге құлақ асады. Олардың міндеті – халыққа қызмет ету.

Қазақта сөзді тыңдай білу және сөзге тоқтай білу дәстүрі болған. Әйтеке би «жігіттің жақсылығы сөзге тоқтай білгенінде, өзінің сөзін бөтенге тыңдата білгенінде» -деген екен.

Қ.Тоқаев «халық сөзін тыңдайтын, еститін үкімет болсын»-дейді. Әрине, үкімет халықтың мұң-мұқтажын, өтініш-сұрағын тыңдап, шешім қабылдап, көмектесу, тұрмысын жақсарту шараларын алу керек. Ал жұртшылық бір мәселені өз мүддесі үшін ойына бекітіп алады да, асыл сөзге де, көпке ортақ ақыл-шешімге де тоқтамайтын болып барады.

Ұлы ақын Абай «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды»-деп үлкендердің сөзіне, ғалымдардың ақылына тоқтамай өсек айтуды әдет қылғандарды әшкерелесе, «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ»-деп кейбір ұлықтардың халықтың көңілінен шықпай отырғанын сынады.

Қазір сөз мәнін түсінетін, ақылға тоқтайтындар азайды. Әркім ақылды, әркімнің өз жеке тоқтамы болуда, яғни, ақиқат, әділдік емес, өз мүддесіне, өз

пайдасына бұру белең алуда. Дана Абай «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» -деген. Сөзді естіп, тыңдап, түсініп, ақылға салып, пайдаланса, адамға пайда. Сөзге тоқтай білу дәстүрі қазақтың ерекше ақылдылық қасиеті. Әтпесе, қазақ «ақымаққа айтқан сөзім шығын»- дейді.

Ұлы ағартушы Абай: «Қазақтардың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар. Әуелі, «Жарлы болсаң, арлы болма»,-дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргенің құрсын. «Атың шықпаса, жер өрте»,-дейді. Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат. «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ» -деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз. Сұрауын табамын деп қорлықпенен өмір өткізгенше малды не жерден, не аққан терден сұрау керек қой! Осындай білместікпенен айтылған сөздерден бек сақ болу керек» -дейді.

Олай болса, біз жаһандық әлем дамуымен қабыспайтын, ескірген, өркениетке сабақтас келмейтін, рухымызды шыңдамайтын, кертартпа мақал-мәтелдерден, әдет-ғұрыптардан, мінез-құлықтан арылуымыз керек.

«Рухани жаңғыру» мен «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламаларындағы «Заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде танымал ету, дала фольклоры мен музыкалық мұрасын сақтау және насихаттау бағыттарын қамтып, өнер арқылы өзгеруді, дамуды, әлемде танымал болуды мақсат етеді. Себебі, Президент Қ.Тоқаев айтқандай, «шет ел қазақтың рухани және мәдени құндылықтарымен анау айтқандай таныс емес. Ұлттық кодтың бір тармағы қазақтың бай өнері, музыкасы болып табылады».

Қазақтың ән-күй өнері әр кезеңдерде небір қуғын-сүргінді бастан кешірді. 1930 жылдары қазақтарды советтік бақытты өміріне қайтып келеді деп мұңды әндер репертуардан, тізімнен шығарылып, 14 мың әннен тек 1 мың ән қалды. 1955-1960 жылдары қазақ әндерін орысшаға аударып орындау орын алды. Домбыра мен қобыз ескінің қалдығы, көзі деп шеттетілді. Қазақтың дәстүрлі музыка аспаптарының орнын гитара мен баян баса бастады. Сөйтіп, қазақ өнері сахнадан ығыстырылды, санадан өшіріле бастады.

Қазақ тілі өгейленіп, ас үйден аспай қалды. Іс қағаздары, үлкенді-кішілі жиналыстар тек орыс тілінде жүргізілді. Орысша оқып, орысша тәрбиеленген қазақ балалары «қазақпын» деуге арланып, «мен орыспын» дейтін болды. Қазақстанды мемлекет ретінде бөлшектеу, террриториясын бөтен республикаларға бөліп беру, ішінен бөтен ұлттарға автономия ашу саясаты жүргізіле бастады. Бұл жағдайды Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдауларында тәуелсіздік алуымызға байланысты талай айтты.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық мерекелері, Наурыз мейрамы діни, ескіліктің қалдығы, кертартпа, зиянды деген баға алып, олардың орнын орыс дәстүрлері мен мерекелері басты. Жаңа советтік салт-дәстүрлер - Комсомолдық той, проводы русской зимы, Новый год, қайтқан адамды жаназасын шығармай, митинг жасап, оркестмен шығару әдетке айналды. Сөйтіп, бізді бір жылдары ұлттық кодтан айырып, тілімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді ұмыттырып, ұлт болудан қалдыра жаздады.

Қазақ музыкасын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін жою қазақ рухын жою еді. Тәуелсіздік алып, тарихымызға, тілімізге, мәдениетімізге, салт-дәстүрімізге қайта оралдық. Әйтсе де, бүгін бұл салада көкейтесті мәселелер бар.

«Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар»-дегендей қазір той әндері, көңіл көтеруге, иықты көтеріп би билеуге арналған, музыкасында жан ләззаты, сөзінде ақыл-мазмұны аз, жеңіл-желпі әуендер белең алып бара жатқанын байқаймыз. Қазір «жақсы ән мен тәтті күй» азайды. Мұны өзі де өлең жазған, ән шығарған, күй шығарған композитор-ақын Абай «Құр айқай бақырған, Құлаққа ән бе екен?» -деп ән-күйдің тәрбиелік, эстетикалық мәнін, маңызын жеткізе айтты.

Әлем қазақтарды тек қара алтынмен ғана емес, мәдени жетістіктеріміз арқылы да тануы керек. Ақтөбелік талантты әнші Дінмұхамбет Құдайберген мемлекет абыройын көтеріп, қазақ атын әлемге паш етті. Бұл бір дарынның жетістігі, ал егер Димаштай дарындылар көбірек болса қандай болар еді? Қазақстан үшін, әрине, керемет болар еді. Қазақтар арасында әлем артисі, опера орындаушылар Айман Мұсақожаева, Марат Бисенғалиев, пианистка Жәния Әубәкірова, дирижер Алан Бөрібаев сияқты дарындылар баршылық. Өнер Қазақстанды, қазақты әлемге тезірек, кеңірек танытады. Сондықтан ол бүгінгі қазақстандықтар жасап жатырған заманауи мәдениет болуға тиіс.

«Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары бойынша қазақ әндерін, күйлерін, фольклорын жинау, сақтау, насихаттау – басты мақсат. «Ел іші – алтын кеніш» дегендей, ауыл-аймақтарда өнерпаздар шығарған, орындалып жүрген талай жыр, дастан, терме, ән-күй бар. Олар айналысқа, сахнаға шығарылмауда. Халқымыздың ән айту, күй тарту дәстүрін заманға сай жалғастыру – ұрпақ міндеті.

Қазақтар әлем мәдениеті қатарынан өзінің ерекше ұлттық бояуымен, ұлттық киімімен лайықты орнын алуы тиіс. Қазір қазақ өнерін, мәдениетін

білетін шет елдер көп емес екенін сеземіз, білеміз. «Дәстүрдің ескісі бар, жаңасы бар»-деген совет кезеңінде кітап жинау, кітап оқу жақсы дәстүр болды. «Подписаное издание» деген болды. Атақты әлем жазушыларының небір тамаша әдеби шығармалары сонда шығатын. Жақсы кітапты таныстықпен, ал Алматыдан келгендер ауыл дүкендерінен классиканы алатын. Сөйтіп, кітап культы жасалған. Қазір жағдай басқаша. Дегенмен, білім өркениетке жеткізетін тетік болғандықтан, кітапты, кітап оқу әдетін қолға алу қажет. Себебі, «артық білім кітапта» -дегенді бәріміз білеміз.

Ұлы ойшыл Абай бізге «Бес асыл мен бес дұшпанды» көрсетіп, айтып берді.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой
Бас асыл іс көнсеңіз, -деді.

Біз осы бес асылды санамызға, бойымызға сіңіре алдық па? Бес дұшпаннан жиреніп, арылдық па? Бұл сұраққа әр қазақ, бүкіл қазақ қоғамы жауап беруі керек.

Бес асылдың бірі – еңбек. Дамыған озық ел, тұрғындарының тұрмыс деңгейі жоғары мемлекеттің халқы еңбекқор, қол жайғыш, сұраншақ емес, тұтынушылық әдеттен арылған, өз жағдайын өзі жасай алатын халқы бар ел.

Ағылшын премьер-министрі «темір-леди» атанған Маргарэт Тэтчер «Мен басқаруға бір нақты ойластырылған ниетпен кіріскен едім. Ағылшын қоғамын толығымен тәуелді масылдықтан құтқарып, өз болашағына сенімді кәсіпкерге айналдырып, дәстүрлі «өтінемін, маған беріңізші» емес, «бәрін өзіміз жасаймыз» дейтін ұлтқа өзгерткім келді» -деп өз ұстанымын белгілеген.

Қазақ еліндегі рухани жаңғырудың, сананы өзгертудің басты шарты – көзқарасты адал еңбек ету дәстүріне, еңбек тәртібіне қарай өзгерту. Еріншектікті, тұтынушылық ұғымды, әдетті жою. Елді еңбекке баулу. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегенді білеміз. Ұлы ақын Н.Байғанин «еңбекке жалқауларды шақырамын»- дейді. Еселі еңбек еткен Оңтүстік Корея, Малайзия халқы қазір дамыған мемлекетте өмір сүруде. Қ.Тоқаев «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында «Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте»- деп жазды.

Біздің елімізде еңбек етуге деген көзқараста ойланатын өзекті мәселелер бар. Оны ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Шындықты айтсақ, шетелдерде халқымыз нағыз еңбекқор жұрт ретінде әлі таныла қойған жоқ. Бұл біздің беделімізге де едәуір нұқсан келтіреді. Сондықтан еңбекке баулу жастарға тәрбие берудің негізгі бағыты болуы керек деп санаймын»-деді.

Президент «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты үлкен мақаласында «Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет. Сондықтан шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз» - деп болашақтағы мақсатты анықтап берді.

Дана Абай он бесінші қара сөзінде «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмағанда, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен... өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса не қылып өткізгеніңді өзіңде білмей қалыппысың?» - дейді.

Патриот-жазушы Н. Островский «Самое дорогое у человека – это жизнь. Оно дается человеку лишь один раз. Жизнь надо прожить так, чтобы потом не было мучительно больно за безцельно прожитые годы» - деген. Олай болса әр адам не істедім деп, өзіне есеп беріп, рухани жаңғырып, жыл өткен сайын өзгеріп, жетіліп, дамып, рухтанып өмір ағымынан қалмай, қазаққа пайдалы іс тындырып өмір сүру керек.

Қазір қазаққа не пайдалы, не істеу керек екендігін білетіндер көп, ақыл айтатындар жетіп артылады. Ал істейтіндер аз. Енді сол білетін керектерді білекті сыбанып жіберіп, белсенділік көрсетіп, істейтіндер көбеюі қажет. Әрі жазушы, әрі ғалым Ғ. Мүсірепов «Қазақтың білетіні аз емес, істей білетіні аз. Білу мен істей білу – екі мәселе» - депті. Олай болса, «Рухани жаңғыру» мен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларын біліп қана қоймай, істей білетіндер қолға алып, жүзеге асырулары міндет. Қ.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Ақыл-оймен озатын кезең келді. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді» - деп жазған.

Қазақстанда «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларын жүзеге асыруда Қ.Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтқандай «Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Абайдың ой-тұжырымдары болашағымызға қашанда рухани азық бола алады» - деп атап көрсетті.

Тек Абай идеяларына терең бойлау қажет және оны жүзеге асыру керек. Ал қазір ұлы ақынның өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айту мен әндерін сахнада орын-

дау бар. Қ.Тоқаев аталған мақаласында:«Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет»-деп айтты. Яғни, Қазақстан идеологтарының алдында үлкен жұмыс тұр.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын рух пен іс-әрекеттер қайраткерлері, облыстың таңдаулылары қарқынды, нәтижелі жүзеге асыра алады.

Біз, қазақтар табиғи байлықтарымыз бен рухани күш-қуатымызға және бағзы бабалар өсиетіне сай, абырой мен ар-намысқа сүйеніп, рухани жаңғырып, өркениетті, бай-қуатты, бақытты, шаттықты өмір сүруге лайықтымыз.

# ТУҒАН ЖЕР: БИЫЛ АҚТӨБЕДЕ 377 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ



**Н.Ж. ХАСЕНОВ**
**Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталығының басшысы**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы аясында биыл Ақтөбеде 377 жоба іске асырылды. Бәрі де кәсіпкер-меценаттардың қолдауымен қолданысқа берілді. Ірі жобалар қатарында Ақтөбе қаласындағы Ер Едіге ескерткіші бар. Қоғамдық қордың демеушілігімен жоба құны 40 млн теңге тұратын Ер Едіге батырдың ескерткіші және жоба құны 120 млн теңгені болатын Есет батыр Көкіұлының ескерткіші, «Тәуке хан» спорт алаңы ашылды.

Айшықты мекен Алға ауданының Бестамақ ауылында К.Дибиталиннің демеушілігімен Ақтөбе колледжіне 213 млн теңгеге екі қабатты жаңа оқу ғимараты салынды. Алға қаласындағы жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 5 млн теңгеге Есет батыр көшесінің бойына батырдың ескерткіші орнатылды. Әйтеке би ауданының Қарабұтақ ауылында кәсіпкер Қ. Қойлыбаевтың демеушілігімен «Әкелер саябағына» 4 млн 700 мың теңгеге воркаут орналастырылды. Байтақ мекен Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында «Байғанин аудандық даму және қолдау қоры» қоғамдық қорының демеушілігімен 13 млн теңгеге аудандық мәдениет үйіне көшпелі сахна қолданысқа берілді. Тарихы терең Темір ауданының Шұбарқұдық ауылында ауыл кәсіпкерлерінің демеушілік көмегімен құны 10 млн теңгеге генерал-лейтенант Ж.Кереевтің ескерткіші орнатылса, өндірісті Хромтау ауданының Қызылсу ауылындағы мәдениет үйін жөндеуге «ЮжПромСнаб» ЖШС-і 15 млн теңге бөлді. Шалқар ауданы Мөңке би ауылында 1 млн 500 мың теңгеге «Мөңке би» стеласы орнатылды. Ал «Туған жер» арнайы жобасының «Туған жерге тағзым» акциясы әлі де жалғасын табуда. Ал «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында үш бағыт қамтылды. Республикалық маңызы бар киелі жерлердің тізіміне облыс бойынша 12 ескерткіш және жергілікті маңызы бар 46 ескерткіш енгізілді.

Ақтөбе облысы бойынша республикалық маңызы бар киелі жерлер тізіміне енгізілген 12 ескерткіш: Қобда ауданындағы Абат-Байтақ қорымы, Қобыланды батыр мемориалдық кешені, Исатай батыр кесенесі, Әйтеке би ауданындағы Әбілқайыр хан жерленген «Хан моласы» қорымы, Кеңесары ханның қарындасы – Бопайдың моласы, Темір ауданындағы Досжан ишан мешіті, Шалқар ауданындағы Есет-Дәрібай Көтібарұлының кесенелері, Алға ауданындағы Есет батыр Көкіұлының мемориалдық кешені, Хромтау ауданындағы Ойсылқара қорымы, Ырғыз ауданындағы Жаманшың метеорит кратері, Алға ауданындағы Әубәкір Кердерінің кесенесі, Байғанин ауданындағы Қызылүйік ғибадатханасы.



Өңірде тарихи ескерткіштерді зерттеу жұмысы жалғасып жатыр. Алматы қаласындағы Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бас директоры Б.Байтанаев жетекшілік еткен археолог-ғалымдар бес жобаны жүзеге асырды. Олар облыстың Хромтау, Әйтеке би, Мұғалжар, Байғанин және Темір аудандары аумағындағы екерткіштерді анықтап, есепке алды, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 7 көне қоныстың орны, петроглифтер шоғырланған 11 жер, сондай-ақ 27 қорым анықталды. Қазба жұмыстары кезінде неолит, тас дәуірінен қалған археологиялық олжалар табылды.




Қасиетті орындарды археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Ақтөбе өңірінен алғаш рет Алтын адамның қорғаны табылды. Темір ауданы Тасқопа ауылының маңынан табылған б.з.д. V ғасырда алтын бұйымдармен әшекейленген сармат көсемінің қорғанын зерттеу нәтижесінде 15 қорған анықталып, 4 қорған зерттелді. Табылған барлық заттар ҚР археология институтына зерттеуге жіберілді. Ойыл аудандық музейінің археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Берсиев округі маңындағы ерте дәуірде адамдар мекендеген «Қаздыарал» тұрағынан ерте қола дәуірі мен орта ғасыр кезеңіне жататын ескі құмыра, адам сүйектері табылды. Табылған жәдігерлерге ғылыми зерттеу жүргізілуде.

Қазіргі кезде ескерткіштерге QR-кодтар орнатылып жатыр. QR-код арқылы негізгі мәліметтерді, орналасқан жері, тарихы, тарихи орынмен байланысты аңыз-әңгімелермен таныса алады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында барлығы 97 ескерткішке, оның ішінде қала аумағындағы 39, аудандардағы 58 ескерткішке бірегей және жекелеген QR-код орнатылды. 2021 жылы облыс бойынша 50 ескерткішке QR-код орнату жоспарланып отыр.




# «МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК ТІЛ»



**А.К. ШАМПИШОВА**
**Бестау орта мектебі**
**Ақтөбе облысы,**
**Қобда ауданы**

**Мақсаты:** Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру,тіл мәртебесін көтеру. Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру, үш тілдік саясатын дамыту. Оқушылардың тілге деген құрметін, қадір-қасиетін дамыту.

**Жүргізуші:** Армысыздар, қымбатты қонақтар! Ұлағатты ұстаздар мен оқушылар!

Ана тілім, Жүрегісің анамның.
Жүрек-ана, Мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.

Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесі күніне орай өздеріңізбен қауышып отырмыз.

Олай болса, «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» атты мерекелік кешімізді бастайық! Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады. Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл – әрбір елдің жаны.

Осыдан тура 30 жыл бұрын – 1989 жылы 22 қыркүйек күні "Тіл туралы" заң қабылданған болатын. Бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі, ал орыс тілі-ұлтаралық тіл деп бекітілген еді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 1998 жылы 20 қаңтарда республика халықтарының ұлттық байлығы-Тілді қорғау мақсатында 22 қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялаған еді. Тілді қадірлеп, қастерлеу әрбір адамның міндеті екенін түсіне білгеніміз жөн.

**Жүргізуші:**

Тіл деген – алып мұхит түбі терең,
Піспегі толқын шашқан күбі ерен.
Қадірін тілдің сұра сақаулардан,
Көзіне жас алып бір күбірлеген.
Тіл деген – жарық жұлдыз аспандағы,
Арманның қиял жетпес баспалдағы.
Қадірін тілдің сұра мылқаулардан,
Көлінен ұшпай қалған қасқалдағы.
Тіл деген – адастырмас темірқазық,
Өрісі магнитінің өмірге азық.
Қадірін тілдің сұра кереңдерден,
Сөйлеуді арман еткен көңіл жазып.

**Жүргізуші:** Бүгінгі «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» атты бастауыш сыныптар арасында өтілгелі отырған сайысты бастауға рұқсат етіңіздер. Бұл сайысты бастамас бұрын, алдымен сайыстың әділ бағасын беретін әділ-қазы мүшелерімізбен танысып алайық.

**Мектеп директоры: Айтжанова Марал Жалгасбаевна**

**Бестау ауылдық кітапханасының кітапханашысы Каулешова Айнагуль Кайнарқызы**

**Гуманитарлық пәндер әдістеме бірлестігінің жетекшісі Матжанова Дамеле Сапаровна**

Сайыс 6-кезеңнен тұрады.

1) Таныстыру (әр топ өзінің тобын таныстырады)

2) Үш тілдік өлең сайысы (топтағы оқушылар үш тілде патриоттық өлеңді мәнерлеп айту)

3) Жұмбақ жарысы (жасырылған жұмбақтың жауабын үш тілде айту)

4) Мақал-мәтел жарысы

5) Өлең құрастыру

6) Сұрақ-жауап

**Жүргізуші:** Қуатым – ана тілім
Қазағым, қайда жүрсең біл тіліңді,
Айтады ана тілсіз кім түбіңді?
Қайсыбір қандастарым шүлдірлесе,
Жүрегім біз сұққандай мың тілінді.
Қуатым – ана тілім ақ сүт берген,
Жан емен, сен бар кезде қаңсып көрген.
Өлеңде топқа түссем, өзіңсің ғой,
Әперген маған орын ашып төрден.

3) Жұмбақ жарысы (әр топқа үш жұмбақтан оқылады, жұмбақтың жауабын үш тілде айту керек)

1. Шәкіртке жанашыр, Мейірман кім, жаны асыл. (ұстаз, учитель, teacher )

2. Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (кітап, книга, book)

3. Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (қарындаш, карандаш, pencil)

4. Білімнен мол сый-асы, Балғындардың ұясы. (мектеп, школа, shcool)

5. Ат міндім қарала аяқ қаздақтатып, Жүргенде жол салады табандатып. (қалам, ручка, pen)

6. Жер көрдім қаласы бар, Үйлері жоқ мекендейтін. Көп көрдім, өзен көрдім, Сулары жоқ тереңдейтін. (карта, карта, map)

7. Бір мақұлық бар тілі жоқ, Сөйлегенде міні жоқ. (хат, письмо, letter)

8. Ұшымен қазық, Тор көзді жаздық. Үстіне өттім, Асыл сөз жазып. (Дәптер, тетрадь, notebook)

9. Сағат сайын қағылады, Тек мектептен табылады. (Қоңырау, звонок, bell)

10. Жұқа тақтай бөлшегі, Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш, линейка, ruler)

11. Оқу – білім аспабы, Қоймасының бас қабы.
Бөлмесі де бірнешеу, Тиегі бар ашпалы. (Сөмке, портфель, bag)

12. Білім менен тәлім, Парақты ашқанда
Беттерінен мәлім. (Күнделік, дневник, diary)

13. Ілулі тұр кең алаң, Керегімді мен одан.
Жазып алам көшіріп, Сүртем сосын өшіріп. (Тақта, доска, blackboard)

14. Сансыз ойлар бетінде, Сайрап жатыр бар тілде.
Қажетпін мен әр күнде, Өшпейді бір әрпім де. (Қағаз, бумага, paper )

15. Шәкірт кездегі, Білімнің безбені. (Баға, оценка, assessment)

16. Бар білімнің бастауы, Бар ғылымның бастауы.
Жас балаға нұр шашқан, Қандай кітап тіл ашқан? (Әліппе, букварь, primer )

17. Ойды аяқтап қорытады, Соңында доп тұрады. (Сөйлем, предложения, proposal)

18. Мектептің алтын орағы, Зейінділер одағы.
Жақсы көрер бар бала, Зерекке дос ол дағы. (Бестік, пятерка, honours pupil)

**Жүргізуші:**

Қалса егер, жалғыз сәтке қалғып тілім,
Дей бергін ауа жетпей, қарлықты үнім.
Сен барда терезем тең, еңсем биік,
Қасында тұрсам-дағы қай мықтының!

Ардағым, ана тілім - жан мерейім,
Сен болсаң, көш бастаушым келешекке,
Соңыңнан көзім жазбай, мәңгі ерейін.
Төбемде тұрса сенің жанып нұрың,
Демеймін сөз сөйлеуден жалықты ұлың!
Түсінгін ардақ тұтқан ана тілім,
Екенін жан сырымның анық мұңың!

**Мақал-мәтел жарысы**

1. Анам берген туған тілім, Атам берген құрал тілім.
2. Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді.
3. Ана тілің алпыс тілге татиды.
4. Әрбір халық өзінің ана тілінде ғана бақытты.
5. Ана тілі – бәрімiздің анамыз, Өйткені ол – ұлтымыздың анасы
6. Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.
7. Тіл - достықтың алтын көпірі.
8. Тіл - ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі.
9. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.
10. Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді.
11. Тіл ақылдың - өлшемі.
12. Өз тілің - бірлік үшін, Өзге тілің - тірлік үшін.
13. Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.
14. Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді.
15. Ми ойлағанды тіл тындырады.
16. Туған ел – тұғырың, Туған тіл – қыдырың.
17. Ауызда жиек жоқ, тілде тиек жоқ
18. Тілі өлген ел – тірі өлген ел.
19. Өткір тіл- дарын, Ұзын тіл-жауың
20. Отан-қуат, Отбасы-шуақ
21. Ел ұлсыз болмас, Жер гүлсіз болмас
22. Тілдің қадірін білмеген, Кімнің қадірін білмек
23. Туған жер-тұғырың, Туған тіл-Қыдырың
24. Тілін білмеген түбін білмейді
25. Тіл қаруы-сөз
26. Сөз тапқанға қолқа жоқ
27. Ең жұмсақта-тіл, Ең қатты да-тіл

**Жүргізуші:**

Ұлы Абай, Мұхтардай пірім менің.
Тұнығым, рухани жан азығым
Ол бүлінсе, менің де бүлінгенім.
Ана тілім, туған тілім,бал тілім
Сен арқылы дүние танып талпындым.
Сен арқылы әлемге аян бар ісім
Сен өмірде таусылмайтын алтыным.

5) Өлең құрастыру

**1 топ:** арың бұл, Ана тілің арың бұл, тұр бетте, ұятың боп өз тіліңді, өзге тілдің, құрметте, бәрін біл,

**2 топ:** гүліміз, отанның біз, нұрымыз, туған жердің, еліміз, біздің, тәуелсіз, жеріміз, бай, Қазақстан

**3 топ:** Менің, Қазақстан, Отаным, әнге қосамын, атыңды, дами бер, шарықтап, өсіп, үлес қосамын, біліммен

**4 топ:** гүл елім, туған елім, білемін, қасиетіңді, жүремін, өзіңе деп, жүрегім, лүпілдеген

**5 топ:** Атамекен, Отан деген, туған жер, Отан деген, Отан үлкен, Отан ана, Туған ел, Қазақстан

**6 топ:** сенің ата-анаң, Отан, досың, бауырың, Отан, өлкең, астанаң, Отан, аудан, ауылың, Отан

**Жүргізуші:**

Қазақпын мен, қазақтың бөлшегімін,
Қажеті не басқаның өлшемінің?
Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,
Енді міне жетеді көпке үнім.

6) Сұрақ-жауап

1) Қазақстан Республикасының рәміздерін ата. (гимн, елтаңба, ту)
2) Мемлекеттік тіл қай тіл? (қазақ тілі)
3) Тәуелсіздігімізге қанша жыл? 28жыл
4) Қазақстан Республикасының астанасы. (Нұр Сұлтан)
5) Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев)
6) Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті кім? (Н.Ә.Назарбаев)
7) Мектебімізде қандай тілдер оқытылады? (қазақ, орыс, ағылшын)
8) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын ата (теңге)
9) Тәуелсіздік мерекесі қай күні аталып өтеді? (16-желтоқсан)
10) Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар? (42әріп)
11) Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 тамыз)
12) «Кел балалар оқылық» өлеңінің авторы кім? (Ы. Алтынсарин)
13) Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)
14) Қазақ әліпбиінің негізін салушы? (Ахмет Байтұрсынұлы)
15) Қазақстанның бұрынғы астанасы? (Алматы)
16) Ахмет Яссауи кесенесі қай қалада орналасқан? (Түркістан)
17) Ежелгі Сақтардың ел билеген атақты патшасы? (Томирис)
18) Қазақта тұңғыш дүние жүзі чемпионын алған кім? (Қажымұқан)
19) Шахматтың отаны? (Үндістан)
20) Қазақстан жер көлемі көлемі бойынша нешінші орында тұр? (9 орын)
21) Астана символына айналған ертегі гүліндей сәнді мұнара қалай аталады? (Бәйтерек)
22) Мемлекеттік тудың авторы кім? (Шәкен Ниязбеков)

23) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимннің әнің жазған кім? (Шәмші Қалдаяқов)

24) Қазақстан Республикасы қай елдермен шектеседі? (Қытай, Ресей, Түркменстан, Қырғызстан, Өзбекстан)

**Жүргізуші:** Қазір дүниеде 2796 түрлі тіл қолданылады. Қолданатын жан саны 50 миллионнан асатын тіл – 13. Егер бұл тілдерді қолданатын жан санының аз-көптігіне қарай тізсек, реті мынандай болады: қытай тілі, хинди-ордо тілі, ағылшын тілі, испан тілі, итальян тілі. Бұл тілдер 65 мемлекетте мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Дүние жүзінде ресми тіл саны алтау: қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі, араб тілі.  Жалпы 6 мыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік деген статусқа ие болған.

**Жүргізуші:**

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

**5-оқушы:**

Тілім менің мен өзің деп мақтанам
Басқа тілдің тарих сыры жат маған.
Туғаныма мендағы қазақ болып
Ана тілім арыңменде барыңменде мақтанам.
Тілім мені бұлбұлдайғып сайратқан
Талай жауды өткірлікпен қайратқан.
Сен арқылы келгендеимін дүниеге
Шырылдап сәби болып қайтадан.

Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген.

Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб  тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Көне еврей тілін зерттеген. Луначарский испан тілін 57 жасында үйренген екен.

Олай болса, құрметті оқушылар, ұстаздар тілді үйрену ешқашан кеш емес. Ол үшін тек ниет пен еңбектену ғана қажет. Бүгінгі кеш көңілдеріңізді біраз серпілтіп, тың мағлұматтар берді деген үміттеміз. Осымен тілдер мерекесіне арналған **«Мәңгілік ел-мәңгілік тіл»** атты сыныптан тыс шарамыз аяқталды. Уақыт бөліп, көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін көп рақмет! Қош, сау болыңыздар!

# ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫ ҚАЛАЙ ЖАЗУҒА БОЛАДЫ?

**А.С. КУШКИМБАЕВА**
**PhD доктор, аға оқытушы**
**Г.М. АЯПОВА**
**Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығы әдіскері, филология магистрі**

**1. Ұйымдастыру бөлімі:** «Музыкалық үйшік» тренингі арқылы қатысушыларды топқа бөлу.

**Мақсаты:** дыбыстарды есту арқылы түрлі табиғат құбылыстарын ажырата білу (Осы арқылы төрт топқа бөлу).

**Жүзеге асуы:** әртүрлі аспан құбылысының дыбысы тыңдатылады. Табиғат құбылысының дыбысын ажыратқан қатысушы қандай құбылыс екенін анықтап айтып береді.

**2. Қызығушылықты ояту:** «Миға шабуыл» әдісі арқылы меңгеріледі (Интерактивті тақтада 4 сұрақ)

- Ғылыми жұмыс деген не?
- Ғылыми жұмысты жазуды қалай бастайсыз?
- Ғылыми жұмыста қандай әдістерді басшылыққа аласыз?
- Ғылыми жұмысты жазу барысында кездесетін қиындықтар

**Мағынаны ашу:**

1. **«Ротация»** әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап жазу.

2. Топ мүшелері **«ИНСЕРД»** әдісі арқылы жауапты тексереді.

**«+» – жаңа;**
**«?» – түсініксіз;**
**«-» – келіспеймін;**
**«V» – менің ойымды қайталаған**

Ұсынылған мәліметпен өздері білетіндерінің дұрыс-бұрыстығын салыстыру:

- *Ғылыми жұмыс дегеніміз не?* Ғылыми жұмыс дегеніміз, ғылыми зерттеулерге, эксперименттерге, жаңа білім алуға, ғылыми гипотезаларды сынауға, табиғатта және қоғамда көрініс табатын үлгілерді қалыптастыруға, ғылыми негіздеуге, жобаларды ғылыми негіздеуге бағытталған ғылыми сипаттағы жұмыс. Ғылыми зерттеу – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір обьект жөнінде жаңа білім қалыптастыруымен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген обьектілермен танысу. Оның негізінде адам әрекетінің ең қиын түрі – ғалымның таным қызметі.

- *Ғылыми жұмысты жазуды қалай бастайсыз?*

Ең бастысы әрі дұрыс, әрі қызық, әрі келісімді тақырып табу керек. Тақырыбың қатысқан семинарға байланысты болу керек. Кейбір профессор не оқытушы бір арнайы тақырып беруі де мүмкін.

**Егер тақырыпты өзің таңдасаң:**

- тақырыптың өзіңе қызық болғаны абзал;
- тақырыптың алдағы уақыттағы оқуға немесе жұмыстарға тиімді, яғни «пайдалы» болғаны жөн;
- тақырыптың бұрынғы жазылған немесе оқыған тақырыптармен байланысты болғаны жұмысты жеңілдетеді.
- тақырыбтың келісімді болу керек (жалғасы төменде).

**Тақырыптың үш түрі болады:**

- «ғылыми» тақырып, бұл – тек шынайы ғылыми зерттеу арқылы (мыс. эксперимент) ғана қозғалатын тақырып;
- «ғасыр» тақырыбы – мұндай тақырыптар қатарына философиялық сұрақтар немесе эволюция жөніндегі тақырыптар және бір белгілі теорияға құралған тақырыптар жатады;
- «сән» тақырыбы – аты айтып тұрғандай, бұл өзекті оқиғаға не жаңалыққа байланысты тақырып.

Әр тақырып түрінің жақсы не жаман жақтары бар. Мысалы, «сән» тақырып тек жаңа пайда болған нәрсе туралы болса, оның болашақта қалай дамитынын айту қиынға түседі, оны тек болжауға болады. Немесе өзекті мәселе жөнінде көптеген пікірлер айтылып, сол пікірлердің арасында жоғалып, тақырып ашылмай да қалады.

- *Ғылыми жұмыста қандай әдістерді басшылыққа аласыз?*

Енді тақырыпты нақтылау керек. Ол үшін бірнеше тәсіл бар. Мысалы, brainstorming, mind-mapping, freewriting... яғни ассоциациялар немесе тақырыпқа байланысты кез келген ойды жазып, бір ретке келтіру арқылы тақырыпты нақтылауға болады. (Миға шабуылдау, ақыл-ойлау, босату)

Негізі тақырыпты келесі, кем дегенде, 10 бағытта нақтылап сараптауға болады:

1. Уақыт арқылы: белгілі уақыт аралығында болған жағдай, мысалы, қазақ хандығы Тәуке хан билік кезінде (1680-1715 жж.).

2. Географиялық орын арқылы, мысалы, қазақ хандығы Тәуке хан билігі кезіндегі (1680-1715 жж.) кіші жүз.

3. Институциялық яғни мекемеге байланысты, мысалы, қазақ хандығы Тәуке хан билік кезінде

(1680-1715 жж.) Кіші жүздегі (Сот жүйесі) Би кеңесі.

4. Адам топтарына байланысты, мысалы, қазақ хандығы Тәуке хан билік құрған кездегі (1680-1715 жж.) билердің ролі.

5. Ақпарат көзіне байланысты, мысалы, қазақ хандығы орыс (қытай) тарихындағы хандық бейнесі.

6. Бір белгілі тұлға арқылы, мысалы, қазақ хандығы Ілияс Есенберлиннің шығармаларындағы (немесе «Көшпенділер» трилогиясындағы) хандық бейнесі.

7. Белгілі пән не ғылыми бағыт арқылы, мысалы, Қазақ хандығындағы тәрбие мәселесі. Көшпенділер – ғылыми-философиялық ойлар. Қазақ хандығының саяси қарым-қатынасы. Қазақ хандығының экономикалық жағдайы.

8. Белгілі теориялар немесе ағартушылық ойларына байланысты, мысалы, қазақ хандығы этностың құрылуы. Қазақ хандығы: орта ғасырлық мемлекеттің дамуы.

9. Теория (стиль) құрған тұлға арқылы, мысалы, қазақ хандығы Асан-қайғының (утопиялық) өлең жолдары арқылы хандықтың бейнесі. Құрманғазының ойнау стилі арқылы Дина Нұрпейісованың шығармашылығын сараптау.

10. Таңдалған аспект (көзқарас) бойынша, мысалы, қазақ хандығы әйелдердің қоғамдық ролі. Қазақ хандығы мал шаруашылық дамуы. Қазақ хандығы дін жағдайы.

Аталған пункттер бір тақырыпта топтасып араласып келеді. Мысалы: Қазақ хандығы: Ілия Есенберлиннің шығармаларындағы (немесе «Көшпенділер» трилогиясындағы) ханның бейнесі.

Осылай жұмыс тақырыбын нақтылап, кішірейтіп, қысқартып жақсы жазуға болады.

Тақырып неғұрлым нақты болса, соғұрлым оңай жазылады.

- *Ғылыми жұмысты жазу барысында кездесетін қиындықтарды атасаңыз?*

1. Тақырыптың нақты болмауы;
2. Білімді әрі білікті жетекшінің болмауы;
3. Ғылыми жұмыстың жоспарын құра білмеу.

**5. Қорытынды тренинг:**

**Мақсаты:** қатысушылардың алған мәліметтерін қорытындылап бекіту.

***Жүзеге асуы:*** Кез-келген қатысушы өзіне түскен сөзге немесе терминге түсініктеме береді. (Тез әрі шапшаң, себебі, барлығына таныс сөздер)

**Қажетті сөздер:** Ғылым, ғылыми жоба, таным қызметі, ғылыми тақырып, сараптау, нақтылау, жетекші, жұмыс жоспары, философиялық сұрақтар, өзекті мәселе.

**6. Сауалнама:**

Тренингке қатысушының аты-жөні ____________

| Бүгінгі тренингтің ең сәтті тұсы | Ұсыныс, пікіріңіз |
|---|---|
| | |

**7. Қосымша мәлімет**

**Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру**

*Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі.* ***Питер Клайн.***

Әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылықтың табиғаты шексіз екенін, сондай-ақ оған ықпал ететін факторлардың да сан қырлы болатынын көрсетеді. Бірақ дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады.

Балалардың дарындылығын дамытудағы бұл құралдың мәні, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік-бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. «Зерттеу» түсінігі «жаңа білімді өңдеу процесі және таным қызметінің бір түрі болып есептеледі» деп түсіндіріледі.

Ғылыми зерттеу – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір обьект жөнінде жаңа білім қалыптастыруымен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген обьектілермен танысу. Оның негізінде адам әрекетінің ең қиын түрі- ғалымның таным қызметі. Танымдық әрекет оқушы үшін еске түсіру (репродуктивті) мен өзгерту (шығармашылық) бағытында болуы мүмкін. Оқушының өзгерту таным әрекеті зерттеу деп аталатын тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабымен қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес өзі ашады.

Шығармашылық зерттеу тәртібінің маңызды сипаттамасы. Шығармашылық зерттеушілік ізденіс адам үшін екі түрлі көзқараспен маңызды: бір жағынан жаңа өнімге қол жеткізуінде, екінші жағынан, ізденіс процесінің мәнділігінде. Адам

шығармашылық нәтижесіне ғана қанағаттанып қоймай, шығармашылық пен зерттеу ізденушілігінің өзінен де ләззат алуға қабілетті.

Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру зерттеуге оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып, танысуға деген құштарлығын әрқайсымыз білеміз.

Ендеше, мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді жұмыс түрінің бірі-оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру (ОҒҚ).

**Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын жоспарлау**

Оқушылардың ғылыми қоғамы жұмысы қызметінің тиімділігі оқушылардың қызметіне байланысты, өйткені оқушылардың қызметіне басшылық олардың жұмыстарын жоспарлауына қарай жүзеге асырылады.

**ОҒҚ жоспары мынадай бөлімдерден тұрады:**

- ОҒҚ үйлестіруші кеңесінің отырысы.
- ОҒҚ мүшелерінің қызығушылық-танымдық және коммуникативті жұмысы.
- Ғылыми-зерттеу қызметі.
- Шығармашылық жұмыс.

**Оқушылардың ғылыми қоғамының үйлестіруші кеңесінің отырысы**

Бұл бөлімге оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру мәселесін енгізу қажет. Бұл-кеңес мүшелерінің сыныпта және ғылыми секцияларда жүргізілген диагностика нәтижесімен танысу, пәндік ғылыми секциялардың жұмыс мазмұны, пәндік олимпиадаларға талдау, ғылыми конференцияларды дайындау. ОҒҚ кеңесінің отырысын жоспарлау мектептегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, болжауға, бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

| **Ортасы**<br>**6 мин** | **Тыңдалым алды**<br>**Тапсырма.** «Графикалық органайзер2» әдісі арқылы мәтінде кездесетін ғұлама, Дінәсіл (таныс емес) сөздерінің мағынасын ашыңыздар.<br>(Оқушылар сөздердің мағынасын ашады.)<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Сөздің мағынасын түсіне алады.<br>2. Сөзге мысал келтіре алады.<br>3. Сурет сала алады.<br>4. Сөйлем құрай алады<br>Қолдау, мадақтау сөздері: жарайсыз, тамаша<br>**Тыңдалым кезі**<br>**Тапсырма.**<br>Мәтінді мұқият тыңдап, мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңыз. | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 мин | (Оқушылар «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.)<br>**Әр оқушыға тапсырма қатесіз, уақытқа сай орындалса 100 теңге беріледі.**<br>**Мәтін.** Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ұлы жазушы, ғұлама ғалым. 1897 жылы Семей облысы, Абай ауылында дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез де хат таныған сауатты адамдар болған. Мұхтар атасы Әуездің, әжесі Дінәсілдің тәрбиесін көрген. Олжастайынан Абай өлеңдерін жаттап өскен. «Абай жолы» романын 15 жылдай уақыт жазған. Ал «Еңлік-Кебек» пьесасын 15 күнде жазған. Жас кезінде семей қалалық «Ярыш» футбол командасының жартылай қорғаушысы болған.<br>**Дескриптор:**<br>1) Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтай алады<br>2) Мәтіннен қосымша акпартты анықтай алады. | Аудио №1<br> |
| 3 мин | **Тапсырма.**<br>- Балалар, хабарлы, лепті, бұйрықты және сұраулы сөйлемдерді еске түсірейік. Берілген хабарлы сөйлемді лепті, бұйрықты және сұраулы сөйлемге түрлендіріңіздер.<br>Мен театрға бардым. Мен пьеса көрдім.<br>(Әр топқа бір-бір сөйлемнен беріледі. Оқушылар сөйлемді интонацияға сәйкес даусымен өзгертеді .)<br>Әр оқушыға тапсырма қатесіз, уақытқа сай орындалса100 теңге беріледі | |
| 15 мин | **Тапсырма: «Билеттер сөйлейді» әдісі.**<br>- Төменде берілген билеттерді сөйлетіңіз немесе жарнамалаңыз болмаса мәтін құраңыз. (4-5 сөйлем)<br>Мәтінде хабарлы, лепті, бұйрықты, сұраулы сөйлемдер кездессін.<br>(Оқушылар сабақ басында алған билеттерді сөйлетеді. Билет болып сөйлесе де, билетті жарнамаласа да өз еркі. Мәтін құруға да болады.)<br><br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>1) Билетті сөйлете алады.<br>2) Мәтінде сөйлемнің барлық түрі кездеседі.<br>3) Сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктерін сақтап айта алады.<br>Әр оқушыға тапсырма қатесіз, уақытқа сай орындалса100 теңге беріледі. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Соңы**<br>**3 мин** | **Тапсырма. Бүгінгі сабаққа дейінгі біліміңізге қосымша не қостыңыз? (Оқушылар сабақ басындағы постердің оң жақ бөлігін толтырады)**<br><br>**Қолдау сөздер:** жарайсыз!<br>**Топтар ішінде анша 100 теңгелік жинлғаны есептеледі. Қай топ көп жинаса, сол топ билеттерді өзіне қалдырады.**<br>**Кері байланыс:** «Таразы» әдісі.( Тақтада таразы суреті ілініп тұрады.<br>Оқушылар: «Мен сабақты қызықты/қызықсыз болды деп ойлаймын, себебі......(қызыл стикер)»<br>«Мен сабақта көп нәрсе үйрендім/үйренгенім аз болды». (сары стикер)» Мен тапсырмаларға жиі/сирек қатыстым (жасыл стикер) деп жазып стикерлерді тақтаға іледі. Таразының оң жағына оң пікір, сол жағына теріс пікір жазылған стикерлерді іледі )<br>**Үйге тапсырма: «Синквейн» әдісі.** (Бес жолды өлең)<br>1. Зат есім<br>2. Сын есім<br>3. Үш етістік<br>4. Төрт сөзден тұратын сөйлем<br>5. Синоним<br>**Дескриптор:** 5 жолды өлең құрай алады. | стикерлер |

# АФРИКА ЕЛДЕРІ

**Ж.Н. ЖАНБЫРБАЕВА**
**Ақтөбе автожол колледжі**
**тарих және география пәнінің оқытушысы**

**Сабақтың мақсаты/Цель занятия**

**Білімдік/образовательная:** Африка материгінің физикалық, географиялық орны, жағалық пішіні туралы географиялық білімін толықтыру

**Дамытушылық/развивающая:** Африка материгінің орналасуымен зерттелу тарихына сипаттама береотырып, маңызды деген басты объектілеріне жалпылама шолу; білімалушылардың логикалық ойлау қабілетін, шапшаңдылығын, географиялық ой-өрісін дамыту. Жалпы оқу іскерліктерін үйрену, жалпы табиғат туралы білімалушылардың көзқарастарын дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру, танымдық қызығушылығын дамыту, географиялық ойлауын қалыптастыру; өз ойларын жете айта білуге, өткен тақырыптарды байланыстыра отырып жан-жақты ойлау, топпен, картамен жұмыс жасау қабілеттерін, дағдыларын дамыту; пәнге деген қызығушылықтарын арттыру

**Тәрбиелік/воспитательная:** Африканың зерттелу тарихы мен өзіндік табиғатына байланысты тарихи жәнеэкологиялық білім беру; Оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға баулу, дүниетанымдық көзқарас қалыптастыру, өз бетімен оқып-үйренуге тәрбиелеу.

**Сабақтың қамтамасыздандырылуы/Обеспечение учебного занятия**

**а) оқу-көрнекілік құралдар/учебно-наглядные пособия-әдебиеттер:**

Максаковский В.П. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы Мектеп, 2004

География. Дүние жүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. 10-сынып 2014 ж.

География. Дүниежүзіне аймақтық шолу. 11-сынып 2015 ж.

**б) тесттер, карталар, диаграммалар**

**б) Құрылғылар, құрал-саймандар, қажетті материалдар/оборудование, инструменты, материалы карта, белсенді тақта, слайд, маркер, үлестірме карточкалар, бағалау парағы, смайликтер**

**Пәнаралық байланыс/Межпредметная связь дүние жүзі тарихы, қоғамтану**

**Қолданатын әдебиет/Литература к занятию**

**Негізгі/Основная География.** Дүние жүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. 10-сынып 2014 ж.

География. Дүниежүзіне аймақтық шолу. 11-сынып 2015 ж.

**Өз бетінше жұмыс/Самостоятельная работа** на занятии картамен, дәптермен, тақтамен жұмыс, топпен жұмыс

**Сабақтың өту барысы/Ход занятия**

**Ұйымдастыру кезеңі/**

**Организационный момент**

Білім алушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындығын тексеру, сабаққа дайындығын қалыптастыру. 3 түрлі көйлек түстері арқылы балаларды 3 топқа бөлу.

1 топ – Мысыр (Солтүстік Африка)

2 топ – Нигерия (Батыс Африка)

3 топ – Кения (Шығыс Африка)

**Психологиялық дайындық:** «Көңіл күйді анықтау»

Көңіл-күйлеріңіз қалай?

Керемет! (Қолдарын көтереді)

Сабаққа дайынсыңдар ма? (Қолдарын шапалақтайды)

Тамаша!

Ендеше бастайық!

О-о-о (Бас бармақтарын көрсетеді)

Осы көңіл-күймен бүгінгі сабағымызды жалғастырамыз.

Бүгінгі сабағымыз бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Үй тапсырмасын сұрау. Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру әдісі: «Веер», «Конверт - сұрақ», »Қағаздағы сұрақтар» тәсілі

2. Сәйкестендіру тәсілі

3. Жаңа тақырыпты жұмбақтап ашу

4. Жаңа сабақ туралы мәлімет беру

5. Африка елдері туралы видеоролик, презентация көрсету

6. «Ширату» әдісі

1 топқа Сөзжұмбақ «Африка»

2 топқа «Резюме»

3 топқа «Ең,ең,ең....» сұрақтар

7. Оқылым дағдысын дамытуға арналған жұмыс түрі: «ПОПС формуласы»

**8. Сабақты қорытындылау.** Кері-байланыс әдістерінің бірі:

1. Лотер Зомверттің «бес саусақ» тәсілі

2. «Бағдаршам» Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету

9. Бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.

1. Үй тапсырмасын сұрау. Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру әдісі:

«Веер», «Конверт сұрақ», «Қағаздағы сұрақтар» тәсілі

А) «Веер» Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.

Ә) «Конверт – сұрақ»

2-3 сұрақ жазылып, конвертке салынды (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыда өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындадым. Әрқайсысына екі минут берілді: оқушы стикерге атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқимын (аттарын атамастан); топ белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

Б) «Қағаздағы сұрақтар»

Әрқайсысы қағаз қиындысына өзі білгісі келген немесе өзі жауап бергісі келген сұрақтарды жазып, қалташаға салады. Араластырылған сұрақтар еркін түрде қатысушыларға таратылып беріледі. Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді.

2. Сәйкестендіру тәсілі. Үш топқа үш тапсырма – Батыс Еуропа елдері, Азия елдері, Аустралия Одағы артықшылықтарын немесе ұқсастықтарын айту. Топ басшысы қорғайды

3. Жаңа тақырыпты «Африка елдері» тақырыбына тақпақ оқып, тақырыпты ашу

Мен өзім оттай ыстық жермін,<br>
Қазір де әл – ауқатты бірнеше елмін.<br>
Египет, Алжир, Марокко бар,<br>
Даңқымен таң қалдырған барлық елдің,<br>
Тауларым бар Килиманджаро, Айдаһар<br>
Ніл, Замбези суым қандай!<br>
Виктория, Чад көлдер,тұзды көлім,<br>
Тамаша көрген адам таң қалғандай.

- Балалар осы өлең жолдарында қай ел немесе материк туралы айтылған? (Африка)

4. Жаңа сабақ туралы мәлімет беру

Африканың қазіргі кездегі халқының саны 1 млрд 30 млн астам . Материк халқының нәсілдік,тілдік және ұлттық құрамы өте күрлелі .Африкада Жер шарындағы негізгі үш нәсілдің де өкілдері кездеседі. Африка байырғы халқын саны жағынан басым экваторлық нәсілдің өкілдері құрайды. Материктің көп бөлігінде Сахарадан оңүстікке қарай таралған негрлер мекендейді. Эфиопия таулы қыраттарын мекендейтін эфиопиялықтар мен негр тектестердің арасынан шыққан өтпелі нәсілге жатады. Еуропалық тектестер нәсілге жататын халықтар Африканың солтүстігі мен оңтүстігінде тұрады. Әр халық тобына өзіндік тіл тән, жалпы алғанда 700 жуық жергілікті тіл бар.

Африканың тілдік құрамы: Араб, Судан, Банту, Ағылшын, Француз

*Африканың аумағына 54 ел кіреді және Батыс Сахара деп аталатын тағы бір даулы мемлекет бар.

* Еуропаның отарлауы басталғанға дейін Африканың аумағында өз тілі, дәстүрлері мен мәдениеті бар 10 000-ға жуық әртүрлі мемлекеттер мен тайпалар болған.

* Африкадағы ең көп қолданылатын тіл – араб тілі, одан кейінгі орындарда – ағылшын, суахили, француз және хауса тілдері. Жалпы, бұл құрлықтың халқы 2000 тілде сөйлейді.

* Африкандықтардың 50%-ға жуығы – 25 жастан аспағандар.

* Африка халқының 40%-ының орта білімі жоқ.

* Африка – Австралиядан кейінгі екінші құрғақ құрлық.

* Африкада 1 млн-нан астам Қытай азаматы тұрады.

* Әлемдегі ең кедей, және тқмен дамыған материк - Африка

* Африкадағы Сахара шөлі – бүкіл әлемдегі ең үлкен шөл. Оның аумағы бүкіл Америка құрлығынан үлкен.

* Жер бетіндегі минералды ресурстардың 30%-ы Африкада орналасқан.

* Африкадағы ең халқы тығыз орналасқан мемлекет – Нигерия. Онда 145 млн.-ға жуық адам тұрады.

* Алжир – Африкадағы ең үлкен мемлекет. Оның аумағы 2500 мың. км2.

* Ең кіші мемлекеті – Сейшель аралдарының аумағы 453 шаршы километрден сәл-ақ асады.

* Африканың ең үлкен көлі Виктория – әлемдегі суы тұщы ең ірі көл. Оның аумағы 69 490 шаршы шақырымды алып жатыр.

* Африка арқылы ағып өтетін Ніл өзені, Амазонкадан кейінгі әлемдегі ең ұзын өзен.

* Африкадағы ең танымал туристік бағыт саналатын Египетке жыл сайын 10 миллион саяхатшы келеді.

* Латын тілінен аударғанда, Африка «күнсәулелі», ал грек тілінен аударғанда «суықсыз» деген мағына береді.

* Мадагаскарда, еш жерде кездеспейтін жануарлардың түрлері бар.

* Күн сайын орташа алғанда 96 піл өлтіріледі. Пілдер - жойылып бара жатқан жануарлардың қатарына кіреді.

* Ең көп пирамида саны Мысырда емес, Судан елінде.

*Туристер көп келетін ел – Мысыр.

* Африканың басым діні – ислам.

* Африка топырағының 90%-ы ауыл шаруашылығына жарамсыз.

* Экваторлық Гвинея – Африкадағы ең бай ел.

* Чад – әлемдегі экономикалық өсімі бойынша екінші орын алып отырған мемлекет.

* Өкінішке орай, Африкадағы ең кедей елдердің 10-ы да Африкада. Ондағы 240 миллион адам аштықтың зардабын тартып отыр.

* ВИЧ жұқтырған адамдардың жалпы саны – 25 миллион.

* Алтын мен алмаздың ең бай қоры осы құрлықта.

* 1998-2002 жылдары,Конголық соғыс кезінде, 5 миллион адам қаза болды. Қайтыс болған адамдардың саны бойынша – бұл соғыс тарихта алдыңғы орында тұр.

5. Африка материгі туралы видеоролик, презентация көрсетіледі.

6. «Ширату» әдісі

«Ніл жағалауындағы кеш»

Міне, мынау өзен, оның жағалауы пальма ағаштарымен көмкерілген. Көз ұшында Мысыр пирамидалары мен будда ғибадатханасымен мұндалайды. Жағалауда суды шалпылдата алып бегемот жүзіп жүр. Оның қасынан жолбарыс жүгіріп бара жатыр. Қызғылт қоқиқаз пингвиндермен сыбырласып, сырласып тұр. Сол маңда қолтырауын да жүзіп жүр. Суретші қандай қателіктер жіберген? Не байқадыңдар?

**1 топқа. Сөзжұмбақ «АФРИКА»**

Материктің ең үлкен аралы? (Мадагаскар)

Материктің шығысындағы шеткі нүктесі? (Расхафун)

Әлемдегі ең үлкен шөл? (Сахара)

Материктің ең биік шыңы? (Килиманджаро)

Давид Ливингстон ашқан сарқырама? (Виктория)

Материктің мәдени өсімдіктерін зерттеп, топтаған ғалым? (Вавилов)

2 топқа. Резюме немесе Түйіндеме

Материктің аты:______________________________

Жер көлемі:________________________________

Ең биік нүктесі:____________________________

Ең төмен орналасқан нүктесі:________________

Зерттеген ғалымдар:_______________________

Жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер:____________________________________

**3 топқа.»Ең,ең,ең.....»**

| № | Ең, ең, ең | Жауаптары |
|---|---|---|
| 1 | Ең ұзын өзен | |
| 2 | Ең тертең көл | |
| 3 | Ең биік жері | |
| 4 | Ең жоғарғы температура | |
| 5 | Ең ірі жануар | |
| 6 | Ең ірі шөл | |
| 7 | Ең ірі көл | |
| 8 | Ең ірі арал | |
| 9 | Ең ірі сарқырама | |

**7. Оқылым дағдысын дамытуға арналған жұмыс түрі: «ПОПС формуласы»**

(Позиция Объяснение Пример Суждение)

**Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша,....»

**Екінші сөйлем:** «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

**Үшінші сөйлем:** «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

**Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

**8. Сабақты қорытындылау. Кері - байланыс әдістерінің бірі:**

**1. Лотер Зомверттің «бес саусақ» тәсілі**

Алақаныңызды қағаз бетіне түсіресіз.

Әр саусаққа бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жазасыз.

Бас бармақ – неден қиналдыңыз

Балан үйрек – кімге көмектестіңіз

Ортан терек – көңіл күйіңіз

Шылдыр шүмек – не үйрендіңіз

Кішкене бөбек – қандай жетістікке жеттіңіз

**2. «Бағдаршам.** Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:

Жасыл түс – сабақтан жаңа идеялар байқадым.

Сары түс – жаңа сабаққа көңілім толды.

Қызыл түс – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.

**9. Бағалау.** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.Топты бағалау кезінде оқушылардан екі жұлдыз қоюды және бір тілек айтуды сұраймын. Екі жұлдыз = жұмыс орындаған кезде оларға ерекше ұнаған 2 жауап, Бір тілек = бұл жақсартуға болатын нәрсе.

**Үй тапсырмасы/Домашнее задание «Африка елдері» тақырыбына презентация жасау**

# THE THEME OF INTELLECTUAL MARATHON: «WHO IS QUICKER?»

**S.E. ZHAUBATYROVA**
**Kobda gymnasium**

- Good morning. Good morning!

- Good morning to you!

- Good morning! Good morning! I`m glad to see you!

- We have a marathon today! The marathon «Who is quicker?».

We shall sing, we shall dance,

We shall speak and read at once!

- You know all letters well. You can read them and pronounce!

- Let`s dance! «Head, shoulders, Knees and Toes»

- Fine! Thank you!

The 1$^{st}$ group is «The Sun», the second group is - «The Moon.» Let`s play!

1. Now you should put the letters in ABC order.

- Окушылар әріптерді алфавиттік тәртіппен белгілеуі керек.

**Ойынның курсы:** Мұғалім ойыншылардың әрқайсысына ағылшын тіліндегі әріптермен 5 картаны көрсетеді. Кім қатесіз 5 сөзді тапса, сол жеңеді.

**Конкурс 2:** сандарды алфавиттік әріптермен ауыстыра отырып, сөзді шешіңіз.

1 12 16 8 1 2 5 20

(alphabet)

- Very good!

1. Do you know the numerals from 1 to 10 ? Let`s count from 1 to 10.

One, two, three, four, five, six, seven, eight, nine, ten.

Very good!

Who knows numbers best?

- Well done!

What about colors?

2. Do you know the colours?
What colour is it? - It is blue.)
Excellent!
Guess the animal.
Is it a dog? Yes,it is./ No, it isn`t.
- Good!
Members of the family.
1. - Mother!
2. - Father!
1. - Sister!
Well done!
And now let`s sing a song «Clap your hands»:
Clap, clap, clap your hands.
Clap your hands together.
Stamp, stamp, stamp your feet,
Stamp your feet together.
Touch, touch, touch your ears,
Touch your ears, together.
Touch, touch, touch your cheeks,
Touch your cheeks, together.
Shake, shake, shake, your hands,
Shake your hands together.
Smile, smile at your friends,
Let us smile together.
Thank you!
Thank you! Good-bye!

# ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕҢГЕ

**Ж.А. ЖИЕНГАЗИНА**
**«Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ «Тілдерді оқыту орталығы» КММ Қарғалы аудандық тілдерді оқыту курсының мемлекеттік тіл оқытушысы**

**Сабақтың мақсаты:**

**1. Білімдік:** Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру.

**2. Дамытушылық:** Сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту.

**3. Тәрбиелік:** Туған жеріне, Отанына сүйіспеншілігін ояту.

**Сабақтың көрнекілігі:** кино үзінді, мәтін «Ұлттық валюта – теңге», кесте «Дұрыс – бұрыс», «Түйіндеме» кестесі, «ПОПС» формуласы

**Сабақтың көрнекілігі:** «Миға шабуыл» әдісі, мәтінмен жұмыс, «Сыр сандық», «Дұрыс.Бұрыс.», «1001 мақал», «Түйіндеме», «ПОПС» формуласы

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру**

«Мен ... тілеймін» сабаққа қатысушылар бір-біріне ақ тілектер тілейді.

**Тыңдалым. Айтылым.**

**«Миға шабуыл» әдісі**

Видеоны қарап, жаңа сабақтың тақырыбын болжайды.

(«Менің атым Қожа» фильмінен үзінді)

**Оқылым. Тапсырмалар:**

1. Оқу, аудару, сөйлем құрастыру.

Ұлттық валюта – теңге

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі-ұлттық валюта. Ақша- асыл қазына, халық байлығы.

Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларында арнаулы шеберханаларда жасаған. Ұлттық валютамыз 1993 жылы қарашаның 15-інен бастап айналымға енгізілді. Теңге - Қазақстан Республикасының бірденбір заңды төлем құралы. Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы, белгісі бар.

Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Тимур Сүлейменов болды.

1992 жылы теңге дизайнындағы бейнелер бекітілді. Ең алғашқы теңгемізде белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл Фараби, үш теңгелікте Сүйінбай, бес теңгелікте Құрманғазы, он теңгелікте Шоқан, жиырма теңгелікте – Абай, елу теңгелікте – Әбілқайыр хан, жүз теңгелікте Абылайхан бейнесі салынған.

2007 жылы Халықаралық валюта қауымдастығы 10 000 теңгені «Әлемдегі ең үздік банкнот» деп таныды. Қазіргі таңда мынадай купюралардағы теңге, тиындар айналыста жүр: 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000, 20000 теңге, тиыннан 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 теңге.

**Сөздік.**

Айрықша белгісі – отличительный знак
Төлем – плата
Қазына – богатство
Құпия қорғанысы – секретная защита
Тарихи тұлғалар – исторические личности
Тастағы таңбалар – символы на камне

Халықаралық валюта қауымдастығы –международная волютинская ассоциация

Құнды қағаздар – ценные бумаги

Ақшаны жинау – копить деньги

Айтылым

**«Сыр сандық».** Тіл үйренушілер кезегімен сандықтан жаңа сөздер жазылған қағаздарды алып, оқиды. Әрқайсысы сандықшадан сұрақ жазылған аңа сөздер жазылған қағаз алып, дауыстап оқып, сөйлем құрастырады.

**2. Рефлексия.**

«Дұрыс. Бұрыс». Сөйлемдердің дұрыс - бұрыстығын анықтайды.

| Сөйлем | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| 1 Қазақстан – тиын. | | |
| 2 Ақша – халық байлығы. | | |
| 3 Теңгеде 6-ға жуық құпия белгі бар. | | |
| 4 Ұлттық теңге дербес ел болғанымыздың белгісі? | | |
| 5 Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Шәкен Ниязбеков. | | |
| 6 Тиыннан теңге құралады. | | |
| 7 Ұлттық валютамыз 1991 жылы 16 желтоқсанда айналымға енді. | | |

**Жазылым.**

***«1001 мақал». Мақал-мәтелдерді аударып, қазақ тіліндегі нұсқасын жазу.***

Не имей сто рублей, а имей сто рублей.

Копейка рубль бережет.

Деньги любят счет

“Түйіндеме” әдісі арқылы ақпараттық қағазды толтыру

| | |
|---|---|
| 1 Ұлттық валюта атауы | |
| 2 Туған жері | |
| 3 Туған айы, күні, жылы | |
| 4 Жасы | |
| 5 Авторлар тобы | |
| 6 Алғашқы шығарылған орны | |
| 7 Номиналдары | |

**Бекіту**

***«ПОПС» формуласы бойыша тыңдаушыларға өз ойларын айтқызады. Қорытынды пікір айту.***

Егер сенің ақшаң көп болса, не істер едің?

1. Менің ойымша, ... »

2. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »

3. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »

4. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

- Ақшамен көп затқа қол жеткізуге болады. Бірақ, адами құндлықтарды, денсаулықты сатып ала алмаймыз. Сондықтан көңілдеріңізді кір шалмай, дендеріңіз сау болсын.

# ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

**К.Ж. ЖҰМАҒҰЛОВА**
**мұғалім**

**Сабақтың мақсаттары:**

**Оқушылардың барлығы:**

Тірексөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай алады;

**Оқушылардың көпшілігі:** Автордың ойын жетекші сұрақтар арқылы толық аша алады;

Жан-жақты ақпарат бере алады;

**Оқушылардың кейбіреуі:**

Негізгі ойды анықтап, жоба жасауда дербес ой білдіреді.

**Сабақ барысы:** Оқушылар мен амандасу.

«Шеңбер бойынша әңгімелесу» әдісі арқылы оқушылар «Мен – қазақпын» тақырыбында өз ұлты туралы ақпарат бөліседі.

Үй тапсырмасын сұрау. Ықпал түрлерін қолдана отырып, «Қысқы киім түрлері» тақырыбында мәтін құрастыру.

Сөз саны – 40 сөз. Кемінде 4 кейінді, 2 тоғыспалы ықпал түрін қатыстыру керек.

Әр топ көшбасшысы өз тобындағы мүшелердің үй тапсырмасын қалай жазғандығын сараптап, жақсы жазған бір үміткерден ұсынады. 4 оқушының ойтолғауы тыңдалады. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалау.

Сурет бойынша 4 топқа бөлінеді.

Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.

**Ұлттық киімдер**

С. Тыңдалым алды тапсырма

– Қандай ұлттық киім түрлерін білесіздер?

– «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», – деген екен ұлы адамдар. Сіз қалай ойлайсыз, жас дос! Неліктен олай дегеніне ой жүгіртіп көріңізші! Оқушы пікірін тыңдау.

Оқушыларға топқа бөліну үшін берілген әртүрлі заманауи ұлттық киім түрлерінің суретіне байланысты сұрақтар қойылады.

– Суреттен қандай киім үлгілерін көріп тұрсыңдар?

– Ұлттық киімдердің ерекшеліктері туралы не білесіз?

– Бұл киім түрін қандай сын есімдер арқылы сипаттауға болады?

Жаңа сөздер таныстырылады.

Тарихтың қайталанбас көрінісі – елдің өткеніндегі ерекше оқиғалар

Ұлттық нақыштар – ұлттық өрнектер

Басталуы мен пара-пар – басталуы мен бірдей

Қадір-қасиетін жоймаған – маңыздылығы жойылмаған

Көшпелі тіршілік – көшпелі шаруашылық пен айналысқан елдің өмірі

Отандық дизайнерлер – еліміздің сән әлемінің мамандары

Атам заманда – бұрынғы кезде

Ұлттың, мәдениеттің бет-бейнесі – ұлттың, мәдениеттің басты ерекшелігі

ЖЖ. Тыңдалым тапсырмасы

https://www.youtube.com/watch?v=c6ALUGG2flg

Тыңдалым тыңдатылады.

1. Тарихымыздың қайталанбас көрінісін қайдан көре аламыз?

2. Ұлттық киім неге негізделіп жасалған? Қалыптасуында қандай ерекшелік байқалады?

3. Кейіпкердің айтуынша, үстіндегі ұлттық киімдер қай ғасыр туындысына сәйкес келеді? Ол туралы не айта аласыз?

4. Соңғы кезде сән үлгілерінде қандай өзгеріс байқалады?

5. Қостанай облысының «Жаным» сән театры қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне қалай үлестерін қосуда?

6. Журналист неліктен ұлттық киімдерді күнделікті тұрмысқа енгізуді маңызды деп санайды? Сіз қалай ойлайсыз?

(Оқушылардың алдына бейнефильмге қатысты жетекші сұрақтар, негізгі ойды анықтауға қатысты сұрақтар қояды. Оқушылар бейнефильмді көре отырып сұрақтарға жауап береді.)

**Бағалау критерийлері:**

Мәтіндегі негізгі ойды анықтау үшін пікірлесуге қатыса алады;

Кемінде 1 сұраққа ойын білдіреді.

Т/Ж. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма

Сынып үш топқа бөлінеді.

Жоба әзірлеу тапсырмасы беріледі. Оқушылар берілген тақырып бойынша ақпараттарын әртүрлі композициямен плакатқа түсіреді, шешу жолдарын көрсетеді, топ алдында қорғайды.

1-топ. Қазақ халқының ұлттық киімдерінқазіргі кезде қалай сәнге айналдыруға болады?» тақырыбында шағын жоба әзірлеңіздер.

2-топ. «Қазақ халқының ер адамдарға арналған ұлттық киімдері» атты шағын жоба әзірлеу.

3-топ. «Әйел адамдар киетін қазақ ұлттық киімдеріне және ондағы жас ерекшелігіне байланысты детальдер» тақырыбында шағын жоба әзірлеңіз.

ҚБ. Өзара топтық бағалау. Топтар сағат тілімен қорғайды, бірін-бірі бағалайды.

**Бағалау критерийлері:**

1. Тақырыптық жоба ұсынады;

2. Құрылымдалған айтылым жасай алады (кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысы бар);

3. Кемінде 1 мақал-мәтел, 1 теңеу, 1 тұрақты тіркес қолданады.

Әр топқа бүгінгі тақырыпты қорытындылау тапсырылады.

# COLOURS

**S.B. IBRAYEVA**
**Khromtau secondary school №4**

| | | |
|---|---|---|
| **Lesson objectives** | **All learners will be able to:** | |
| | • To describe the pets | |
| | **Most learners will be able to:** | |
| | • Name the colours and sizes<br>• Recognize the colour and size | |
| | Some learners will be able to: | |
| | • To speak about things using new words | |
| **Assessment criteria** | - recognise everyday and classroom words<br>- recognise the name of colors<br>- uses the colors while speaking | |
| **Crosscurricular links** | Art, Music, Maths | |
| **Level of thinking skills** | Respect for self and others, cooperation, transparency, academic honesty. | |
| **Languageobjective** | New words: red, yellow, pink, green, orange, purple, blue.<br>A pencilis … | |
| **ICT skills** | Using videos | |
| **Previous learning** | Pets and wild animals | |
| **Planned timings** | **Planned activities** | **Resources** |
| **I. Warm up**<br>**2 minutes** | - Good morning everybody!<br>- How are you?<br>- I am fine too. Thanks. Sit down please.<br>- What season is it now?<br>- What is your weather like today? | |
| **II. Psychologically minutes**<br>**5 minutes** | **CREATING COOPERATION**<br><br>Have a nice day!<br>Well learn!<br>I wish you luck!<br><br>I wish you happiness!<br>I wish you healthy!<br>I wish you a good time! | Ball and ICT |
| **III. Presentation**<br>**8 minutes** | **The main part of the lesson**<br>The theme of our lesson: “Colours”<br><br>**New words:**<br>**Green-**жасыл<br>**Red-**қызыл<br>**Blue-**көк<br>**Yellow-**сары<br>**Black-**қара<br>**White-**ақ<br><br><br>**Video: “Colours”** | PPP slide 4 |

| | | |
|---|---|---|
| **5 minute** | **PHYSICAL MINUTE**<br>**“The rainbow”**<br>Red, orange, yellow,<br>Green, blue, purple, pink,<br>It’s a rainbow!<br>Beautiful rainbow in the sky!<br>Red, orange, yellow,<br>Green, blue, purple, pink,<br>It’s a rainbow!<br>Beautiful rainbow in the sky!<br>• How many colours in the rainbow?<br>• When does the rainbow appear? | Using videos |
| **IV. Rounding up**<br><br>**6 minute** | **Tasks. Creative task.**<br>**Colour a butterfly**<br> <br>• What is it?<br>• What colour is it?<br>• What is your favourite color? | Worksheets, pencils |
| **End of the lesson**<br>**5 minute** | **Feedback: «Traffic light method»**<br><br>**How are you felling today of the lesson?**<br><br>• Ready to learn! (Amazing!)<br>• Warning! (Oops!)<br>• Teacher’s choice! (Oh! Dear!)<br><br> | https://yandex.kz/images/search?text=traffic%20light%20method |
| **End**<br>**1 min** | **Feedback:** Teacher asks learners what task was difficult to them and which pair worked well. | |

# А.С. ПУШКИН. «МОЦАРТ И САЛЬЕРИ»

**М.З. КАЗИЕВА**
**Хромтауская средняя школа №3**

| | |
|---|---|
| **Учебные цели для достижения на этом уроке** | 8.1.5.1-прогнозировать содержание по отрывку прослушанного текста<br>8.2.4.1 - создавать аргументированное высказывание (рассуждение с элементами описания и/или повествования) на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков<br>8.3.3.1-формулировать проблемные вопросы по тексту, позволяющие выдвигать идеи, интерпретации, предположения, и отвечать на разные типы вопросов; |
| **Цели урока** | **Все учащиеся смогут:** через аудиозапись прогнозировать содержание, подбирать ключевые слова и словосочетания; |
| | **Большинство учащихся смогут:** формулировать проблемные вопросы по тексту; составлять постер на заданную тему |
| | **Некоторые учащиеся смогут:** создать аргументированное высказывание (рассуждение с элементами описания и/или повествования) на основе схемы |
| **Критерий оценивания** | Знание, понимание, применение. |
| **Языковая цель** | **Полиязычие:** зависть-қызғаныш-envy искусство-өнер-art |
| | **Основные термины и словосочетания:** драма, жанры литературы, трагедия |
| **Привитие ценностей** | Привитие интереса к творчеству писателя , воспитать нравственное отношение, как к человеку и его таланту, так и к произведениям искусства,приобщить учащихся к классической музыке |
| **Межпредметная связь** | Самопознание, музыка |
| **Предыдущее обучение.** Данный урок построен на знаниях и навыках, полученных на предыдущем уроке, в том числе на тех, которые направлены на восприятие и оценку аудиоматериалов, на анализ текста, на формирование грамотности речи. | |
| **План** | |

| **Запланированные этапы урока** | **Виды запланированных упражнений на уроке** | **Ресурсы** |
|---|---|---|
| **Начало урока**<br>**3 мин** | **1. Организационный момент.**<br>**Приём «Пирамидальная диаграмма настроения»**<br>(Создание комфортной психологической обстановки)<br>- Я желаю побороть все ваши страхи, тревоги и в конце урока забраться на вершину нашей пирамиды.<br>**Задание-активатор (К).**<br>**Просмотр картин и определение темы урока. (Задание направлено на определение темы урока)**<br><br>**Вступительное слово учителя**<br>С библейских времен такая нравственная болезнь, как зависть, точила сердца людей, толкая их на тяжелые преступления. Выдающиеся люди разных эпох создавали произведения, изображая в них людей, пораженных пороками. Известный нидерландский художник эпохи Возрождения (16 века) Питер Брейгель создал цикл из 7 картин, каждая из которых посвящена отдельно взятому греху. Посмотрите на репродукцию картины этого художника, обратите внимание, как он изобразил «Зависть» | <br><br>Картины Питера Брейгель<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | **- Какие чувства вызывает у вас эта репродукция, что вы видите на ней.** *(Хаос изображенного, ужас и страх).*<br>Мы увидели страшный мир, мир, из которого смеющиеся чудовища (аллегория зависти) заползают в душу грешника, убивая в нем свет.<br>**- Какую тему будем изучать сегодня на уроке?**<br>**ФО «Словесная похвала»** | |
| **Середина урока**<br>**7 мин** | **II. Изучение нового материала**<br>**Учитель:** Каждому из нас с раннего детства знакомо и очень близко имя А. С. Пушкина. «Великий и желанный спутник, вечный современник, он всегда откликается на зов нашего сердца»,- так писал о нём известный литературовед Ю. Айхенвальд. И сегодня мы вновь соприкоснёмся с творениями А.С.Пушкина. Мы знаем его как сказочника, поэта, прозаика. Но есть и другой Пушкин - удивительный драматург. Душа человека загадочная и непредсказуемая. Ее тайны пытались постичь многие поэты и писатели. А. С. Пушкин был одним из тех мастеров слова, которым прекрасно удавались психологические портреты своих героев. Произведения этого великого художника слова – это своеобразная шкатулка человеческих характеров.<br>Село Болдино принадлежало отцу поэта. Сергей Львович выделил часть имения сыну по случаю его женитьбы – надо было вступить во владение имением. Пушкин думал устроить всё быстро и вернуться в Москву, но с юга надвигалась холера, учреждены были карантины, и поэту пришлось пробыть в деревне три месяца. Этот короткий, но чрезвычайно плодотворный период жизни поэта принято называть «болдинской осенью».<br>*В 1830 году в Болдино Пушкин написал четыре пьесы: «Скупой рыцарь», «Моцарт и Сальери», «Каменный гость», «Пир во время чумы», которые составляли отдельный цикл «Маленькие трагедии».*<br>«Скажу тебе (за тайну), что я в Болдине писал, как давно уже не писал» - так скажет Пушкин в письме к Плетнёву, вернувшись в Москву. Замысел «Маленьких трагедий» вызревал в душе поэта исподволь и не один год. Но написаны они были всего лишь в течение двух недель осени 1830 года.<br>Для «Маленьких трагедий» характерно быстрое развитие действия, острый драматический конфликт, глубина проникновения в психологию героев, охваченных сильной страстью, правдивое изображение характеров, отличающихся многогранностью, индивидуальными и типическими чертами. В «Маленьких трагедиях» показаны всепоглощающие душу человека страсти или пороки: гордость,жадность,зависть,чревоугодие, гнев. Среди замечательных произведений этого периода мы рассмотрим одну из маленьких трагедий – «Моцарт и Сальери».<br>– Сегодня мы познакомимся с двумя пушкинскими героями, прототипами которых являлись реальные люди.<br>– Мы попытаемся разобраться в их жизненных убеждениях, мировоззрении.<br>– Первоначальный вариант названия трагедии «Моцарт и | Презентация «Жизнь и творчество А.С. Пушкина» |

– Сальери» - «Зависть», но драматург отказывается от этого названия. Его интересует не нрав завистника, а философия художника-творца. Какие литературные жанры вы знаете?
– Какие роды литературы вы знаете?
Драма (от греч. действие) – род литературы, основу которой составляет действие, объективное изображение жизни – через события, поступки, столкновения героев, борьбу. Действие осуществляется через конфликт и диалог.

**III. Освоение изученного материала.**

**Задание №1. (И) Работа с аудиозаписью Стратегия «Размышляй. Присоединяйся. Делись…..»**
(Задание направлено на развитие навыков слушания, говорения и расширение словарного запаса)

**8 мин**

**Прослушав аудиозапись и используя ключевые слова, пргнозируйте содержание текста**

| Критерии оценивания | Дескрипторы |
|---|---|
| Прогнозирует содержание по отрывку прослушанного текста | - определяет главных героев произведения,<br>- подбирает ключевые слова. |

**ФО «Дверь, ключ»**

**Физминутка «Четыре стихии»**
«Четыре стихии» - это земля, вода, воздух, огонь. Если я скажу «земля» - вы приседаете на корточки, «вода»-вы вытягиваете руки вперед и совершаете плавательные движения, «воздух»-поднимаетесь на носочки и поднимаете руки вверх,глубоко вдыхаете, «огонь»-вращаете руками в локтевых суставах.

**Задание №2. (Г) Работа с текстом**

**Активный метод «Шапка вопросов»** (Задание направлено на развитие мыслительной деятельности, критического мышления)





- Работая в группах, сформулируйте вопросы по изучаемой теме на листках и положите в шапку. Таких шапок – три.
(Деление класса на «Первый-второй». Учащиеся стоят в шеренге или в кругу и делятся на первый, второй, третий).

**2 мин**

- В первую шапку складывайте вопросы, проверяющие знание текста. (Когда ..? Сколько..? Кто..? Что..? Почему..? (поиск причинно-следственных связей) Как..? (описывающие какие-то процессы)
- В другую – выясняющие впечатления от художественного произведения, суждения о персонажах. («Я считаю, что … А ты как думаешь (считаешь)?

**10 мин**

- В третью шапку - вопросы, на которые сам спрашивающий затрудняется ответить. («Я не знаю…»)

| Критерии оценивания | Дескрипторы |
|---|---|
| Формулирует проблемные вопросы, направленные на оценку содержания текста и отвечает на них. | - составляет и отвечает на вопросы, направленные на знание содержание текста;<br>- составляет и отвечает на вопросы, направленные на характеристику персонажей;<br>- составляет и отвечает на вопросы, на которые затрудняется ответить. |

**ФО «Измерение температуры»**
(метод направлен для выявления того, насколько ученики правильно выполняют задание).
Деятельность учащихся останавливается, а учитель задает вопрос: что мы делаем. Ответив на этот вопрос, учащиеся предоставляют информацию об уровни понимания сути задания.

**Задание №3 (П) Творческая работа**
**Используя «ПОПС-формулу», докажите что прочитанное вами произведение относится к драме (Задание направление на развитие критического мышления)**

| Критерии оценивания | Дескрипторы |
|---|---|
| Аргументирует высказывание (рассуждение с элементами описания или повествования) на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков | - создает текст-рассуждение с элементами описания или повествования по «ПОПС-формуле», - приводит доказательства. |

**7 мин**

**ФО Самооценка «Речевые образцы»**
**IV. Рефлексия. (И) ВАК**
Визуальный, аудитория, кинестетический
- Чему вы обучились используя глаза на этом уроке?
- Чему вы обучались, используя уши?
Чему вы обучились, используя тело?

**Слово учителя.** Мы увидели с вами, что тема зависти была, есть и будет актуальна. Хотелось бы, чтобы человек смог управлять своими чувствами и не давал выхода своим низменным страстям, которые разрушают и убивают человека в человеке.

**Конец урока**
**3 мин**

**V. Объяснение домашнего задания**
1. Составить синквейн к слову зависть
2. Составить «Ассоциативный куст» к образам героев трагедии «Моцарт и Сальери»
3. Напишите свои рецепты «Каким образом можно бороться с таким чувством как зависть?»

**ФО «Самооценивание».**




Учащиеся записывают на стикерах свои пожелания и прикрепляют на выбранный уровень пирамиды



# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА - ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**С.Х. КАЛИЕВА**
**Өтек ауылының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Ақтөбе облысы, Қобда ауданы**

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және заманауи педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген.

Жаңа педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Заманауи технологияларда басты міндет – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Оқыту үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбекті тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологиялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады.

Заманауи технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі. Заманауи педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар керек: оқу үрдісін интенсивтендіруді жаппай қолға алу, оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру, оның ғылыми – әдістемелік, оқыту – әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Заманауи технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау -Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- Баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту;
- Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Заманауи педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар: педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу, оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын қарастыру, оқу модулін құрастыру, оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру, оқушылардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау, оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау.

Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу – тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты.

# СИҚЫРЛЫ САУСАҚТАР

**С.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА**
**№20 «Дидар» МДҰ-ның тәрбиешісі**
**Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** Алақан арқылы салынатын суреттің түрлерімен таныстырып, салу жолдары туралы түсініктерін кеңейту.

**Білімдік міндеттері:**Алақанмен сурет салу техникасын үйрету.

**Дамытушылық міндеттері:** әртүрлі қисық сызықтар жүргізу, үйлестірулерде сурет салу іскерліктерін дамыту.

**Тәрбиелеушілік міндеттері:** эстетикалық талғамды тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың әдісі:** Түсіндіру, практикалық.

**Сабақта пайдаланған технология:** Сын тұрғысынан ойлау, вен диаграмасы, тэй-тэй бағдарламасы.

**Көрнекілігі:** Тақырыпқа байланысты слайд, плакатта салынған суреттер.

**Қызмет кезеңдері:**

**Ұйымдастырушылық қозғаушы:**

Балалар ең алдымен орталыққа жиналайық. Бір уақытта топқа жүгіріп сайқымазақ кіреді, жүгіріп барып жердегі қағазды бұлғап тастайды, бір уақытта жылайды, мен сиқыр көрсетуге бара жатыр едім байқаусызда құлатып сендердің қағаздарыңды бұлғап алдым. Сайқымазақ сен жылама біз бүгін сурет сабағында осы алақан көмегімен сурет салуды үйренгелі жатыр едік. Салмас бұрын ең алдымен мына сыйқырлы тақтамызға қарап алайық.

**Бүгінгі сабақтағы суретті салу үшін:** ақ қағаз, су бояқ, қылқалам, қарақарындаш және сүлгі қажет. Енді мына суретке қараңдаршы (слайд бойынша алақанмен салынған суреттердің түрлерімен таныстыру). Енді бағанағы суретім неге ұқсайды мұқият қарайықшы еш нәрсеге ұқсамай тұр екен біз қазір бұл суретті керек жерлерін бояп сурет салып шығарамыз (бояп сайқымазақ бұлғаған суреттен көбелек сурет жасап шықтық).

**Ұйымдастырушылық ізденушілік**

Енді келесі тақтаға қарайықшы мына жерде алақан, қолдың көмегімен салынған суретке қарайықшы (суреттермен таныстырып өту) енді бүгін біз осы суреттердің ішінде көбелек суретін салып үйренеміз.

Сыйқырлы тақтадан көбелектің әртүрлі түрлерін көрсетіп тұру. Енді мен қызыл және көк түстер таратамын сендер өздеріңе түстерді таңдап алып қызыл түстер сурет салу орталығына көк түстер бояу орталығына барып отырыңдар. Қызыл түстер орталығы көбелектің екі қолды кезектестіріп басу арқылы салып үйренеді, ал көк орталық басылып салынған дайын суретті сыйқырлы тақтаға қарап өз ойларынан бояйды. Балалар енді орынымыздан тұрып бір сергіп алайық. Музыка ырғағымен бейнелеу өнері жаттығуын орындату.

**Рефлексивті-түзетуші:**

Енді сергіп алсақ орынымызды ауыстырып қызыл орталықтағылар көк орталыққа, көк орт. қызыл орт. ауысып сабақты жалғастырымыз. Суретті дайындап болсақ орталыққа жиналайық. Шеңбер болып тұрайық. Балалар қазір қай балаға кімнің суреті ұнағанын және не себепті ұнағанын айтып өту. Балалар тағы сыйқырлы тақтамызға қарап бір ерейікші мына тақтада алақан көмегімен және қылқалам көмегімен салынған суреттер салынған кезек – кезек айтып орындарына орналастырайық. Балалар көңіл күйлерің қалай жақсы болса мына жерде күннің суреті берілген кәне алақанымызды сары түске бояп күннің шапағын салып шығайық. Балалар бүгін сендер сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Мақтап – мадақтап сабақты қорытындылап аяқтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:**

- жылы түстер арқылы көбелекті салуды.

**Нені игереді:**

- алақан көмегімен сурет салуды.
- өз ойларындағы сурет бейнесін қағаз бетіне салуды.

**Нені біледі:**

- Көбелек суретін салуды, осыған бояу түсін таңдап алуды.
- Сыйқырлы тақтамен жұмыс жасап сұрақтарға жауап беруді;
- Өз ойларын жеткізуді.

# САҚТАР

**Д.С. МАМБЕТОВА**
**Жарсай негізгі мектебінің**
**тарих пәні мұғалімі**
**Ақтөбе облысы, Қобда ауданы**

*Сақтар «дұшпанға – қатал,*
*досқа – адал» болған.*

**Білімділік:** Ежелгі Қазақстан аумағын мекендеген сақ тайпаларының мекендеген аумағы, олардың тіршілігі, шаруашылығы туралы деректермен таныстыру.

**Дамытушылық:** Қазақ халқының тарихы бойынша білімдерін толықтыру, оқушының қосымша деректерді тауып пайдалану, ой-өрісін, ойлау, сөйлеу қабілетін, өз бетімен жұмыстану дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушының өз елінің тарихи құндылықтарын құрметтеуге үйрету, елін, жерін сүйетін отансүйгіш, дарынды ұрпақ тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілі:** Баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

**Сабақтың көрнекілігі:** Қазақстан Республикасының картасы, қосымша әдебиеттер, сақ тайпаларының суреттері, кесте.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі**

Оқушыларды түгендеу, оқушылардың көңіл-күйлеріне көңіл бөліп, оқу құралдарының бар-жоқтығына зер салу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

1. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болу себебі неде?
2. Көшпелі мал шаруашылығының түрлерін ата. Түсініктеме бер.
3. Біздің заманымызға жеткен ежелгі мерекелердің бірі Наурыз мейрамы, бұдан неше жылдай бұрын пайда болған?
4. Киіз үй неше бөліктен тұрады?
5. Киіз үйдің құрылысын ата.
6. Көшпенділер нені білуге тиіс еді?

**III. Жаңа сабақ.**

**Жоспары:**

1. Сақ туралы алғашқы мәліметтер.
2. Сақ тайпаларының қоныстануы.ъ
3. Сақ қоғамы.

Сақтар – біздің бабамыз,
Ақыл-ойлы данамыз.
Тарихи дерек іздеп біз,
Көне дәуір тамырын
Тереңнен іздеп табамыз, - деген өлең шумағымен ашайық.

*Ой қозғау.*

1. Парсы әскерлерін сусыз шөлге апарып, адастырып, жарты әскеріне ажал құштырған кім?



2. Бұл кім, білесің бе? Ол Кирдің денесін таптырып алып, қан толтырған торсыққа салып тұрып, не деді?










**IV. Жаңа сабақты бекіту.**

1. Кестенің бос орындарын толтырыңдар.

| | | |
|---|---|---|
| Сақ-тиграхаудалар | | Жетісуды, Тянь-Шань тауларын, Сырдарияның орта ағысын мекендеген |
| | теңіздің арғы жағында өмір сүрген сақтар | Арал бойы мен Сырдарияның төменгі ағысын мекен еткен |
| Сақ-хаомаваргалар | Хаома сусынын дайындаған | |

2. Жұмбақтарды шешу.

- Қадам бас алға сүрінбей
Болашақ кілті – білімде.
Қандай мағына береді,
«Сақ» сөзі парсы тілінде? (Құдіретті еркектер)
- Басынан кешкен шақтарды
Тарихшы тізіп ақтарды
Кімдер деп тағы атады,
Грек, Геродот сақтарды? (Массагеттер)
- Көгенге құлын байлады,
Бес қаруды да сайлады.
Айтып берші, қай сақтар,
Арал мен Сырды жайлады? (Парадарайа)
- Білімді алтынға теңедік,
Достарға ашық, кең едік.
Әйгілі сусын жасаушы,
Сақтарды кімдер деп едік? (Хаомаварга)
- Бел-белестен асады,
Өр сақтардың жасағы.
Тиграхауда сақтары,
Қай жерді мекен жасады? (Жетісуды)

3. Тарихи диктант

а) Сақтар б.з.д. І мыңжылдықта ______________ жерін мекен еткен ежелгі тайпа.

б) Егер сақ жігіті ____________, онымен әуелі күш сынасуы керек. Қыз _____, _____ оның тұтқыны болып есептеліп, оған толық тәуелді болады.

4. Түртіп алу стратегиясы. (Тақырыпқа байланысты кездескен сөздер)

Грек авторы Ктесий.
Томирис – сақ патшайымы.
Шырақ – сақ жауынгері.
І Дарий – парсы патшасы.
Спаргапис – Томиристің ұлы.
Полиэн – грек тарихшысы.
Александр Македонский – ұлы грек қолбасшысы.
Спитамен – сақ жауынгері.
Бехистун жазуы – сына жазуы.
Геродот – тарихшы.

**V. Сабақты бағалау.**

**VI. Үйге тапсырма беру.** Сақтар. Сақтардың мекендеген жері.

# ҒҰНДАР ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРДІ?

**С.Қ. МЕНДИГАЛИЕВА**
**Бегалы негізгі мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | «Тарих,өткен уақыт, қазіргі уақыт, болашақ» ұғымдарының мәнін түсіндіре алады;<br>өз өмірінің оқиғаларын  айта  алады;<br>материалдарды зерделеу негізінде ғұндардың өмір салтын сипаттай алады;<br>мәтіннен сұрақтардың жауаптарын таба алады. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** |
| | мұғалімнің көмегімен  сақтар мен ғұндар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды таба алады;<br>ғұндардың өмір салты туралы кластер жасай алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | ұсынылған дереккөздер негізінде қазақ тайпаларының өмір сүру салты туралы қорытынды жасай алады, |
| **Жетістік крийтерилері** | Материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау.<br>Сақтар мен ғұндар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау. |
**Осень:** Ну, что ж ребята, весело мне с вами было. Но, пришла пора прощаться. В следующем году, я приду к вам с новым урожаем! До свидания ребята!

**Воспитатель:** До свидания!

# «ЖАЙЛАУДА»

**А.С. БЕРИКБАЕВА**
**«Гаухар» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі**
**Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,**
**Талдысай ауылы**

**Мақсаты:** Жайлау және оның орналасқан жері және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Олардыңқоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Көрнекілігі:** үй жануарлар аттрибуты, диск, плакат, геометриялық пішіндер.

**Мотивациялық қозғаушылық**

- Балалар қараңдаршы бізге кімдер келіпті?

Апайлармен амандасып алайық!

**Шаттық шеңбері**

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Баршаңызды құрметтеп
Бас иеміз біз.

Енді барлығымыз терезеге назарларымызды аударайықшы, далада күн не істеп тұр?

- Балалар енді біз күн сияқты жарқырайықшы.

Алақан арқылы бір-бірімізге жылу жіберу.

- Балалар қазір қай мезгіл?
- Көктем мезгілі.
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- Бір аптада неше күн бар?
- Балабақшаға неше күн келеміз,ал неше күн демаламыз?

Іздену ұйымдастырушылық:

Бүгін біз жайлауға саяхатқа шығамыз.

- Білесіңдер ме,жайлауға немен барамыз?
- Енді балалар ат арбаға отырайық.
- Балалар біз жайлауға жай бара жатқан жоқпыз, тапсырмалар орындаймыз. Жайлауға жеткенше мен сендерге «Жайлауда» өлеңін оқып берейін.

**Жайлауда**

Атам биыл мені де,
Алып барды жайлауға,
Құлындар тұр желіде,
Биелер тұр байлауда,
Бұлағын да ұнатам,
Қыранын да ұнатам,
«Жылда - жылда» жайлауға,
Апарам - деп жүр атам.

- Өлең не туралы?
- Балалар, қараңдаршы, алдымызда біреу тұрған сияқты, кім екен?
- Өзінен сұрайықшы?
- Сіз кімсіз?
- Кәне, балалар, малшымен амандасайық!

**Малшы:** - Балалар мен жай малшы емеспін, мен сіздерге көп тапсырма дайындап қойдым орындайсыңдар ма?

**1 тапсырма:**

Мына жайылып жүрген қандай жануарлар?

Үй жануарлары ма, әлде жабайы ма?

- Олардың қандай пайдасы бар?

**2 тапсырма:**

**Д/о: «Кім қалай дыбыстайды?»**

**Мақсаты:** Есту қабілеттерін дамыту және дыбыстай білу.

Сергіту жаттығуын орындау.

**3 тапсырма:** Жайлауда неше мал жайылып жүр?

- Үлкені нешеу,ал кішкентайы?

**4 тапсырма:**

**Д/о: «Геометриялық пішіндерден үй жануарларын құрастыру»**

**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерден үй жануарларды құрастыра білу. Қол маторикасын дамыту.

**Малшы:** - Балалар рахмет барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар. Мектепте жақсы оқыңдар.

- Балалар малшыға рахмет айтып, тобымызға қайтайық.

**Ұжымдық жұмыс.**

**Жапсыру.**

- Балалар ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл жайлаудың суреті, ал жайлауға не жетіспейді?
- Жануарларды қиып жайлауға жапсырайық.
- Өте керемет.

Балалар кім үй жануарлары туралы мақал-мәтел, тыйым сөздер біледі.

Жарайсыңдар, балалар! Сендер мақал мен тыйым сөздерді жақсы білесіңдер екен.

- Балалар, бүгін қандай тақырыппен таныстық?
- Жайлау.
- Үй жануарларын атап беріңдерші?
- Түйе, сиыр, жылқы, қой - ешкі.
- Төлдерді атайық?
- Бота, бұзау, құлын, қозы - лақ.
- Бүгінгі сабаққа жақсы қатыстыңдар, сендерге көп - көп рахмет.

**Ән: «Қошақаным»**

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Үй жануарлары туралы білу керек;

**Меңгеруі:** Бір-бірінен ажыратуды және олардан келетін пайда туралы айтуды меңгеру керек.

# «СИҚЫРЛЫ САНДАР»

**С.С. БОРАНБАЕВА**
**«Балапан»**
**Маржанбұлақ балабақшасының тәрбиешісі**

**Мақсаты:** 5-ке дейінгі сандарды санау қабілетін кушейту; реттік санау дағдысын қалыптастыру; геометриалық құрастыру фигуралардың атаулары туралы білімін пысықтау; талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру; реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу. Қане, балалар барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап күн жасаймыз. Күн жарқырап шыққан кезде адамдарға шуағын шашады, таңертең тұрған кезде аналарымыз бізге қайырлы таң деп айтады. Ояныңдар құлақтарым, сендер ояныңдар. Жарайсыңдар, - балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын! Қане, - орнымызға отырамыз.



- Саламатсыздарма ?!
- Здраствуйте!
- Good morning !

**Шаттық шеңбері:**
Амансыңба, алтын күн!
Амансыңба, жер ана!
Амансыңба, достарым!
Амансыңба, қонақтар!
Сендерді көрсем қуанамын.

- Балалар, сендер сыйқырлы сандар еліне саяхатқа барғыларың келеме, ендеше отырып көзімізді жұмып, санаймыз. 1,2,3,4,5 ке дейін. Мен саяхатшы Дарамен бірге келген күз ханшайымы едім, Дара сандарды біліп қайта оралды, маған үш тапсырма беріп, мен біреуін орындап екеуін орындай алмай қалдым.

- Балалар, маған қалған екі тапсырманы орындауға көмектесесіңдерме?

- Ия.

1) - Мен орындаған тапсырмамды таныстырып өтейін. Балалар менің қолымда төрт түрлі шар бар. Сары тус күз мезгілін білдіреді, ақ тус қыс мезгілін білдіреді, жасыл түс көктем мезгілін білдіреді, қызыл тус жаз мезгілін білдіреді.

2) - Балалар құрастырып аттарын атап шығады

3) - балалар жоғардағы шарларды 1-ден 5-ке дейін санап түстерін атайды.

**Сергіту сәті.**
Мынау менде бас бармақ,
бар жұмысты бастамақ.
Төрт досы бар өзінің,
қане, қане санайық. 1,2,3,4,5..

- Балалар, көздерін жұмып 5-тен 1-ге дейін кері санап өз тобына оралады.

- Балалар, ата-аналармен істеген жұмыстарын көрсетіп, санап тустерін атап шықты.

**Қорытындылау:**

- Балалар сыйқырлы сандар еліне саяхат жасап, Алтын күз ханшайымына көмек берді.

- Балалар шарлардың тустерін атап, санады.

- Көкеністермен жемістер құрастырып аттарын атап шықты.

- Жарайсыңдар, балалар!

# «ҚЫСҚЫ ОРМАНҒА КӨМЕК»

**А.О. ДАУХАРЕНОВА**
**«Айгөлек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі**
**Қарғалы ауданы**

**Сабақтың мақсаты:** Балаларға қыстың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, тілдерін дамыту, танымдық қабілеттерін арттыру, бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту және тапқырлыққа, шапшаңдыққа, камқорлыққа тәрбиелеу.

**Сала:** Коммуникация. Таным. Шығармашылық.

**Ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті:** Сөйлеуді дамыту, құрастыру, сурет салу.

**Қажетті заттар:** АҚТ технологиясы (мнемокесте)

**Музыкалық дыбыс:** «Сауысқанның дауысы».

**Таратушы материалдар:** Киімдердің суреттері, көк қағаз, орамжапырақ

**Сабақтың барысы:** - Амандасу. Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Кайырлы таң балалар!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

(Сауысқаның даусы) Есік қағылып сандық әкеледі. (ішінде хат болады)

**Тәрбиеші:** Ой, балалар мына хатта қандай тапсырма берілген, қәне, көрейік? Балалар ормандағы тұрғындарға көмектесеміз бе? Олай болса бірінші тапсырманы оқып көрейік. Балалар орманда қатты боран көтерілді, мына мнемокестеге қарап, орманда қандай жыл мезгілі болып жатқанын әңгімелеп беруіміз керек, егер тапсырманы орындасақ, күн ашылады. Тапсырманы дұрыс орындасақ, орманың қысқы келбеті ашылады.

Олай болса, бірінші тапсырманы орындайық.

1. Қыс мезгілдерінің ерекшеліктері айтып беріңдер. Қане, балалар, ендеше, қыс мезгілдерінің ерекшеліктерін мнемокесте арқылы айта кетейік. (АКТ технологиясын пайдалана отырып)

**Сұрақ жауап:** - Қыс мезгілінің белгілерін білесіңдер ме?

- Қар жауады, аяз болады.
- Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?
- Адамдар қалай киінеді?

**Тәрбиеші:** Ал, балалар, екінші тапсырма қандай екен, балалар жақсылап отырып тыңдандар, сендерді құтқару үшін осы орманға адамдар қандай киімм киіп келеді.

**Тәрбиеші:** Балалар қандай киім киіп барамыз, орман қандай аяз, боран енді мына киімдердің ішінен орманға киіп баратын киімдерді таңдайық.

**Екінші тапсырма:** АКТ-технологиясын пайдалана отырып қысқы киімдер туралы түсінік беру.

Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз»

(жыл мезгілдердің киімдерін әр жыл мезгілге салу)

Балалар киімдерді суреттерін алып қандай киім екенін айтып әр мезгілге өз киімін қалташаға салу.

**Сұрақ жауап:** - Бұл қандай киім?

- Қай мезгілде киеміз?

Балалар шеңберге тұрып тіл ұстар жаттығуын жасап жіберейік.

- Ақ,ақ қолға кидік қолғап,
- Он, он он киіп алдық тон.

**Тәрбиеші:** Ал, балалар, екінші тапсырманыда орындадық, үшінші тапсырма не берді екен, бізге қараңдаршы! Мен ормандағы барлық жабайы жануарларды қарға көміп тастадым. Ал сендер бұларды қалай құтқарар екенсіздер. Ал, балалар, не істейміз жабайы жануарларды қалай құтқарамыз, кәне, келе қойындар. Мына жабайы жануарларды құтқару үшін жұмыс жасайық.

**Үшінші тапсырма:**

Жабайы аңдардың суреттерін құрастырып аңдар жайында түсіндіріп айту.

Ұжымдық жұмыс топқа бөлініп.

**Сергіту сәті.**

Ұзын құлақ ақ қоян
Естіп қалды сыбдырды
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып секірді.

**Тәрбиеші:** Ал балалар үшінші тапсырманыда орындадық, енді тағы қандай тапсырма бар екен қане, оқиын.Сендер қысқы орманның келбетін, ағаштардың қандай болатынын білесіңдерме деп жазыпты. Балалар көрдіндер ме, төртінші тапсырма қысқы орманның, ағаштардың суретін қандай болады дейді. Қәне, балалар, қысқы орманның келбетін салып көрсетейекші.

Кысқы орманның келбетін, ағаштардың суреттерін салу. Балалармен бірге сурет салу. АКТ технологиясын пайдалана отырып, қысқы орманның суреті ашылыды.

Сауысқанның рахмет айтқан дауысы шығады.

Балаларға сыйлық береді.

**Қорытындылау.**

**Сұрақ жауап:** - Балалар, біз бүгін кімге көмек бердік?

- Қандай тапсырмаларды орындадық?
- Ормандағы аңдарға көмектесу ұнады ма?

Келген қонақтарға сау болыңыздар деп айтайық.

# «В ГОСТЯХ КУКЛА ЛОЛА»

**Ш.Е. ЕЛЕМАНОВА**
**«Нұрлы-болашақ»**



**Воспитатель:** Здравствуйте дети!

Дети сегодня пришло письмо в наш садик «Нурлы-болашак» и в письме было написано что отправили нам коробочку, посмотрите вот это коробочка.Давайте посмотрим что в этой коробке.

**Дети:** кукла

**Воспитатель:** Давайте заведем куклу? незаводится, посмотрите в руках куклы шкатулка, давайте откроем шкатулку и посмотрим что в этой шкатулку? Письмо. Читает письмо а в письме написано если выполнить задания то наша кукла Лола оживется.

**Воспитатель:** Вы хотите чтобы наша кукла ожила?

**Дети:** да

**Воспитатель:** Тогда нам придется выполнить задания

**1-ое задание:** «Доскажи словечко»

1) Ни к чему ребята спешка, потерятся может........ (пешка)

2) На доске есть у меня, двелошадки, два.....(коня)

3) Мне приснился странный сон, с муравьем боролся..........(слон)

4) В углу стоит бадья,в бадье плывёт..........(ладья)

5) Кто сможет подсказать король, его величество ..........(король)

6) В шалашах и камышах, я услышал слово....... (шах)

7) В словах матрешка и формат, я подчеркну не шах а..........(мат)

8) В поле много есть дорожек, будь и смел и осторожен, ввер и вниз пойдешь это......(вертикаль)

9 ) Вправо или влево это............(горизонталь)

10) А с угла на угол вдаль нас ведет.......(диагональ)

**2-ое задание: «Раставь фигуры»**

Перед вами шахматные фигуры по сигналу вы должны раставить фигуры по своим местам

**3-ое задание:** Загадки

1) Маленькая и удаленькая
Через поле пройдет
Награду найдет....... (пешка)

2) Не живет в зверинце он
И не весит сорок тонн,
Но и ловок и силен
Догадались? Это....... (слон)

3) Узнать его легко: он с гривой
С осанкой важной, горделивой
Красавца этого не тронь!
Узнал кто это? Это....... (конь)

4) Этот важный господин
Захватил всю власть один
Слушатся его изволь
Кто это такой....... (король)

5) Стоит в углу с величием судьи
Приз дадут, и смело вступит в бой
Известна своей крайней прямотой,
Неужто не узнаешь ты....... (ладья)

6) Всех он смелей и сильней
И не узнать его нельзя
Он победит слонов, коней
Конечно ты узнал.......(ферзя)

**4-ое задание:** Стихи про фигуры и ходы

**Лия:** Пешка маленький солдат, лишь команды ждёт.
Чтоб с квадрата на квадрат,двигатся вперед

**Нурай:** Пешка ходит вперед а при первом ходе на два поля.
Пешка бьет чужую фигуру по диагонали

**Король:** Уважаемый пешки покажите как вы ходите

**Слава Ч:** Это башня боевая,неуклюжа но сильна
Шаг тяжелый у ладьи,в бой ее скорей веди

**Даша К:** Ладья ходит на любое количество полей
Вперед или назад, влево или вправо

**Король:** Уважаемый ладьи покажите как вы ходите

**Милана:** Прыгнет конь,необычный каждый шаг
Буква Г и так и сяк,получается зигзаг

**Даша М:** Конь продвигается буквой Г,на два поля вперед или назад. Затем на одно поле влево или вправо.

**Король:** Уважаемый кони покажите как вы ходите
Фигура слон, когда станет в строй,
Но лишь начнется бой,у каждого путь свой

**Алина:** Слон может передвигатся, на любое количество полей по диагонали

**Король:** Слоны как вы ходите по шахматном поле

**Даша Д:** Черный и белый ферзь,свой любит цвет

Другого правило здесь нет,напротив друг друга поставим их смелей

**Ульяна:** Ферзь самая сильная фигура,шахматного войска

Передвигается на любое количество полей в любом направлений

**Король:** Уважаемый ферзи покажите как вы ходите

**Дарина:** Король всех главней, всех важней

Нет в шахматном войске важней вождей

**Зелим:** Король самая главная фигура в королевстве, передвигается в любом направлений. На одно поле когда игрок лишается своего короля, то он считается проигравшим.

**Король:** Уважаемый короли покажите как вы ходите

**5-ое задание Игра: «Кубик»**

(я бросаю кубик которая выпадает на верхней грани кубика должны назвать фигуру)

**6-ое задание Игра в шахматы**

**Наш девиз:**

Шахматные идеальные, интересная игра

Учитесь шахматы играть, древнейшая игра

Она научит побеждать, научит думать и решать

Учите шахматы играть, ее секреты разгадать

Вы сможите тогда (а сейчас я предлагаю вам пройти за столы, выбрать себе партнёра и поиграть,не забудьте как правильно расположить шахматную доску и расставить шахматные фигуры

**Король:** Молодцы дети...

**7-ое задание «Шахматная репка»**

Давайте вспомним сказку Репка какие были персонажи

**Дети:** дедушка, бабушка, внучка, кошка и мышка

**Король:** правильно дети а теперь наши персонажи будут шахматные фигуры дедушка у нас будет король,бабушкаферзь, внучкаслон, кошка ладья и мышка пешка

По сигналу вы должны раставить фигуры

(посадил дед репку и.т.д)

**Воспитатель:** Дети мы выполнили все задания теперь давайте попрубуюм оживить нашу куклу Лолу (кукла оживляется)

**Кукла Лола:** Здравствуйтедети,спасибо чтобы вы меня оживили я хочу с вами танцевать и петь песню.

**8-ое задание Танец: «Шахматы»**

**9-ое задание Песня «Черныйферзь»**

**Кукла Лола:** Я пришла к вам не с пустыми руками раздает детям киндер.

Мои придворные за мной.

# «ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА ЕЛІНДЕ»

**Р.Б. ЖАНАБАЕВА**
**«Нұрлы болашақ» балабақшасының тәрбиешісі**



**Мақсаты:** 5-ке дейін тура, кері санауды пысықтау.

Геометриялық пішіндерді ажырата білу, бірнеше бөліктен бір зат құрастыру дағдыларын дамыту. Уақытты бағдарлай білуге баулу. Мейірімділікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.

**Шығу. Музыка**

**Шаттық шеңбері.**

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Көктем.

– Көктеммезгілінденеше ай бар?

– 3 ай бар.

– Қане, атайықшы?

– Наурыз, сәуір, мамыр

– Қазір қандай

– Сауірдің нешесі

– Біраптаданешекүн бар?

– 7 күн

Қане атайық дүйсенбі сейсенбі сәрсенбі бейсенбі жума сенбі жексенбі.

Құстың дауысы естіледі, музыка ойналады.

Осы кезде қарлығаш ұшып келеді.

Қолында хаты бар. Балалар бұл хат кімнен екен.

Бұл хат көктем ханшайымынан екен, оны патша сыйқырлы таяғымен гүлге айналдырып жиперген

екен. Патша тек көктем ханшайымын емес сол манда жүрген аңдарды да басқа заттарға айналдырып жиперген деп жазыпты.

Бізге тек балалар сендер көмектесе аласындар деген екен.

Жәнеде теңіз арқылы өтесіндер делінген.

Балалар теңізден өту үшін бізге қандай көлік керек.

Кеме керек екен. Олай болса бізге конструктордан кеме құрастырып көрейік.

Міне, балалар, міне, біздің кемеміз дайын. Барлығымыз бас кейімдерімізді киіп кемеге отырайық.

**Теңіздің музыкасы.**

Балалар кемеге мінгенде қауіпсіздік ережесін сақтауымыз керек. Міне теніздің ауасы керемет.

Қане балалар бас кеймдерімізді шешіп кемеге қойып кетейік осы кезде судың ішнен алтын балық шығады.

Сендер мұнда нестеп жүрсіндер. Сәлеметсізбе алтын балық. Біз математика патшасын іздеп келеміз.

Көктем ханшайымын құтқару үшін. Мен сендерге жол корсетейін егерде менің тапсырмамды орындасандар. Жарайды орындаймыз. Жарайсындар.

Әрі қарай жүрейік

Оооо балалар біз жеткен сияқтымыз математика патшалығына. Мына есік арқылы кіру керек сияқты.

Кейіпкер шығады.

- Қайда барасындар? Мен сендерді өткізбеймін.

- Өткізіңізші, бізді көктем ханшайымын құтқаруға келіп едік. Көмектесіңізші бізге.

- Жарайды егерде менің тапсырмамды орындасаңдар, өткіземін.

- Жарайды, көмектесеміз.

Геометриялық пішіндерден аңдарды құрасырып беріңдер. Балалар геом етриялық пішіндерді атап, ажыратып түстерін айтады. Аңдарды құрастырады.

Жәнеде тақпақтар айту.

Кейіпкер аңдарды құтқарғандарына риза болып өткізеді.

Музыка есік ашылуға. Балаларда өткендеріне қуанады.

- Балалар шаршап кеткен сияқтымыз, тапсырманы орындаймыздеп, қане, тағы сергіп алайық.

**Тәрбиеші:** Балалар сендер шаршаған шығарсыңдар? Біраз серігіп алайық!

- Балалар армен қарай жүрейік.

Музыка.

- Ой, балалар, мында тағы есік тұрған сияқты. Ал енді не істесек болады. Кейіпкер шығады.

- Сендер кімсіңдер? Нестеп жүрсіңдер? Өткізіңізші, бізді көктем ханшайымын құтқаруға келіп едік.
- Көмектесіңізші бізге. Жарайды, егерде менің тапсырмамды орындасаңдар, өткіземін.

**Тапсырма: «Уақытты бағдарлау»**

**Жұмбақ шешу.**

**Сикырлы музыка.**

Енді өткізейін, бірақ патша қатты адам.

Балалар тапсырманы орындайды.

**Музыка.**

Көктем ханшайымын құтқарады.

Барлығы келген іздерімен балабақшамызға оралады.

**Қорытындылау.** Сұрақ-жауап арқылы көрген, білген, істегендерін естеріне түсірту.

# «КҮЗГІ ЖАПЫРАҚТАР»

**А.С. ЖАНТЛЕУОВА**
**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы**

**Мақсаты:** Мотивациялық қозғаушы:

Балалар келген қонақтармен амандасты.

Сәлеметсіңдер ме балалар? Көңіл күйлерің қалай? Бүгінгі оқу қызметіне дайынсыңдар ма?

**Шаттық шеңбері:**

Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Таза ауаны жұтайық,
Жүрекке жылу сыйлайық.
Жиналған жылы шуақты,
Қонақтарға шашайық.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілінде неше ай бар?

- Күз мезгілінде ауа райында қандай құбылыстар болады?

Балалар назарымызды тақтадағы суреттерге аударайық. Күз мезіліндегі құбылыстар туралы әңгіме құрастырайық.

**Жұмбақ жасыру**

**Ағайынды бәрі:**
Шықса – көк,
Түссе – сары.
Бұл не? Балалар қалай ойлайсыздар?

**Балалар:** – Жапырақ

Балалар қараңдаршы ағаштың жапырақтары түсіп қалыпты. Ағашқа көмек көрсетемізбе. Ендеше ағашқа жапырақтардың суретін салып берейік.

Алдын ала дайындалған жапырақтың трофареті ақ қағаздың бетіне орналастырып, тіс щеткасын гуашь бояуға батырып жапыраққа шашыратамыз.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, басты оңға бұрайық.
Басты солға бұрайық, бір отырып, бір тұрып,
Бір отырып, бір тұрып, біз демалып қалайық.
Руки к верху поднимаем,
А потом их опускаем,
А потом к себе прижмем,
А потом их разведем,
А потом быстрей, быстрей,
Хлопай, хлопай веселей

Балалар назарларымызды жұмысымызға аударып. Суреттерімізді аяқтайық.

**Дидактикалық ойын: «Не, артық?»**

**Қорытынды:**

Балалар бүгін біз қандай жыл мезгілі туралы айттық?

Күз мезгілінде дала қандай түске боялады?

Біз, неге көмектестік?

Ағашқа не жасап бердік?

Жапырақтардың түстері қандай түске боялады?

# ҚЫС КЕРЕМЕТІ

**С.А. ЖУСУПОВА**
**«Айгөлек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі**
**Қарғалы ауданы**

**Білім беру саласы:** Комуникация

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту.

**Тақырыбы:** Қыс кереметі

**Мақсаты:** Балаларды табиғатты тамашалап, қыс қызықтарын айтып беруге үйрету.Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Балаларды қысқы киімдер түрлерімен таныстыра отырып,қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету.

**Әдіс-тәсілі:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, сипаттау, қимылды, ойын.

**Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар:** салфетка, су, су құятын ыдыс,

**Көрнекіліктер:** Мазмұнды суреттер, аққала, жасауға  қажетті заттар.

| Әрекет кезеңі. | Тәрбиешінің іс-әрекеті. | Балалардың іс-әрекеті. |
|---|---|---|
| **Дәлелді ояту** | Балаларды шеңберге отырғызып, бір-біріне қарап әдемі болып отыруды өтінеді.<br>- Балалар қараңдаршы бізге қандай көп қонақтар келді.<br>- Қане біз ақылды болып тыныш отырайық.<br>Қане қонақтармен амандасайық.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Суда мұз бар,<br>Жерде қар бар.<br>Боран борап соғады<br>Бұл қай мезгілдеболады. | Балалар тәрбиешімен бірге қонақтармен амандасады.<br><br>Қыс |
| **Ұйымдастыру іздену.** | - Дұрыс айтасыңдар балалар.<br>- Бұл қыс мезгілі.<br>Мнемо кестемен көрсетіп<br>- Балалар қардың түсі қандай?<br>- Қыста ағашта жапырақ бола ма?<br>- Балалар қыста қандай киімдер киінеміз?<br>- Қыста немен ойнаймыз?<br>Қыс туралы кім тақпақ айтады? | Ақ<br>Жоқ<br>Қолғап, баскиім, етік, пальто<br>Қармен, шанамен<br>Әмина айтады |

| | | |
|---|---|---|
| | Мнемо кестемен айту.<br>Балалар қане енді барлығымыз бірге тақпақ айтайықшы<br>Қысқы киімдерді құрастыру.<br>Қолғап,баскиім, тон,байпақ.<br>**Сергіту сәті:**<br>1. Тоңса егер қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт-сарт,сарт-сарт,<br>Шапалақтап соғамыз<br>2. Тоңса егер аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ,топ-топ<br>Топылдатып билейміз<br>3. Тоңса егер денеміз,<br>Тонды киіп аламыз.<br>Зу-зу, зу-зу<br>Шанамен біз зулаймыз<br>**Ғажайып сәт: (Хат келді оқу)**<br>Аққала балалардан достарын тауып беруін сұрайды.<br><br>Балалар Аққалаға көмектесемізба?<br>Дәстүрден тыс сурет салалу:<br>- Балалар сурет салып Аққалаға достарын табуға көмектесті көмектесті.<br>- Балалар Аққаланың достарын тауып береді<br>Дауыс. Аққаланың | Барлығы бірге Қыс туралы тақпақ айтады. (2 рет қайталау)<br><br>Жай әуенмен қосылады<br><br>Есік қағылып ішке Аққала келеді.<br><br>Балалар ия деп жауап береді.<br><br>Жай әуенмен<br><br>Балалар қимылмен көрсетеді.<br><br>Жай әуенмен |
| **Рефлекстік түзету** | Балалар бүгін біз кімге көмектестік?<br>Балалар біздер не құрастырдық?<br>Балаларды мадақтау.<br>- Не туралы тақпақ айттық? | Көмектескендеріне қатты қуанды.<br>Аққала<br>Қыс |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу:** Қыс туралы тақпақ біледі.
**Игеру:** Мейрімділікке Аққалаға қамқор болуға.
**Меңгеру:** Тапсырмаларды дұрыс орындауды меңгеру.

# «КҮЗГІ ЖАПЫРАҚТАР»

**Н.Т. КАНГОЖИНА**
**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының тәрбиешісі**




**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, слайд.

**Тәрбиешінің іс - әрекеті: Шаттық шеңбер:**

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды күніміз
Жарқырайды даламыз
Қайырлы таң достарым
Қайырлы таң қонақтар

**Тәрбиеші:** Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін таба аласыңдар ма?

**Тәрбиеші:** Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезені торлайды
Қар омбығып,
Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?

**Балалар:** Қыс мезгілінде.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар. Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

**Балалар:** Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілінде неше ай бар?
- 3 ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан
- Қыста күн қандай болады?
- Суық, аяз, боран.
- Енді, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?
- Дала аппақ қар, ақ мақта сияқты

**Тәрбиеші:** Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?

**Балалар:** Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.

**Тәрбиеші:** Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?

**Балалар:** Адамдар жылы киінеді.

**Тәрбиеші:** Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

**Балалар:** Қардан аққала соғамыз, сырғанақ жасаймыз, шана, шаңғы тебемез.

**Тосын сәт:** Қоянның жылаған дауысы естіледі.

**Тәрбиеші:** - Балалар кәне бәріміз осы мултфилмге назар аударайық, қоянның жылаған даусы осы жақтан естіліп тұрған сияқты

Балаларға «Қоянның үйшігі» мультфильм көрсету

**Тәрбиеші:** - Балалар түлкі қоянға не істеді?

- Ендеше біз қоянға көмектесеміз бе? Қоянға үйшік жасап берейік

**- Балалар:** Көмектесеміз. Сендердің алдарында ұйшік және шыршаны суреті жатыр

- Мынау менің қолымда не?

**- Балалар:** Мақта

- Балалар біз мақтаны қандай түске боядық
- Слайд көрсету
- Шыршаны жасыл түспен безендіреміз, үйді қызыл түспен, үйден жегін мақтамен қар жасаймыз
- Желімді жағып, мақ тамен жапсырамыз.

**Сергіту сәті:** Саусақтарым тұрыңдар, Сапты бірге құрыңдар, Желмен бірге майысып, Оңға, солға бұрыңдар.

Ақ түсті гуащь бояуына мақта таяқшалармен батырып, көк түсті қағазға тамызып, бояуды түтікшемен үрлеп, қар ұлпасының суретін бейнелейді.

**Қоян:** Балалар, сендерге көп рахмет. Өте қызықты болды бүгінгі іс - әрекеттерің. Енді қайтайық, қош сау болыңдар.

**Қорытындылау**

**Тәрбиеші:** Жүректен жүрекке,
Қол ұстасып тұрайық,
Достық әнге салайық,
Сау - саламат болайық.

**Күтілетін нәтиже:** Не алды? Қыс қызығын тамашалады.

Не білді? Қыс мезгілі туралы мағлұмат алды.

Не істей алды? Балалар түтікшемен қардың және құм, жарма, ас тұзын пайдалана отырып жарық түсірілген әйнекке саусақ қимылдары арқылы сурет салды.

# ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

**С.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА**
**№20 «Дидар» бала бақшасының тәрбиешісі**
**Ақтөбе қаласы**



**Мақсаты:** Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Үстел үсті және шарлар театры арқылы сөздік қорын молайтып, диалогты сөйлеу мәдениетін әрі қарай дамыту. Логикалық ойлауын жетілдіріп, адамгершілік тәрбиесіне баулу.

**Билингвиалды компонент:** қыс-зима-winter, ертегі-сказка-fairy tale.

**Барысы:** Балаларды шеңберге тұрғызу.

**Шаттық шеңбер:**

Үлкен шеңбер құрайық,
Алақанды ұрайық.
Күлімдесін күн де,
Күлімдейік біз де.
Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық,
Таза ауаны салайық,
Жүрек жылуын салайық,
Енді бәрін қонақтарға сыйлайық.

**Жұмбақ:**

Аяз қысып, өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып, бет домбығып,
Сырғанап балалар ойнайды.
Айтыңдаршы бөбектерім,
Бұл қай мезгілде болады?

**Балалар:** Қыс мезгілінде.

**Сұрақ-жауап:**

**Тәрбиеші:** Дұрыс, балалар. Ал қазір қандай жыл мезгілі?

**Балалар:** Қазір қыс мезгілі.

**Т:** Балалар қыс деген сөзді үш тілде айтып көрейік. Менің артымнан қайталаңдар: қыс-зима-winter.

**Т:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші.

**Б:** Қыста күн салқын болады, аяз болады, қар жауады, боран болады және т.б.

**Т:** Қыс мезгілінде неше ай бар?

**Балалар:** Қыс мезгілінде үш ай бар. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

**Т:** Қазір қандай ай?

**Балалар:** қазір ақпан айы.

**Т:** Қыс мезгілі туралы тақпақ білесіңдер ме?

**Тақпақ:**

Қыс айлары көңілді,
Ақ қар жапты өңірді.
Үйренеміз жалықпай,
Коньки, шаңғы тебуді. (Балалар бірге айтады)

**Т:** Жарайсыңдар, өте ақылды екенсіңдер.

(Тәрбиеші есік қасында хатқа назар аударады)

**Т:** Балалар, қараңдаршы бізге біреу хат әкелген. Кәне, ашып оқиық. Кімнен екен?

**Хатты ашып оқиды:** Сәлеметсіз бе! Мен Машамын. Мен туралы ертегілерден естіген боларсыңдар. Мен, қысқы орманға серуендеп барғанмын. Ал мені Қыс ханшайымы ұстап, өзінің қарлы үйіне қамап қойды. Мында өте салқын.Үйіме барғым келеді. Атам мен әжемді сағындым. Мені құтқарыңдаршы!!!

**Т:** Машаны құтқарамыз ба? Қысқы орманға барамыз ба? Ертегілер әлеміне енеміз бе?

Балалар. Иә!!!

**Т:** Балалар,ертегі сөзін үш тілде айтып көрейікші: ертегі-сказка-fairy tale. Жарайсыңдар!

**Т:** Ендеше, бәріміз автобуспен қысқы орманға барамыз. Кәне, кеттік!

(«Ертегілер» әні қосылып, безендірілген қысқы орман алаңқайындағы орындықтарға барып отырады)

**Т:** Балалар, міне біз де қысқы орманға келіп қалдық. Қысқы орман әдемі ме?

**Балалар:** Иә!

(Осы кезде Қыс ханшайымы алаңқайға келеді)

Қыс ханшайымы (ашулы дауыспен айтады): Кім? Кім менің қарлы патшалығыма келген?

**Т:** Балалар, кәне, Қыс ханшайымымен амандасайық.

**Балалар:** Сәлеметсіз бе!

**Қыс ханшайымы:** Амансыңдар ма! Менің патшалығыма қайдан келдіңдер? Не істеп жүрсіңдер?

**Т:** Қыс ханшайымы, біз Машаны іздеп жүрміз.

**Қыс Ханшаймы:** Ха ха ха! Жалғыз өзі орманда

серуендеп жүр екен. Мен оны үйіме кілтеп қойдым. Енді ол менің үйімді жинап, маған қардан дәмді тағамдар пісіреді.

**Т:** Балалр, орманда немесе көшеде жалғыз серуендеп немесе ойнап жүруге бола ма?

**Б:** жоқ.

**Т:** Қыс ханшайымы, Машаны кешірші, оны жіберші, ол кішкентай қызғой. Атасы мен әжесі жылап жатқан болар.

**Қыс ханшаймы:** Ммм, егер сендер менің тапсырмаларымды орындай алсаңдар, жіберемін.

**Т:** Балалар, тапсырмаларды орындаймыз ба?

**Б:** ИӘ!

**Бірінші тапсырма:** «Жұмбақтар жасыру»

**Айназ:** Суда мұз бар, Жердеқар бар.

Боран боп соғады,

Бұлқаймезгілдеболады? (Қыс)

Жалт-жұлтетеді,

Ұстасан еріп кетеді. (Қар)

**Перизат:** Қыста ғана болады,

Ұстасан қолың тонады. (Қар)

Қолы жоқ сурет салады,

Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

(Жұмбақтардың жауабын тапқан сайын, слайдта сызықтармен жабық тұрған шалқанның суреті ашылады)

**Т:** Балалар, ненің суреті шықты?

**Б:** Шалқанның.

**Қыс ханшайымы:** Дұрыс, ендеше екінші тапсырма «Шалқан» ертегісін сомдау.

**Т:** Балалар, «Шалқан» ертегісін үстел үсті театры арқылы сомдаймыз. Кәне, еріктерімен айтындар, қай кейіпкерді сомдайсыз. (автор, ата, әже, немере қыз, күшік, мысық, тышқан)

**Т:** Жарайсыңдар, балалар!

Ертегіні өте жақсы сомдадыңдар.

Балалар, шаршаған боларсыңдар, кәзір сергіп алайық. Орнымыздан тұрайық.

**Сергіту сәті:**

Боран соғады оң жақтан,

Боран соғады сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Су өтеді қолғаптан.

Қыс Ханшайымы: Жарайсыңдар, ал сендер ертегілерді білесіңдерме?

**Балалар:** Иә!

**Үшінші тапсырма:** «Ертегінің атын тап?»

Слайдта көрсетілген ертегі суретіне қарап, қай ертегі екенін айту керек.

**Қыс ханшайымы:** Жарайсыңдар! Ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер, рахмет!

**Т:** Төртінші тапсырма мына жұмбақты шешкенде белгілі болады:

Қашып кеткен атадан,

Қашып кеткен әжеден.

Орманда кеше жүреді,

Домалап шықты алдымнан. (Бауырсақ)

**Төртінші тапсырма:** «Бауырсақ» ертегісін шарлар арқылы сомдау.

(Шарға кейіпкерлердің суреті жапсырылады, балалар қолдарына ұстап ойын түрінде сомдайды)

Ата, Әже, Бауырсақ, Қоян, Қасқыр, Аю, Түлкі.

**Т:** Керемет, балалар, өте жақсы сомдадыңдар! Енді бесінші тапсырмаға назар аударайық. Жеке жұмыс.

**Бесінші тапсырма:** «Лақтарға дұрыс жол тап» («Жетілақ» ертегісі бойынша).

**Шарты:** Лақтарды анасына апаратын жолдың үстінен сызып бастыр. Егер жолдан қателессең, лақтар қасқырға барып, қасқыр лақтарды жеп қояды.

(Балалар үстел жанына барып сызады. Бір бала тақтаға келіп көрсетіп, сызады)

**Қыс ханшайымы:** Жарайсыңдар, қандай ақылды балаларсыңдар. Тапсырманың бәрін жақсы орындадыңдар. Ендеше мен Машаны жіберейін.

(Есіктің арғы жағынан Машаны ілестіріп келеді)

**Маша:** Рахмет, сендерге балалар! Сендер көмектеспегенде не істередім. Тоңып, қамауда жүрер едім. Қыс ханшайымы, сізге де рахмет. Мен енді үйімнің қасынан ешқайда кетпеймін. Балалар, сендер де орманға, көшеге жалғыз ойнап бармандар, жарайма!?

Менің сендерге сыйлығым бар, Салтанат Нағыметиярқызына берейін, ол сізге кейін береді. Мен атам мен әжемді сағындым, үйіме қайтайын. Сау болыңдар!

**Т:** Біздің қайтатын уақытымыз болды. Қыс ханшайымы, балаларға енді ұрынба, сау бол!

**Балалар:** Сау болыңыз, қыс ханшайымы!

**Т:** Балалар, автобуспен балабақшаға қайтайық.

(Бәрі бірінің артынан бірі жүріп қайтады)

**Қорытынды: Сұрақ-жауап:**

Біз қайда бардық?

Кімге көмектестік?

Қандай тапсырмалар орындадық?

Сендерге оқу қызметі ұнады ма?

(Балалар жауап беріп, өз әсерлерін айтады)

**Тәрбиеші:** Осымен оқу қызметіміз аяқталды. Рахмет, балалар! Қонақтармен қоштасайық.

**Балалар:** Сау болыңыз!

(Тәрбиеші балаларға Машаның сыйлығын үйлестіреді)

# «БАЛА ТІЛІ – БАЛ»

**И. МЕШІТХАНҚЫЗЫ**
**«Гаухар» бөбекжайы-бақшасының тәрбиешісі**
**Ақтөбе облысы Қобда ауданы,**
**Талдысай ауылы**

**Мақсаты:** Балалардың шапшаң, тез ойлау қабілеттерін дамыту.

**Дамытушылық:** Балаларға тест сұрақтары жыл бойғы үйренгені мен білгенін сайыс сабағы арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар, еркін сөйлеуге, ой-өрісін, орындарда өздерін ұстай білуді дағдыландыру.

**Тәрбиелік:** Адамгершілік, кішіпейлділік, ұйымшыл, ұстамды, дұрыс сөйлеу мәдениетін беру, баулу, тәрбиелеу.

Қымбатты әріптестер, қонақтар және біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз! «Ортаңғы топта не үйреніп, не білдік» «Бала тілі – бал» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Сайысымызға үш балдырған қатысқалы отыр. «Білімді мыңды жығар, білікті бірді жығар» - дегендей ортаға үш сайыскер балаларымызды шақырып алсақ.

1-ші бүлдіршініміз Алтын Санатқызын ортаға шақырамыз

2-ші бүлдіршініміз Алихан Жанібек ұлын

3-ші бүлдіршініміз Кәусар Абзалқызын қошеметтеп ортаға шақырайық.

Төрт құбыламыз тең болған сияқты, олай болса сайысымызды бастайық.

Балақайлар ең алдымен сайыс ережесімен таныстырайын:

**Сайыс 4 бөлімнен тұрады:**

1. Ширату,
2. Ойлан тап,
3. Бұл қай кейіпкер?,
4. Ертегілер елінде, - деп аталады.

Ендеше 1 - ші бөлімге кезек берейік. «Ширату»

Ойынның шарты: Мен сендерге суретті тест сұрақтарын жасырамын. Ол сұрақтар сендердің өткен оқу қызметтеріңдегі тақырыптарға байланысты болмақ. Сұраққа бірінші жауап беру үшін, алдарыңызда тұрған әуенді ойыншықтын тетігін басасыңдар яғни түртіп дыбыс шығарасыңдар. Дұрыс жауапқа асық үйлестіріп отырамын, жауап бермеген жағдайда асық берілмейді.

**1 сұрақ:** Не ұшады?

1) Кеме
2) Қарға
3) Машина

**2 сұрақ:** қыздардың ұлттық бас киімін тап?

1) Тымақ
2) Сәукеле
3) Малақай

**3 сұрақ:** доп қай геометриялық пішінге ұқсайды?

1) Үшбұрыш
2) Шаршы
3) Шеңбер

**4-сұрақ:** Қазақстан Республикасының туының түсі қандай?

1) Көк
2) Қызыл
3) Сары

**5-сұрақ үй жануарын тап?**

1) Қасқыр
2) Сиыр
3) Қоян

**6-сұрақ: жабайы жануарды тап?**

1) Аю
2) Жылқы
3) Қой

Кезекті «Ойлан тап» бөліміне берсек. Балақайлар мен сендерге ойынның ережесін түсіндіріп өтейін. Бір зат атаулысын суреттеп, сипаттап айтып беремін. сендер соның қандай зат екенін табуларың керек. Ойынның шарты түсініктіме?

**1-ші сұрақ:** ол қазір көптеген үйлерде бар. Ол төртбұрышты. Теледидарға ұқсайды. Біз одан көптеген мәліметтер аламыз. Ойындар ойнаймыз. Ол арқылы ғаламторға шығамыз. Оның тышқан деп аталатын құрылғысы бар. (Компьютер)

**2-ші сұрақ:** Ол жүреді. Оны біздің папаларымыз жүргізеді. Ол жанармай арқылы жүреді. Оның төрт дөңгелегі бар. Түстері әртүрлі. Бір жерге барсақ соған мініп барамыз. (Машина)

Балақайлар көзді ашып жұмғанша 3-ші бөлімге де келіп жеттік.

**Үшінші бөлім: «Бұл қай кейіпкер?»**

**Ойынның шарты мынандай:** мен сендерге ертегі кейіпкерлеріне байланысты сұрақтар қоямын. Соған жауап берулерің керек.

**1-сұрақ: Қазақ халқының ертегісін тап?**

1) Бауырсақ
2) Ұр тоқпақ
3) Шалқан

**2-ші сұрақ:** Мақтақыз бен мысық ертегісіне қай кейіпкер қатыспайды?

1) Қоян
2) Сиыр
3) Терек

**3 сұрақ: жеті лақ ертегісіндегі жағымсыз кейіпкерді тап?**

1) Ешкі

2) Лақ

3) Қасқыр

Үшінші бөлімді де аяқтадық, Балақайлар соңғы, әрі ақтық бөлімге де жетіп қалыппыз. Олай болса 4-айналым «Ертегілер елінде» ертегіден үзінді тыңдатамын сендер оның қай ертегі екенін табасыңдар. Ойынның шартын түсіндіңдер ме?

**1-ші ертегі: «Сыйқырлы жүзік»**

**2-ші ертегі: «Кім күшті»**

**3-ші ертегі: «Мұрагер»**

Жарайсыңдар балақайлар, қандай тапқыр едіңдер! Төрт бөлімде де өздеріңді жақсы көрсетіп шықтыңдар! Осымен «Бала тілі - бал» атты интеллектуалдық сайысымыз өз мәресіне жетті. Жарыс болған соң жеңімпаз болуы тиіс. Кім асықты көп жинады сол жеңімпаз болады қанекей санайық.

Құрметті қонақтар, апайлар, сіздер бүгін «Бала тілі – бал» атты іс-шарамызды тамашаладыңыздар. Уақыт бөліп келгендеріңізге көп – көп рақмет! Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын. Сау болыңыздар!

**Күтілетін нәтиже:**

**Баланың білуі:** Ой-өрісі, орындарда өздерін ұстай білуді

**Баланың меңгеруі:** дұрыс сөйлеу мәдениетін, сұрақтар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар, еркін сөйлеуді.

# «БАЛА ТІЛІ – БАЛ»

**Қ.А. НҰРЖАУОВА**
**№34 «Таңшолпан» МДҰ**

**Мақсаты:** Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиалын дамыту; Көлікті жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету; Желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуға баулу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сүрткіш.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап, дьенеш блоктарын қолдану.

**Сөздік жұмыс:** көлік-машина

**Тәрбиеші:** Балалар, мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын.

**Сәлемдесу.**

**Шаттық шеңбер:**

Ашық менің жүрегім
Ылғый күліп жүремін.
Бірге ойнап бір жүрер
Достарым көп, білемін !

**Тәрбиеші:**

– Жарайсыңдар балалар.

– Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде көліктер әлеміне саяхат жасаймыз. Ол үшін біз автобусқа отырамыз.

**Балалар:** – Алақай, көліктер әлеміне саяхат жасаймыз деп қуанады.

**Тәрбиеші:** – Балалар біреу есік қағып тұрған сияқты, тыңдаңдаршы. Балалар тыныштала қалды.

**Тәрбиеші:** – Бұл Нұрәділ ғой

– Оның көңіл күйі жоқ сияқты, өзінен сұрап көрейік.

**Нұрәділ:** – Мен күнде әдемі көлігіммен серуенге шығатын едім, енді ол бұзылып қалды, маған жаңасы керек болып тұр дейді.

**Тәрбиеші:** – Нұрәділге жаңа көлік жасауға көмектесеміз ба?

**Балалар:**

– Көмектесуге дайынбыз.

– Нұрәділ сенде бізге қосыласын ба?

**Нұрәділ:** Әрине

– Нұрәділ балалардың жанына отырады.

**Тәрбиеші:** – Бүгін біз көлік жапсыруды үйренеміз.

– Мен сендерге көліктер туралы әңгімелеп берейін.

– Көлік түрлері көп: суда (қайық, кеме, желкенді қайық), ауада (ұшақ, тік ұшақ), жерде (мотоцикл, поезд, автобус, жүк көлігі т.б) көлік түрлері бар.

– Машина жеңіл көлік түріне жатады.

**Балалар:** – Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдайды.

**Тәрбиеші: –** Балалар машинаның пішіні қандай?- Ал оны қандай көлік түріне жататынын білесіңдер ма?

**Балалар:** – Машина жеңіл көлік түріне жатады.

– Оның көлемі үлкен және пішіні шаршы тәріздер.

**Ойын: «Даусынан тап»**

**Ойынның шарты:** Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың, ұшақтың, жүк көлігінің) дыбыстары естіледі.

**Балалар:** Қандай дыбыс естігендерін қайталап, қандай көлік түрінің дыбысы екендігін табады.

**Тәрбиеші:** Ал енді балаларбіз Нұрәділге жаңа көлік жасау үшін балабақшамызға барып жасап берейік.

**Балалар:**

– Автобусқа отырып балабақшаға келеді.

**Тәрбиеші:**

– Қазір біз машина бөліктерін геометриялық пішіндерден жапсырамыз.

– Ең алдымен негізгі бөлігін жарты шеңберді жыртып жапсыру, ал терезелерін шаршыдан, дөңгелектерін шеңберден жапсырамыз.

– Сонымен қатар оның шамдары болады.

**Сергіту сәті:** Біз кішкентай баламыз.

Өсіп өніп толамыз,

Күнге қарай талпынып.

Көкке қолды созамыз.

**Тәрбиеші:** – Балалар, Айсұлтанның көңіл күйін тезірек көтеру үшін жұмысты бастайық. Тәрбиеші жапсыру жұмысы кезінде қиналған балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

– Енді машиналарымызды Нұрәділге сыйлайық.

Нұрәділ балаларға рахмет айтып шығып кетеді.

**Дид.ойын: «Мозайка құрастыру»**

**Тәрбиеші:**

Балалар, бүгін біз кімге көмектестік?

– Көліктер әлемінде не істедік?

– Қандай көлік түрлерімен таныстық?

– Сендерге жасаған жұмыстарың қызық болды ма?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

**Тәрбиеші:** – Жарайсыңдар балалар, сіздерге көп рахмет, осымен бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі аяқталды.

# «ҮЙ ЖАНУРЛАРЫ»

**М.М. ТАЖБАГАМБЕТОВА**
**№45 «Алтын бала» бөбекжайы тәрбиешісі**
**Ақтөбе қаласы**



**Білімділік міндеті:** Балалардың үй жануарлар және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, оларды бір-бірінен ажырата білуді және дұрыс атауды бекіту.

**Дамытушылық міндеті:** Үй жануарларының дыбыстарына дұрыс еліктеуін қадағалау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту, ұсақ қол моторикасын дамыту үшін заттармен нәзік қимылдар жасауды қалыптастыру. Ойын барысында балалардың сөздік қорларын, сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** Үй жануарларына қамқор болуға, мейірімді болуға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын

**Көрнекі құралдар:** руль, билет үшінгеометриялық пішіндер, үй жануарларының ойыншықтары, үй, күн, әр түсті күннің шуақтары, әтеш ойыншығы. «Төлдерін тап та, ата» дидактикалық ойыны, үй жануарларының өнімі сүт, айран, май, жұмыртқа, ет, жүн, қыстық қолғап.

**Тәрбиеші:** Балалар бүгін бізге топқа қонақтар келіпті. Кәне бәріміз амандасайық.

– Сәлеметсіздер ме - здравсвуйте - Goodmoning Шаттық шеңберін құрады. Күннен қуат алайық. алақанға салайық. Жүректен жылу алайық. Алақанға салайық. Алақандағы жылуды қонақтарға сыйлайық.

**Балалар:** Балалар қонақтармен үш тілде амандасады, тәрбиешімен бірге шаттық шеңберіне тұрып, қимыл-қозғалыстарын жасайды.

Әтештің шақырған дауысы

- Бұл ненің дауысы?

Ол қайдан шығады?

Әтеш қайда өмір сүреді?

Ауылда

- Олай болса бәріміз автобуспен ауылға барайық. Автобусқа отыру үшін билет керек.

Мен сендерге геометриялық пішіндері бар билет берем сондай пішіндерді орындықтардан тауып отырасындар. Балалардан пішіндерді, түстерін сұрау.

**Балалар:** Билет алып автобусқа отырады.пішіндерді және түстерін атайды.

Ауылға келеді. Қуанады, амандасады.

Музыка әуенімен ауылға келеді. Әтеш ойыншығын көрсету.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

– Сәлеметсің бе, әтеш!

**Тәрбиеші:** Балалар, әтешке күнді оятуға

көмектесейік. Қарандаршы күн оянды, неге шуақтары жоқ?

– Қазір қай мезгіл?

Күз мезгілі. Сондықтан жылуын аз шашып тұр. Күннің шуағы бізді қатты жылытады.

**Балалар:** күнге шуақ жасап береді

**2-тапсырма.** Күнге шуақ жасап берейік.

– Міне, күн де оянды. Оянды да күлді. Ол қандай әдемі. Әтештің ку-ка-ре-ку деп шақырған дауысы шығады.

– Балалар, әтештің әдемі дауысынан жануарлар да ояныпты. Үй жануарларының да дауыстары шығады.

**Тәрбиеші:** Әтеш тағы нені оятты? Сиырды

– Тағы нені оятты? Жылқыны

– Тағы нені оятты? Қойды

– Тағы нені оятты? Ешкіні

– Тағы нені оятты? Итті

Жарайсыңдар, балалар. Неге оларды үй жануарлары дейміз? Біз оларға қамқор боламыз, тамақтандырамыз, шөп, су береміз.

– Үй жануарларының адамға пайдасы бар.

– Сиыр бізге не береді? Сүт-Жылқы не береді? Көлік ретінде

– Қойдың қандай пайдасы бар?

– Ешкінің қандай пайдасы бар? жүні, сүті

– Иттің қандай пайдасы бар?

– Мысықтың қандай пайдасы бар?

**Балалар:** Олар адамның жанында өмір сүреді. Сиыр сүт береді.

Жүні пайдалы.

Үйді күзетеді. Тышқан ұстайды

Олар туралы қандай тақпақтар білеміз. Үй жануарлары туралы тақпақтар айту.

Шөре-шөре лағым!

Тентек болма, шырағым.

Секектеме деміңді ал.

Селтендемей құлағың.

**Тәрбиеші:** Ауылдың ауасы қандай таза, дем алыңдаршы. Біраз демалып алайық.

**Балалар:** Мұрынмен демалады

**Сергіту сәті:** Төлдер әні

Балалар өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасайды. Төлдер туралы видео ролик қосылады.

**Әже келеді:** сәлеметсіңдер ме, балалар, менің ауылыма қош келдіңдер. Маған сендердің көмектерің керек болып тұр, жайлауда жайылып жүрген төрт түлігімнің төлдерін таба алмай жүрмін, тауып бересіңдер ме?

**Тәрбиеші:** Көмектесеміз бе? «Төлін ата да анасын тап» дидактикалық ойны.

Ойын барысы: Балалар төлдерді атап, олардың аналарын табуға талпынады.

– Бұл не? – Бұл не? – Бұл не? – Бұл не? Сиыр сендерге рахмет айтып жатыр. – Мө-мө (Бұзау мө-мөдейді) – ешкі, қой да рахмет айтты мә-мә.

**Балалар:** Ойынды қызыға ойнайды. Балалар төлдерді атап, енлерін табады. Бұзау Құлыншақ Қозы Ешкі, күшік. Дауыстарына еліктейді.

**Әже:** рахмет жарайсыңдар, біздің ауылдың бауырсағынан дәм татыңдар, сендерге арнайы пісіргенмін деп бауырсақ таратады.

**Тәрбиеші:** Әтештің дауысы шығады. Балабақщаға қайтатын уақыт болды. Автобусқа отырып, ауылға қайтады. Музыка әуені

– Бүгін біз қайда қонаққа бардық? – Әтеш қандай жануарларды оятты? – Неге оларды үй жануарлары деп атаймыз?

**Балалар:** Әтештің дауысын естиді. Әтешпен қоштасады.

Балалар балабақшаға қайтады.

Біз оларға қамқор боламыз.

– Көмектескендерің үшін сыйлық берді.

– Сабақ ұнады ма?

Қонақтармен қоштасу.

Сау болыңыздар. Досвидания - Gud-bye.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** үй жануарларын және төлдерін атайды, дыбысқа еліктейді.

**Түсінуге тиіс:** Үй жануарлары адамның қасында өмір сүреді, қамқор болу керек.

**Істей білу керек:** сұрақтарды тыңдайды және жауап береді. Оқу іс-әрекетінде алған білім дағдыларын әңгіме барысында пайдаланады.